

ДӘЛЕЛ-ДӘЙЕКТЕРІМЕН НАМАЗ ОҚУ ҮЛГІСІ

(Ханафи мәзһабы бойынша)

Абдусамат ҚАСЫМ

Түзетулер мен толықтырулар енгізілген

II-басылым

 Islam.kz

Астана, 2016 жыл

УДК 28
ББК 86.38
Қ 00

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған**

Қасым А.

Қ 00 Дәлел-дәйектерімен намаз оқу үлгісі – Астана;
2016 – 130 бет. II-басылым

ISBN

Асыл дініміздегі құлшылықтың қай түрін алсақ та өзіндік орны мен артықшылығы бар екені сөзсіз. Және олардың әрқайсысы Құран мен хадиске сүйенеді. Құлшылықтың ұлығы намаз да осы тәсілмен реттелген.

Сіздерге ұсынылып отырған мына кітапшада Ханафи мәзһабы бойынша намаз оқу үлгісін хадистерден дәлелдер келтіре отырып әзірледік. Еңбек барша оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38
ISBN

© «Самат Қасымов», 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Намаз – діннің тірегі, құлшылықтың ең абзалы. Исламның негізгі бес парызының бірі. Намаз – өзін мүсылман санайтын кісіні Жаратушысына мойын сұндырып, қанағат пен өзге де қайырлы қадамдарға бастайтын ғибраты мол ғибадат. Сондай-ақ, ол – жат әдеттер мен арсыздықтан тыятын, азғындықтан сақтайтын құлшылық һәм рухани азық. Қысқасы, намаз – жұмақтың кілті. Сондықтан да, намазды дұрыс орындау – мүсылмандар үшін ең маңызды міндет. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мен намазды қалай оқыған болсам, сендер де солай оқындар!», – деп, бекер өсиет етпеген. Тағы бір хадисінде Алла елшісі (с.а.у.) намазға былайша анықтама берген: «Уа, үмбетім һәм сахабаларым! Бүкіл шарттарына сай толық орындалған намаз – Алла тағала жақсы көретін істердің ең мәртебелісі, пайғамбарлардың сүннеті, періштелердің ең сүйкімді ісі, жер мен көктің нұры, тән саулығының қайнар көзі, рызық-несібенің берекесі, дұғалардың қабыл болуына септігін тигізетін себептердің үлкені, жан алғыш періштеге араша түсетін шапағатшы, қабір әлемінде Нәңкір мен Мүңкір атты періштелердің азабынан құтқаратын жауап. Қиямет күнінде – жанға сая. Жәһаннам отына тосқауыл қоятын перде. (Қылдан жіңішке, қылыштан өткір) Сират көпірінен жай отындай жарқ еткізіп өткізетін пырақ. Жұмақтың кілті. Жұмақ жұртында киер тәжің. Алла Тағала мүміндерге намаздай маңызды құлшылық жүктемеген. Егер намаздан артық ғибадат түрі болғанда, Алла тағала құлдарына соны міндеттер еді. Шын мәнінде, періштелердің бір шоғыры ұдайы намаздың қиямында, тағы бір бөлігі үнемі рүкүфта,

тағы бір тобы сәждеде, енді біреулері тәшәһһуд қалпында құлшылық етіп тұр. Міне, осылайша құлшылықтың хикметке толы қасиеттерін бір рәқағат намазға жинақтап, мүміндерге сыйлады. Ақиқатында, намаз – иманның басы, діннің тірегі, Исламның сөзі әрі мүміндердің мигражы».

Қасиетті Құран Кәрімде былай айтылған: **«Шын мәнінде, намаз барша азғындықтан, жағымсыз мінез бен жат әдеттен арылтады. Үнемі Алланы еске алып жүру – құлшылықтардың ең ұлысы».** («Анкәбут» сүресі, 45-аят)

Ардақты Пайғамбарымыз да хадистерінің бірінде адамның рухани таза болуында намаздың рөлі маңызды екендігін былай жеткізеді. Ол (с.а.у.): *«Сендердің араларыңнан бір адамның есігінің алдында өзен ағып, сол өзенге күніне бес рет шомылса, ол адамда кір қала ма?» – деп сұрағанда, сахабалар: «Жоқ қалмайды», – деп жауап қайырады. Сонда Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Судың кірді тазалайтынындай бес уақыт намаз да күнәларды тазалайды»», - деген екен.* (Бухари, Мауақит,6.)

Алайда, біз осы намазды қалай оқып жүрміз? Бүгінгі таңда осындай ұлы құлшылықты орындау тәртібіне байланысты түрлі пікір қайшылықтарына жол беріп жүргеніміз жоқ па? Бұл пікір қайшылығы негізінен намазды мәзһаб бойынша оқуға немесе мәзһаб атаулыны мүлдем ұстанбауға байланысты өрбіп жүргені өтірік емес қой. Мысалы, қайсыбір мүсылмандар: «Пайғамбарымыздың сөзі артық па, мәзһабтың «айтқаны ма?» немесе «Ханафи мәзһабындағы үкімдердің денін Әбу Ханифа өз ойынан шығарған, хадистерге мән бермейді» деп, сүннет пен мәзһабты екі түрлі жол етіп көрсеткісі келеді. Содан

келіп, елдегі мұсылмандар арасында алауыздық туып, ауызбірлікке сызат түсіп отыр. Құлшылықтарын ғасырлар бойы қалыптасқан діни жөн-жоралғы бойынша орындап жүргендердің көңілдерінде күмән пайда болғаны да жасырын емес.

Сондықтан да, ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетіне сай намаз оқу үлгісін түсіндіретін еңбектің қажет екенін ескере отырып, соның ішінде, Ханафи мәзһабы бойынша намаз оқудың үлгісін ықшамдап беруді жөн көрдік.

Негізінде, мәзһаб «жол», «бағыт», «көзқарас» деген мағыналарды білдіреді. Басқаша айтқанда, арнайы тәсілдер мен ережелер арқылы Құран мен сүннеттен алынған үкімдер мен көзқарастар жиынтығын «Мәзһаб» дейміз. Ендеше, мәзһаб ойдан шығарылған жол емес. Керісінше, Пайғамбар сүннетін ең сауатты түрде жүзеге асырудың сенімді мектебі. Әрине, шариғат үкімдерінің ең негізгі қайнар көзі Құран және хадис екені күмәнсіз. Алайда, онда айтылған әр сөздің бірнеше астары, терең мағынасы болуы мүмкін. Кей жағдайда хадистердің, бір қарағанда, бір-біріне кереғар көрінетін жерлері де бар. Сонымен қатар, хадистердің «сахих лизәтиһи», «сахих лиғайриһи», «хасан лизәтиһи», «хасан лиғайриһи», «әлсіз», «жалған», «мутауатир», «ахад», «мәшһур», «ғариб» сияқты сенімділігі жағынан әр түрлісін кезіктіресіз. Үкім шығаруда олардың да әсері болмай қоймайды. Осыған байланысты кез келген адамның оларды терең талдап, аражігін ажыратып, шариғи үкім шығара алмайтыны анық. Сол себепті, Әбу Ханифа сияқты Құран ілімімен қоса хадис ілімін, мантық (логика), ижма, қияс (қисын) сияқты, фикһ негіздерін т.б. ислами

ілімдерді жетік білген мүжтәһидтің шығарған үкімдерімен әрекет етсек, оның несі айып?!

Имам Ағзам мәзһабының «Ханафи» деп аталуының өзі тегін емес. Аталмыш мәзһабта адамның барлық қажеттілігі, адамның басында кездеспей тұрмайтын барлық жағдай ескерілген. Астамдық пен нұксандықтан ада, орта жолдан ауытқымауды басты мақсаты еткен бұл мәзһабты Әбу Ханифа қалыптастырғандықтан, оның есімімен аталатынын айта кету керек.

Әбу Ханифа – Ислам ғылымдарын жетік меңгерген көрнекті тұлға. Оның қырық мыңнан астам шәкірті болған, солардың төрт мыңынан астамы мүжтәһид (ғылымның ең үстіңгі деңгейі) дәрежесіне жеткен. Әрі осы ғасырға дейін сол жолды ұстанып келе жатқандардың арасынан мүжтәһидтердің де шыққанын айта кету керек.

Ханафи мәзһабы дүние жүзіне барынша кеңінен тараған мәзһаб болып табылады. Қазіргі таңда ханафи мәзһабы – Түркия, Балқан түбегі, Албания, Босния-Герцеговина, Украина, Қырым, Әзербайжан, Дағыстан, Татарстан, Башқұртстан, Кавказ, Қазан, Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай, Жапония мұсылмандарының ресми мәзһабы. Ал Ауғанстан, Хоросан, Үндістан, Кашмир, Сирия, Ирак пен Пәкістан мұсылмандарының көпшілігі Ханафи мәзһабын ұстанады.

Біздің өңірге Исламды алып келген осы Ханафи ғұламалары екендігін естен шығармау керек. Ханафи мәзһабының алғашқы буындары саналатын Әбу Юсуф, Имам Мұхаммед, Зуфар, Хасан ибн Зияд сынды мүжтәһид ғалымдардың тәрбиелеген шәкірттері Хорезм, Батыс Түркістан, Хоросан мен Мавраннахр сияқты халқы

жаңадан мұсылман болған аймақтарға барды. Онда ұстаздары үйреткен діни ілімді тарату мен жайылуына сүбелі үлес қосты. (С.Сейтбеков, «Мәзһабтар тарихы», 322, 328 беттер. Алматы-2012ж.)

Оның басқа мәзһабтардан ең негізгі айырмашылығы – Құран аяттары мен хадистердің түпкі мәні мен ішкі мағынасына тереңінен үңіліп, ақыл-ой, парасат-пайымға ерекше көңіл бөлуінде әрі Құранның жалпы рухына қайшы келмейтін жергілікті елдің озық әдет-ғұрып, дәстүрлерін ескеруінде жатыр. Керек десеңіз, аят, хадистерде кездеспейтін жағдайлар орын алғанда үкім шығаруда жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы негізге алынады бұл мәзһабта.

Қысқасы, қолыңыздағы кітапта Ханафи мәзһабындағы намаз оқу үлгісі үшін хадистерден дәлелдер келтірілген. Бұл еңбекке мұқият ден қойған адам ұлық имам Әбу Ханифаның бірде-бір үкімді ойдан алып шығармағанына көз жеткізеді. Үкімдердің дені «Әл-Мәбсүт (әс-Сәрәхси)», «Бәдә'иғ (Әл-Кәсәни)», «Әл-Ғидая (әл-Мәрғинани) және оның шархы әл-Биная (әл-Айни)», «Бәхрур Ра'иғ (ән-Нәсәфидің шархы. Ибн Нүжәйм)», «Ихтияр (әл-Маусули)», «Құдуридің шархы-Лүбәб (Әл-Мәйдәни)», «Раддул Мұхтар (Ибн Ғабидин)» сынды Ханафи мәзһабының іргелі, төл кітаптарынан алынған. Ал, үкімдердің дәлелдері беделді хадис жинақтарынан (Сахих Бұхари, Сахих Мүслім, Сүнәнүт Тирмизи, ән-Нәсәфи, т.б.) тікелей алынып, сол қалпында берілді. Бұл жерде біздің айтпағымыз: Ханафи мәзһабының бәзбіреулер жар салғандай негізсіз, әшейін, қуыстан сығалап айтылған сөз емес, ондағы көтерілген әр мәселеде аят, хадистен дәйекті

дәлелдердің қолданғанын аңдату. Бұл еңбектің еліміздегі мұсылман жамағатының бірлік ынтымағына аз да болса септігі тиіп жатса, мақсатымыздың орындалғаны.

Аталмыш еңбектің кітап болып жарыққа шығуына атсалысқан дін жанашырларына алғысымыз шексіз.

Сондай-ақ, осындай еңбектің шығуына қол сыбанып кіріскен авторға рақмет. Болашақта көптеген творчестволық табыстарға жете беруіне тілектеспін!

Қайрат Жолдыбайұлы

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

Азан мен қамат

«Азан» сөзінің этимологиялық мағынасы «құлақтандыру, хабарлау» дегенге саяды.

Ал, діндегі анықтамасы: шарифат бекіткен арнайы сөздерді айту арқылы намаз уақытының кіргендігін құлақтандыру, хабарлау деген сөз. Бес уақыт намаз бен жұма намазына азан шақыру ерлер үшін – бекітілген сүннет¹.

1. **Намазын үйде оқыған ер адам азан айтып, қамат түсірмесе де болады².** Өйткені, сахаба Ибн Мәсғуд (р.а.): «Қалада түсірілген қамат жеткілікті», – деп, үйінде жолдастарымен бірге намазды азансыз және қаматсыз оқығандығы риуаят етілген³.

أن ابن مسعود : صَلَّى بِأَصْحَابِهِ فِي دَارِهِ بِغَيْرِ إِقَامَةٍ ، وَقَالَ : ”إِقَامَةٌ الْمِصْرِ تَكْفِي“ رواه عبد الرزاق

Алайда, азан айтып, қамат түсіру – жеке адамға міндет болмағанымен сауап екенін естен шығармағанымыз жөн.

¹ Ихтияр – 1/71-бет.

² Ихтияр – 1/140-бет.

³ ас-Санағани, Мұсаннаф – №1961 хадис.

2. Таң намазына азан шақырылғанда «ас-Саләту хайрум минән нәуум» дегенді міндетті түрде қосып айту керек.

عن بلال قال قال لي رسول الله صلى الله عليه وسلم: ” لَا تَتَوَبَّنَ فِي شَيْءٍ مِّنَ الصَّلَوَاتِ إِلَّا فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ “. رواه الترمذي

Сахаба Біләлдің айтуынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ассалату хайрум минән наум» (намаз ұйқыдан артық) сөзін тек таң намазында ғана айт*⁴, – деген.

3. Азаншы азан айтқанда саусағымен құлағын бітеп тұрады. Бұл дауысының қаттырақ әрі зор шығуы үшін істелінетін әрекет⁵.

Ибн Мәжәнің хадистер жинағында келтірілген хадисте сахаба Әбу Жухайфа (р.а.) әкесінің былай дегенін риуаят етеді:

عن عون بن أبي جحيفة عن أبيه قال: ”رَأَيْتُ بِلَالَ يُؤَدِّنُ وَيُدْوِرُ وَيُتْبِعُ فَاهُ هَاهُنَا وَهَاهُنَا وَإِضْبَعَاهُ فِي أُذُنَيْهِ“. (صحيح

*«Мен Біләлдің азан айтқанын көрдім. (Жұрт есту үшін) денесімен бірге аузын оңға, солға кезектестіріп бұрған еді. Сонда екі құлағын саусағымен бітеп тұрған болатын»*⁶. (Сахих)

⁴ Тирмизи сүнәні – №198 хадис.

⁵ Ихтияр – 1/143-бет.

⁶ Тирмизи, Китабус сала – 144-баб, 197-хадис; Ибн Мәжә – 329-бет/№711 хадис.

4. Азан айтқан кісі құбылаға беттейді. «Хайә алас салаһ» дегенде оң жаққа, ал «Хайә алал фалах» дегенде сол жаққа мойынын бұрады⁷.

Әбу Дәуіттiң хадистер жинағында келтірілген риуаятта Мұса ибн Исмаил былай дейді:

وقال موسى قال (أبو جحيفة) رَأَيْتُ بِلَالًا خَرَجَ إِلَى الْأَبْطَحِ فَأَذَّنَ ، فَلَمَّا بَلَغَ حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ ، حَيَّ عَلَى الْفَلَاحِ ، لَوْى عُنُقَهُ يَمِينًا .. وَشِمَالًا وَلَمْ يَسْتَدِرْ

«Әбу Жухайфа былай дейді: Біләлдің «Әбтахқа» шығып, азан айтқанын көрдім. Ол «Хайә алал фалах» және «Хайә алас салаһ» дегенде мойынын оңға және солға бұрған еді. Айналып жүрмеді»⁸.

5. Қамат түсіргенде «Хайә алал фалах» сөзінен кейін «Қад қаматис салату» деп қосып айту керек.

6. Азан шақырған кісі дауысын барынша қатты шығарып, созып айтады, ал қаматта бұлай істеу шарт емес. Бұл жайында Пайғамбарымыз (с.а.у.) Біләлға:

عن جابر بن عبد الله ، أن رسول الله - صلى الله عليه وآله وسلم - قال لِبِلَالٍ : ” يَا بِلَالُ إِذَا أَدَّيْتُمْ فَتَرَسَّلْ فِي أَدَانِكَ ، وَإِذَا أَقَمْتُمْ فَاحْذُرْ ”

⁷ Ихтияр – 1/143-бет

⁸ Әбу Дәуіт, – 1/391-бет, 34-баб, №520 хадис. Фаунул Мағбуд.

«Азан шақырғанда оны созып айт. Ал қамат айтарда, қамат сөзін тездетіп айт»⁹, – деген болатын.

7. Қаза намаздарына азан шақырып, қамат түсіру – сауапты іс. Егер бірнеше қаза намаз бірінен кейін бірі оқылатын болса, қаласа әрқайсысына азан шақырып, қамат түсіреді, қаламаса алғашқысында бір мәрте азан шақырып, қалғандарына тек қамат түсірумен шектеледі¹⁰.

Имам Тирмизи мен Имам Ахметтің кітаптарында келтірілген риуаяттардың бірінде Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай дейді:

أَنَّ الْمُشْرِكِينَ سَعَلُوا النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَرْبَعِ صَلَوَاتٍ
يَوْمَ الْحَنْدَقِ حَتَّى ذَهَبَ مِنَ اللَّيْلِ مَا شَاءَ اللَّهُ فَأَمَرَ بِأَلَا فَاذَنْ ثُمَّ أَقَامَ
فَصَلَّى الظُّهْرَ ثُمَّ أَقَامَ فَصَلَّى العَصْرَ ثُمَّ أَقَامَ فَصَلَّى المَغْرِبَ ثُمَّ أَقَامَ
فَصَلَّى العِشَاءَ

«Хандақ» соғысында мүшріктердің кесірінен Алла Елшісі (с.а.у.) төрт намазын уақытында оқи алмады. Алланың қалауымен түннің бір уағында, Алла Елшісі (с.а.у.) Біләлға азан шақыруын бұйырды. Азан шақырылғаннан кейін қамат түсіріп, бесін намазын оқыды. Сосын қайта қамат түсіріп, екінтіні оқыды. Және қамат түсіріп, ақшам намазын оқыды. Одан

⁹ әл-Хакім, әл-Мұстадрәк, «Китабу Сала», (292) №760-хадис.

¹⁰ Хисамүддин әр-Рази, Хүләса – 1/73-бет.

соң қайта қамат түсіріп құптан намазын оқыды»¹¹.

8. Азанды дәретсіз шақыру – мәкрүһ¹².

9. Қаматтың сөздері де азан сияқты екі мәрте қайталанады («*Аллаһу әкбәр*», «*Аллаһу әкбәр*» деп екі мәрте қайталап айтуымыз бір рет айтқан болып есептеледі).

Имам Байһақидің кітабында келтірілген хадисте сахаба Абдулла ибн Зәйд былай дейді:

إِنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ زَيْدِ الْأَنْصَارِيِّ جَاءَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ : يَا رَسُولَ اللَّهِ ، رَأَيْتُ فِي الْمَنَامِ كَأَنَّ رَجُلًا قَامَ وَعَلَيْهِ بَرْدَانِ أَخْضَرَانِ فَقَامَ عَلَيَّ حَائِطٌ فَأَذَّنَ مَشْنَى مَشْنَى وَأَقَامَ مَشْنَى مَشْنَى . وَأَخْرَجَهُ الْبَيْهَقِيُّ

«Мен Пайғамбарымызға (с.а.у.): «*Уа, Расулаллаһ! Мен түсімде бір адамды көрдім. Үстінде екі қабат жасыл жамылғы киімі бар еді. Ол бақшада тұрып (немесе дуалға шығып) азан шақырды, (азан сөздерін) екі мәрте қайталап айтты*¹³. Қамат сөздерін де екі реттен айтты»¹⁴.



¹¹ Тирмизи – 1/194-бет, 132 – баб, №179 хадис; Ахмет – 520.

¹² Хисамуддин әр-Рази, Хүләса – 1/73-бет.

¹³ "Аллаһу әкбар", деп, екі рет айту бір рет айтылған болып саналады.

¹⁴ Бәйһақи риуаят еткен.

Намазға ниет ету

Намаздың басында намаздың қай түрін оқитыныңызға іштей ниет етуіңіз шарт. Тілмен айту – мұстахаб. Жамағатпен оқитын кісі имамға ұйытынына да ниет етуі керек¹⁵.

Намаз дегеніміз – құлшылық. Пенденің құдіреті күшті Құдайға еткен мінәжаты. Ал мінәжат пен құлшылықты ықыласпен орындаудың маңызы зор. Бұған іштей ниет ету арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан, намазға тұрған адамның іштей ниет етуі шарт¹⁶.

Құран Кәрімде: وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ

«Оларға тек дінді Аллаға арнап, ықыласпен құлшылық ету... бұйырылды»¹⁷, – делінген .

Хазірет Омардың риуаяты бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.):

إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى

«Амалдар ниетке байланысты, әркімнің ниетіне қарай беріледі...», – деген¹⁸.

Осы хадистен байқағанымыздай, нақты қай намазды оқитынымызды ниетпен көкейге бекіткеніміз жөн. Сахаба Ибн Масғұдтың (р.а.):

¹⁵ Маусули әл-Ханафи, Ихтияр – 1/157-бет.

¹⁶ Илә әс-Сүннә – 2/173-бет.

¹⁷ «Бөйина» сүресі, 5-аят.

¹⁸ Бухари, Кітаби Бұдыл Уахи; Сахих Мүслім, 3530-баб, №1907 хадис.

عن عبد الله بن مسعود قال وَحَافِظُوا عَلَيَّ يَتَاتِكُمْ فِي الصَّلَاةِ. رواه
الطَّبْرَانِي فِي الْكَبِيرِ وَرِجَالُهُ رِجَالُ الصَّحِيحِ

«...**Намазда ниетті жоғалтпаңдар**»¹⁹, – деген сөзі де ниеттің маңыздылығын көрсетеді.

Имамға үю – намазын алда тұрған имамға тапсыру деген сөз. Пайғамбарымыз бір хадисінде:

عن جابر بن عبد الله رضى الله عنه قال: ”قال رسول الله (صلى الله عليه وسلم): الإِمَامُ ضَامِنٌ ، فَمَا صَنَعَ فَاصْنَعُوا “. رواه الطبراني، و دارقطني في زوائد اسناده حسن

«**Имам – (намаздарыңа) кепіл. Ол не істесе, соны істеңдер!**»²⁰ – деген . (Хасан)

Тағы бір хадисте:

«الإِمَامُ ضَامِنٌ وَالْمُؤَدِّنُ مُؤْتَمَنٌ. رواه الطبراني رجاله موثقون»

«**Имам - (жамағат намазына) кепілгер. Ал, азанышы - (көпшілік) сенім артқан кісі**»²¹. (Табарани. Хадисті жеткізген рауилер тізбегі қуатты).

Ендеше, имамның артында тұрып, оған намазын тапсыру үшін сол әрекетіне ниет етуі шарт. Өйткені, жоғарыда келтірілген хадисте амалдардың ниетке байланысты екендігі айтылған.

¹⁹ Табарани риуаят еткен; Илә әс-Сүннә, 2/174-бет.

²⁰ әл-Хайсами, Мәжмәғуз-зауаид: Бабу әл-Имаму Дамин. (Хасан хадис); Зауаиду Сүнәни Даруқутни – 457-хадис.

²¹ әл-Хайсами – №1902 хадис; Гирмизи, Әбуәбул Өзән: №207 хадис.

Сахаба Әбу Нурайра (р.а.) риуаят еткен басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن أَبِي هُرَيْرَةَ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ): إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِئَوْتَمَّ بِهِ، فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا، وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا، وَإِذَا قَرَأَ فَأَنْصِتُوا

«Сөзсіз имам – үю үшін керек. Егер «Аллаһу әкбар» десе, сендер де солай айтыңдар. Рүкүгқа барса, сендер де барыңдар. Ал, қашан Құран оқыса, (намазда) тыңдап тұрыңдар!», – деген²². (Сахих)

Құбылаға бет түзеу

Үсті-басы таза, дәретті кісі намазға тұрарда жүзін құбылаға қаратады. Құбылаға бет түзеу – намаз шарттарының бірі. Құран Кәрімде:

«Қайда (жолға) шықсаң да, жүзіңді құбылаға (Мәсжид Харам) жаққа қарат. (Әй, мүміндер!) Қайда болсаңдар да, (намазда) жүздеріңді солай қаратыңдар»²³, – делінген.

1. Құбылаға жүзін қаратуға мүмкіндік болмаса²⁴, өзіне ыңғайлы жаққа бет бұрады. Құранда:

²² Дарақүтні сүнәні, Имамға ұйиу бабы – 2/115-бет, №1243 хадис. Сахих.

²³ «Бақара» сүресі, 150-аят.

²⁴ Ұшақ немесе автобус, пойыз сияқты қоғамдық көліктерде намаз оқу киынға соғатындықтан отырған күйі намазын оқи беруіне рұқсат. Бұл арада құбыланы іздеу шарт емес.

«Шығыс та, батыс та, әр тарап Аллаға тән. Сондықтан, қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (разылығы) сол жақта»²⁵, – делінген.

2. Құбыланың қай жақта екенін білмеген кісі білетіндерден сұрауы тиіс. Егер ешкім білмесе, немесе сұрайтын адам табылмаса, өз жорамалына сүйенеді. Намаз оқып болғаннан соң дөп басып, дәл топшылай алмағаны анықталған жағдайда, қайта оқудың қажеті жоқ²⁶. Ал, намаздың үстінде есіне түссе, құбылаға жүзін туралап, намазын жалғастыра береді²⁷.

Бұған дәлел ретінде, Ибн Мәжәнің «Сүнән» кітабында келген риуаятта сахаба Амир ибн Рабиғадан (р.а.) естігенін баласы Абдулла былай деп жеткізеді:

عن عبد الله بن عامر بن ربيعة عن أبيه قال كُنَّا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي سَفَرٍ ، فَتَعَيَّمَتِ السَّمَاءُ وَأَشْكَلَتْ عَلَيْنَا الْقِبْلَةَ ، فَصَلَّيْنَا وَأَعْلَمْنَا ، فَلَمَّا طَلَعَتِ الشَّمْسُ إِذَا نَحْنُ قَدْ صَلَّيْنَا لِعَیْرِ الْقِبْلَةِ ، فَذَكَرْنَا ذَلِكَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَأَنْزَلَ اللَّهُ : فَأَيْنَمَا تُوَلُّوا فَثَمَّ وَجْهَ اللَّهِ

«Біз Алланың елшісімен (с.а.у.) бірге сапарға шыққан едік. Аспан бұлтты болғандықтан құбыланы анықтау қиынға соқты. Бет бұрған жағмызға белгі қойып, намазымызды оқыдық. Күн шыққаннан кейін

²⁵ «Бақара» сүресі, 115-аят.

²⁶ Маусули әл-Ханафи, 1/154-бет.

²⁷ Әбдіғани әл-Ғаними әл-Мәйдани, әл-Лүбәб – 1/64-бет.

(қарасақ) құбыладан басқа жаққа қарап оқыппыз. Сол жағдайды Пайғамбарымызға айтқанымызда мына аят түсті: «Қайда бет бұрсаңдар да Алланың жүзі (разылығы) сол жақта»²⁸ (хасан).

(Бұл хадистің Дарақүтни риуаят еткен нұсқасында Пайғамбарымыз: *«Оқыған намаздарың үшін сауап алдыңдар»*, – деген).



²⁸ Ибн Мажә, №1020 хадис; Дарақүтни сүнәні, Намаз бөлімі, №1064 хадис; Тирмизи сүнәні, №345 хадис.

Ифтитах (намазға бастау) тәкбірі және Қиям

Намазда тік тұру (қиям) – парыз. Алла тағала Құран кәрімде: «Аллаға бойұсынған күйде тұрындар»²⁹, – деген. Ықылас білдіріп, ниет еткеннен кейін тік тұрып, «Аллаһу әкбәр» деп, тәкбір алады. Бұны «Ифтитах тәкбірі» дейміз.

1. Ифтитах – “бастау”, “жабық нәрсені ашу” деген мағынаға саяды. Ифтитах тәкбірі – намазға бастарда алынатын тәкбір. Дәлірек айтқанда, ниет ете салысымен тік тұрған күйі «Аллаһу әкбар» сөзін айтып, құлақ қағуды білдіреді. Әрі бұны «Тахрима тәкбірі» деп те атайды³⁰.

Тахрима тәкбірі – “харам етуші”, “тыйым салушы тәкбір” дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз, «Аллаһу әкбар» деп намазды бастағаннан кейін, намазға қатысы жоқ іс-әрекеттерден тыйылады деген сөз. Намазды осылай бастау – парыз³¹. Онсыз намаз оқылмайды³².

Хазірет Әлидің риуаят етуі бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.):

مِفْتَاحُ الصَّلَاةِ الطُّهُورُ ، وَتَحْرِيمُهَا التَّكْبِيرُ ، وَتَحْلِيلُهَا التَّسْلِيمُ

رواه ابو داود

²⁹ «Бақара» сүресі, 238-аят.

³⁰ М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, 139-бет.

³¹ Маргинани, Хидая, Бабу Сыффатис-салә – 1/302-бет.

³² әл-Мәйдани, Лүбаб – 1/65-бет.

«Намаздың кілті – дәрет; Тахримі (намаз кезінде бөтен әрекеттерден тыйылу) – «Аллаһу әқбар» деумен бас талады; Намаз (екі жаққа) сәлем берумен аяқталады»³³, – деген. (Сахих)

2. Ифтитах тәкбірінде ер кісілер екі қолды бас бармақтары құлақ сырғалығына келетіндей етіп кетереді. Бұл – сүннет³⁴.

Аталмыш сүннетті орындаудың ең жақсы жолы – бас бармақты құлақ сырғалығына тигізу болмақ³⁵. Хадистерден дәлел келтірер болсақ:

«Сахих Мүслим» атты хадистер жинағында риуаят етілген хадисте сахаба Мәлік ибн әл-Хуәйрис былай дейді:

عن مالك بن الحويرث “ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، كَانَ إِذَا كَبَّرَ ، رَفَعَ يَدَيْهِ ، حَتَّى يُحَاطِيَ بِهِمَا أُذُنَيْهِ... ” . رواه مسلم

«Алла Елшісі (с.а.у.) (намазда) тәкбір алғанда екі қолын құлағының тұсына келетіндей етіп, көтеретін...»³⁶.

«Сахих Мүслимде» келтірілген тағы бір хадисте сахаба Қатада Пайғамбарымыздың тәкбір тахриманы қалай жасағаны туралы былай жеткізеді:

³³ Әбу Дәуіт, Салә, №618 хадис; Тирмизи өзінің сүннәнінде бұл хадисті Әбу Сағидтан келген хадистен әлдеқайда дұрысырақ (саһ) деген: №238 хадис.

³⁴ Марғинани, Хидая, Бабу Сыффатис-салә, 1/307-бет;

³⁵ Мәйдани, Лиубаб, 1/67-бет

³⁶ Сахих Мүслим, Китабус Сала – (391) – 25-хадис.

عَنْ قَتَادَةَ ، بِهَذَا الْإِسْنَادِ ، أَنَّهُ رَأَى نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، وَقَالَ :
حَتَّى يُحَاذِيَ بِهِمَا فُرُوعَ أُذُنَيْهِ . رواه مسلم

«Ол екі қолды құлағының жоғарғы тұсына жететіндей етіп көтерді»³⁷.

Хадисші Имам Нәсәийдің кітабында Абдужаббар ибн Уәил (р.а) әкесінен мына хадисті риуаят еткен:

عَنْ عَبْدِ الْجَبَّارِ بْنِ وَائِلٍ عَنْ أَبِيهِ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا افْتَتَحَ الصَّلَاةَ رَفَعَ يَدَيْهِ حَتَّى تَكَادَ إِيْهَامَاهُ تُحَاذِي شَحْمَةَ أُذُنَيْهِ .
رواه النسائي الحديث في نفسه صحيح

«Оның әкесі Алла елшісінің ифтитах тәкбірін орындаған кезін көрген. Сонда пайғамбарымыз (с.а.у.) екі қолын бас бармақтары құлақ сырғалығына тұспа-тұс келетіндей етіп көтерген»³⁸. Бұл хадиске Нәсәи өзінің «әс-Сүнәнүл-күбра» атты еңбегінде «сахих», яғни, «сенімді» деп баға берген.

Осы соңғы екі хадисті былайша ұштастыруға болады: Бірінші хадисте қолдың саусақтары орналасқан бөлігі айтылып тұрса, екінші хадисте қолдың білезікке дейінгі жағы айтылып тұр. Яғни, бас бармақты құлақ сырғалығына тұспа-тұс келтірер

³⁷ Сахих Мүслим, Китабус Сала –(391) – 26-хадис. 183-бет.

³⁸ Нәсәи, Ифтитах, Тақырыбы:– 365-баб/958-хадис; Әбу Дәуіт, №724 хадис. Хасан.

болсақ, қолдың саусақтары құлақтың жоғарғы жағына дәл келеді деген сөз.

Әйгілі хадисші әрі фикһ ғалымы Имам Әбу Жағфар әт-Тахауи өзінің «Шарху Мағаниль-Әсәр» атты хадис еңбегінде сахаба Уәил ибн Хужрдан жеткен мына «сахих хадисті» риуаят етеді:

عن وائل بن حجر، قال: ”رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ (صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ) حِينَ يُكْتَبُ لِلصَّلَاةِ يَرْفَعُ يَدَيْهِ حِيَالَ أُذُنَيْهِ“. رواه الطحاوي طريقه

صحيح

«Мен Пайгамбарымыздың намазда тәкбір алғанда екі қолын құлақ тұсына көтергенін көрдім»³⁹.

Сонымен қатар, Имам Бухаридің «Қурратуль ай-найн» атты хадис кітапшасында сахаба Барра (р.а.) былай дейді:

عن البراء رضى الله تعالى عنه قال: “كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ إِذَا كَبَّرَ حَذْوَ أُذُنَيْهِ”

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) тәкбір алғанда қолын құлақ тұсына дейін көтеретін»⁴⁰.

Хадисші әл-Хаким ән-Нисабуридің «әл-Мүстәдрак» атты кітабындағы хадисте сахаба Әнәс (р.а.) былай дейді:

³⁹ Имам Тахауи, Шарху Мағаниль-Әсәр, 3/512-бет. әл-Айни шархы.

⁴⁰ Имам Бұхари, Қурратул айнайн, №34 хадис.

عن أنس قال: رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَبَّرَ ، فَحَادَى بِإِبْهَامَيْهِ أُذُنَيْهِ...“ . رواه الحاكم. إسناده صحيح، و لا أعرف له علة

«Мен Пайгамбарымыздың тәкбір алғанын көрдім. Сонда Ол (с.а.у.) екі қолдың бас бармағын құлақ тұсына келтірді...»⁴¹.

Хадис жайында жоғарыда аты аталған ғұлама былай дейді: *«Бұл айтылғандар Бухари мен Мүслімнің хадис іріктеу талаптарына сай «сахих» жолмен келген. Аталмыш хадистен күмән тудыратындай нәрсені байқамадым».*

Осы тақырыпқа қатысты басқа да риуаяттарды хадис кітаптарынан кездестіруге болады⁴². Мұның бәрі ифтитах тәкбірін аларда бас бармақтары құлақ сырғалығына келетіндей етіп қолды көтерудің Алла Елшісінің сүннетінен алынғандығын айғақтайды.

3. Ер кісі «тәкбір тахрима» алғанда саусақтарын бүкпей не саусақ арасын тым қатты ашпай, орташа халде алақандарын құбылаға қарата құлақ қағады⁴³. Тирмизидің риуаят етуі бойынша сахаба Әбу Нұрайра (р.а.) былай дейді:

⁴¹ әл-Хаким, Мүстадрок – 1/349-бет, (149) №822 хадис.

⁴² Табарани, «әл-Мұғжамул Кәбір»: 22/36 – №85; Дарукутни: 1/292 №14; Әбу Дәуіт: 1/315 – №957.

⁴³ Айни, Биная шархул Хидая – 1/167-бет.

عن أبي هريرة كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا كَبَّرَ نَشَرَ أَصَابِعَهُ
رواه الترمذي حسن

«Пайгамбарымыз тәкбір алғанда саусақ арасын бүкпейтін»⁴⁴ (Хасан хадис).



⁴⁴ Тирмизи сүнәні –1/247-бет, 239-бабы.

Ифтитах тәкбірінде қолды иыққа дейін көтеру жайында

Тәкбір алғанда қолды көкірекке немесе иыққа дейін көтеру мәселесіне келер болсақ, бұл қимыл Пайғамбарымыздың кезінде әрдайым емес, кей жағдайда ғана жасалғанын айта кету керек. Бұған Ханафи ғалымдары сахаба Уаил ибн Хужрдың мына сөзін дәлел ретінде келтіреді. Әбу Дәуіде риуаят етілген сахих хадисте Уаил ибн Хужр былай дейді:

عن وائل بن حجر قال: ”رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ
أَفْتَحَ الصَّلَاةَ رَفَعَ يَدَيْهِ حَيْالَ أُذُنَيْهِ ، قَالَ : ثُمَّ أَتَيْتُهُمْ فَرَأَيْتُهُمْ يَرْفَعُونَ
أَيْدِيَهُمْ إِلَى ضُدُورِهِمْ وَعَلَيْهِمْ بَرَانِسٌ وَأَكْسِيَةٌ ” . رواه أبو داود.

صحیح

«Мен Пайғамбарымыздың ифтитах тәкбірінде екі қолын құлақ тұсына көтергенін көргенмін. Кейін сахабаларға келгенімде қолдарын көкірек тұсына көтеріп жатты. Олардың үстерінде (суықта киетін) күләпаралы жамылғылар мен қалың киімдері бар еді»⁴⁵.

Уәил ибн Хужрдың сөзіне қарағанда, күннің суықтығы себепті қолдарын киім ішінен шығарып, құлаққа дейін көтеру қолайсыздық тудыратындықтан, сахабалар көкірек тұсына ғана көтерумен шектелген. Ал, күн

⁴⁵ Әбу Дәуіт сүнәні – 728, 727-хадис. 2/49-бет.

жылы кезде құлақ тұсына дейін көтеретін. Демек, ең дұрысы – қолды құлақ тұсына көтеру.

Сондай-ақ, қолды иық деңгейіне дейін көтеруге байланысты хадисті былай түсінуге де болады: қолдарын иыққа дейін көтерген кісінің білегі иыққа келсе, қолдың *білезіктен кейінгі* жерлері құлақ тұсына жетеді. Бұған дәлел ретінде Әбу Дәуіт пен Байхакидің хадис жинағындағы мына риуаятты келтіруге болады:

عن عبد الجبار بن وائل عن أبيه أنه أبصر النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
حِينَ قَامَ إِلَى الصَّلَاةِ رَفَعَ يَدَيْهِ، حَتَّى كَانَتْا بِجِيَالِ مَنْكِبَيْهِ، وَحَادَى
بِإِبْهَامَيْهِ أُذُنَيْهِ ثُمَّ كَبَّرَ.” رواه البيهقي و أبو داود

«Әбдіжаббар ибн Уәйлдің айтуына қарағанда әкесі былай деген: «Пайғамбарымыз намазға тұрғанда бас бармақтары құлақ тұсына келетіндей етіп, екі қолын иыққа дейін көтерді де «Аллаһу әкбәр» деді»⁴⁶.



⁴⁶ Әл-Бахақи – 2/38-бет. №2306 хадис; Әбу Дәуіт - №724-хадис.

Қиям

1. Қиямда сәжде жасайтын жерден көз айырмау – мұстахаб⁴⁷. Сахаба Әнәс ибн Мәліктен (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

عن أنس رضي الله عنه أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: " يَا أَنَسُ اجْعَلْ بَصْرَكَ حَيْثُ تَسْجُدُ". رواه البيهقي في سننه الكبير.

«Уа, Әнәс! Назарыңды сәжде жасайтын жеріңнен айырма»⁴⁸.

2. Намазда көзді жұмып тұру – жеңіл мәкрүһ.

عن ابن عباس، قال: قال رسول الله (صلى الله عليه وسلم): " إِذَا قَامَ أَحَدُكُمْ فِي الصَّلَاةِ فَلَا يُغْمِضُ عَيْنَيْهِ". رواه الطبراني

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай дейді: **«Алла елшісі (с.а.у.): «Сендерден әлдекім намаз оқыса, көзін жұмбасын», –деген»⁴⁹.**

⁴⁷ Нурул Изах – 28-бет, Намаздың әдептері.

⁴⁸ Бәйһаки, «әс-Сүнәнүль Кәбир».

⁴⁹ Хайсами, Мәжмағуз-зәуәид – 2/192-бет, №2450 хадис

Намазда қолды тек ифтитах тәкбірінде ғана көтеру мәселесі

Ханафи және Мәлики мәзһабтары бойынша, намазда қол тек ифтитах тәкбірінде ғана көтеріледі. Рүкүғқа барғанда және рүкүғтан тұрғанда қолды қайта-қайта көтерудің қажеті жоқ. Бұл жайында хадисші әрі фикһ ғалымы Имам Мәлік (р.а.) былай дейді: «**Намазда әр тәкбір айтқанда сәжде де болсын, рүкүғта болсын қолды көтеру дегенді білмеймін. Қол – тек намаз басталғанда ғана аздап көтеріледі**»⁵⁰.

Имам Бухаридың (р.а.) «Қурратуль айнайн» атты шағын еңбегінде Барра ибн Әзіп (р.а.) есімді сахабадан мына бір хадис келтірілген:

عَنِ الْبَرَاءِ رَضِيَ اللهُ تَعَالَى عَنْهُ قَالَ: ”رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ
“ وَسَلَّمَ: يَرْفَعُ يَدَيْهِ إِذَا كَبَّرَ ثُمَّ لَمْ يَرْفَعْ ” رواه البخاري

*«Менің көргенім: Пайғамбарымыз намаздың алғашқы тәкбірін айтқанда ғана қол көтерді. Одан кейін қолын көтерген жоқ»*⁵¹.

Сондай-ақ, тағы бір хадисте сахаба Абдулла ибн Мәсғуд:

قال عَبْدُ اللهِ بْنُ مَسْعُودٍ: أَلَا أُصَلِّي بِكُمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ
وَ سَلَّمَ؟ فَصَلَّى فَلَمْ يَرْفَعْ يَدَيْهِ إِلَّا فِي أَوَّلِ مَرَّةٍ

⁵⁰ Әбді Уәһһаб әл-Бағдади, Әт-Талкин фил фикһи әл-Мәліки – 1/102-бет.

У.Зухайли, Мәусуғатул фикһил Исләми – 1/767-бет.

⁵¹ Имам Бұхари, Құрратул айнайн, №34 хадис.

«Мен сендерге Алла елшісінің намазды қалай оқығанын көрсетейін бе? – деп, намаз оқыды. Сонда екі қолын тек намаздың басында ғана бір рет көтерді»⁵². (Сахих)

Имам әт-Тахауи өзінің «Мағанил Әсәр» атты хадис жинағында Алқамадан сахаба Абдулланың мына риуаятын келтіреді:

حدثنا ابن أبي داود، قال: ثنا نعيم بن حماد، قال: ثنا وكيع، عن سفيان، عن عاصم بن كليب، عن عبد الرحمن بن الأسود، عن علقمة، عن عبد الله، عن النَّبِيِّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَنَّهُ كَانَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي أَوَّلِ تَكْبِيرَةٍ ثُمَّ لَا يَعُودُ

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) намазда тек әуелгі тәкбірде ғана қолын көтеретін де, бұл қимылын қайталамайтын»⁵³.

Имам әт-Тахауиде келтірілген тағы бір риуаятта:

عَاصِمُ بْنُ كُلَيْبٍ ، عَنْ أَبِيهِ أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللهُ عَنْهُ كَانَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي أَوَّلِ تَكْبِيرَةٍ مِنَ الصَّلَاةِ ، ثُمَّ لَا يَرْفَعُ بَعْدُ

«Әзірет Әли намаздың әуелгі тәкбірінде екі қолын көтеретін. Одан кейін көтермейтін»⁵⁴, – делінген.

⁵² Тирмизи сүнәні, «Пайғамбарымыз тек әуелгі тәкбірде қолын көтерді» деген... 191-баб – №257 хадис; Имам Ахмет мүснәді – №3551 хадис; Нәсәи – 332-бет/649-хадис. Әбу Дәуіт, Салә, 2/65 бет, 748-хадис. (Сахих делінген).

⁵³ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/164-бет.

⁵⁴ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/164-бет.әл-Айни, Нұхаб: Шарху

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең жақын сахабаларының бірі Әзірет Омар да намазда бір-ақ мәрте қолын көтеретін. Оған Әсуәдтің мына сөзі дәлел:

عَنْ الْأَسْوَدِ , قَالَ : رَأَيْتَ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي أَوَّلِ تَكْبِيرَةٍ , ثُمَّ لَا يَعُودُ , قَالَ : وَرَأَيْتَ إِبْرَاهِيمَ , وَالشَّعْبِيَّ يَفْعَلَانِ ذَلِكَ

«Мен Омар ибн Хаттабты намазда қолды тек әуелгі тәкбірде ғана көтергенін көрдім. Ибраһим де, Шағби де сөйтетін»⁵⁵.

قَالَ أَبُو جَعْفَرٍ : فَهَذَا عُمَرُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ لَمْ يَكُنْ يَرْفَعُ يَدَيْهِ أَيْضًا إِلَّا فِي التَّكْبِيرَةِ الْأُولَى , وَهُوَ حَدِيثٌ صَحِيحٌ

Осы хадисті келтіргеннен кейін Имам Әт-Тахауи: «Омардың (р.а.) өзі де қолды тек әуелгі тәкбірде көтерген. Бұл хадис – сахих. Өйткені, хадис жеткізуші «рауилердің» арасында Әл-Хасан ибн Айяш деген кісі бар. Ол сенімді (сиқа) әрі хадис саласында беделді кісі», – деді⁵⁶.

Сахаба Абдулла ибн Омардың намазға бастарда қолын алғашқы тәкбірде ғана көтергендігін Мүжәһид былай жеткізеді:

Мағанил Әсәр – 4/178-бет

⁵⁵ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/190 бет. әл-Айни шархы

⁵⁶ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/190-бет. әл-Айни шархы

ثنا أبو بكر بن عياش، عن حصين، عن مجاهد قال: ” صَلَّيْتُ خَلْفَ
ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا فَلَمْ يَكُنْ يَرْفَعُ يَدَيْهِ إِلَّا فِي التَّكْبِيرَةِ الْأُولَى
مِنَ الصَّلَاةِ.

«Мен Ибн Омардың артында намаз оқыдым. Ол намаздың тек әуелгі тәкбірінде ғана қолын көтерген еді»⁵⁷.

Тағы бір хадисте:

علقمة بن وائل عن ابيه: أَنَّهُ رَأَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْفَعُ
يَدَيْهِ حِينَ يَفْتَتِحُ، وَإِذَا رَكَعَ، وَإِذَا سَجَدَ. فَقَالَ إِبْرَاهِيمُ: مَا أَرَى أَبَاكَ
رَأَى رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا ذَلِكَ الْيَوْمَ الْوَاحِدِ. فَحَفِظَ
ذَلِكَ، وَعَبَدَ اللَّهُ لَمْ يَحْفَظْ ذَلِكَ مِنْهُ؟! ثُمَّ قَالَ إِبْرَاهِيمُ: إِنَّمَا رَفَعُ الْيَدَيْنِ
عِنْدَ افْتِتَاحِ الصَّلَاةِ“. رواه دارقطني و هو في ”مسند“ أحمد و ابن
حبان و هو حديث صحيح

Алкама ибн Уаилдің айтысына қарағанда, әкесі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) алғашқы ифтитах тәкбірімен қоса, рүкүғ пен сәждеде де екі қолды көтергенін көрген екен. (Сол жерде мұны естіген) Ибраһим (р.а.) былай деді:

«Пайғамбарымызды бір-ақ күн көрген әкең (пайғамбардың қалай намаз оқитынын) есіне сақтап, (пайғамбарымыздың қасында көп жүрген) Абдулла

⁵⁷ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/179-бет. әл-Айни шархы.

ибн Масғуд ұмытып кетті деп ойлайсың ба?!⁵⁸. Шындығында, қол намаздың басында ғана көтеріледі⁵⁹» (сахих).

Алқаманың әкесі Уәил хижри жыл санауының 9-ші жылы Медине қаласында мұсылман болған кісі. Ал, сахаба Абдулла ибн Мәсғуд одан 22 жыл бұрын мұсылман болды. Арада 22 жыл айырмашылық бар. Ендеше, пайғамбарымыздың намазы жайында кім көбірек біледі - Уәил ма, әлде үнемі Алла елшісінің қасында жүріп, Оның намазда қолын бір-ақ рет көтеретіндігін сахих жолмен риуаят еткен ғалым сахаба Абдулла ибн Масғуд па (радияллаһу анһума)?⁶⁰

«Сахих Мүслімде» келтірілген хадисте де сахаба Жәбир ибн Сәмура былай дейді:

عن جابر بن سمرة قال: ” خَرَجَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَقَالَ : مَالِي أَرَاكُمْ رَافِعِي أَيْدِيكُمْ كَأَنَّهَا أَذْنَابُ خَيْلٍ شُمْسٍ ؟ اسْكُنُوا فِي الصَّلَاةِ ” . رواه مسلم

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) біз жаққа қарап: **«Неге сендер асау аттың құйрығы ұқсап, қолдарыңды (қайта-қайта) көтеріп жатырсыңдар. Намазда тыныш тұрыңдар»** – деді⁶¹.

⁵⁸ Зайлағи, Насбұр-Риуая, 1/397-бет

⁵⁹ Дарақүтни, 2/45-бет, №1121 хадис. 2004 ж. Бейрут. Тағлик Шұғайып Арнаут.

⁶⁰ Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/179-бет. әл-Айни шархы

⁶¹ Мүслім, 27-баб/430-хадис.

Сондай-ақ, Әбу Дәуіт өзінің хадистер жинағының «руқұғта қолды көтермеу» бөлімінде Әбу һурайрадан (р.а.) мына сахих хадисті риуаят етеді:

عن ابي هريرة قال: ” كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا دَخَلَ فِي الصَّلَاةِ رَفَعَ يَدَيْهِ مَدًّا ” . رواه أبو داود صحيح

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) намазды бастағанда екі қолын бір-ақ мәрте көтеретін еді»⁶².

Ендеше, аталмыш хадистер қолды тек алғашқы тәкбірде ғана көтерудің дұрыстығын дәлелдейді.



⁶² Әбу Дәуіт, Руқұғта қолды көтермеу бөлімі, №753 хадис. Сахих хадис; Нәсәи, әс-Сүнәнүл-кубра – 366-баб/959-хадис.

Рүкүғқа барғанда қол көтеру жайында айтылған хадисті Ханафи мәзхабы неге қабыл етпеген?

Ханафи мәзхабы бойынша хадис үш түрге бөлінеді: *Мүтәуәтір, Мәшһүр және Ахад хадистер.*

Мүтәуәтір хадис деп, Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бастап, соңғы естуші кісіге дейін жалған дейтіндей дәйекке жол бермейтін көпшілік тарапынан жеткен риуаятты айтамыз. Мысалы, бес уақыт парыз намаздары, зекет беру т.б.

Мәшһүр хадис деп, алғашқы буынғы (сахабалар кезеңі) хадис риуаят етушілердің саны аз болғанымен, кейінгі екінші және үшінші дәуірдегі (табиғин және атбәғут табиғин кезеңінде) риуаят етушілердің саны күрт көбейіп, мүтәуәтір деңгейіне жеткен хадисті айтамыз.

Ахад хадис деп, риуаят етушілердің саны жағынан алдыңғы екі хадис (мүтәуәтір және мәшһүр) деңгейіне жетпеген хадистерді айтамыз⁶³.

Хадистің осы үшінші түріне қатысты Ханафи мәзхабының өзіндік шарттары бар. Ол шарттар қысқаша төмендегідей:

1. Ахад хадистегі үкім Құран аяттары мен мүтәуәтір және мәшһүр хадистерге теріс келмеуі керек.

2. Жалпылама Ислам қағидаларына теріс келмеуі тиіс.

⁶³ Әбу Бәрақәт Абдулла ибн Ахмад ән-Насафи – «Кашфул асрар»; 2 том, 4-13 беттер.; Ахмад Мулажиюн ибн Әби Саьид - Нурали Әнуар шархул Мәнәр, «әс-Сүннә». Кәшфул әсрар Әбу Али әш-Шаши, Усуль әш-Шаший, 172 бет. Байрут.

3. Ахад хадисте қамтылған үкім көпшілікке қатысты дүние болмауы керек. Яғни, егер хадистегі айтылған үкім көпшілікке қатысты болған жағдайда неге біренсаран сахабадан ғана бізге жетеді? Демек, оның үкімі не жойылған, не болмаса, Пайғамбарымыздың сөзі екендігінде күмән бар⁶⁴.

4. Ахад хадисті риуаят еткен сахаба, өзі айтқан хадистегі үкімге қайшы әрекет етпеген болуы керек. Сахаба өзі риуаят еткен хадистегі үкімге теріс әрекет еткендігі анықталса, оның әлгі жеткізген хадисі қабыл етілмейді. Неге десеңіз, аталмыш сахаба өзі риуаят еткен хадистегі үкімді жоятын одан да қуатты дәлел кездестірген болуы мүмкін⁶⁵.

Осыған орай, «Рүкүфтан тұрғанда қолды көтеру» жайында келген хадистер жоғарыда тізілген талаптардың соңғы екеуіне сай емес, дәлірек айтқанда, үшінші мен төртінші бөлімде көрсетілген талаптарға (3 пен 4). Тарқатып айтар болсақ:

Біріншіден, «рүкүфта қол көтеру» мәселесі көпшілікке қатысты дүние. Пайғамбарымыз намазды көпшілікпен оқыған. Осы тұрғыдан алғанда, оның бұл қимылын жалғыз-жарым сахаба емес, жүздеген адам жеткізуі керек еді. Яғни, бұл хадис ахад емес, мүтәуәтир дәрежесінде болуы тиіс еді. Демек, ол әрекеттің үкімі не жойылған, не болмаса, Пайғамбарымыз кейде жасап, кейде жасамаған әрекет болуы мүмкін. Өйткені, рүкүфта

⁶⁴ Әл-Кәнкәрхи, Умдатуль Хауаши – 178 бет.

⁶⁵ Доктор Сәлмән Ғабуд Яхя, Хабаруль Уахид Ғиндаль Ханафия.

қолды көтергендігі жайында келген риуаяттармен қатар⁶⁶, ол әрекетті теріске шығаратын деректер де жоқ емес⁶⁷.

Екіншіден, «рүкүфта қол көтеріледі» деген хадисті риуаят еткен Абдулла ибн Мәсғуд, Абдулла ибн Омар, Әли ибн Әби Талиб сынды ғалым сахабалар өздері риуаят еткен хадистеріне өздері теріс амал еткендігі кітаптарда бар.

Мысалы, «Сахих Бухариде» сахаба Абдулла ибн Омардан келген хадисте Пайғамбарымыздың рүкүфқа барғанда және одан бас көтергенде қолын иық тұсына көтергендігі айтылады⁶⁸. Бірақ, кейіннен ол өзі айтқан аталмыш хадиске теріс әрекет еткен. Мүжәһидтің айтуына қарағанда Абдулла ибн Омар намазда тек әуелгі тәкбірде көтеретін. Сахабаның бұл әрекеті әл-гі өзі келтірген хадистің үкімінің жойылғандығын көрсетеді⁶⁹.

Әбу Дауідте Әзірет Әлиден де Алла Елшісінің рүкүфда қолды көтергендігі жайлы хадис риуаят етілген. Әйтсе де, Әзірет Әлидің рүкүфтан кейін қолын көтермегендігіне қатысты дерек те бар.

Ең дұрысын Алла біледі!

⁶⁶ Бұхари – 84, 86-баб/736,737 хадис; Нәсәий - №1055хадис; Дарими - №1255-хадис; Әбу Дауід – 118 баб т.б.

⁶⁷ Имам Бұхари, Құрратуль айнайн, №34 хадис.; Тирмизи сүнәні, 191 баб – №257 хадис; Имам Ахмад мүснәді - №3551 хадис.; Нәсәи – 332 бет/649-хадис; Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр – 4/164 бет (Әл-Айни шархы т.б.

⁶⁸ Жамиғу Сахихиль Бұхари – 84-баб/736-хадис.

⁶⁹ Тахауи, Шарху Мағаниль Әсәр – 4/179 бет. (Әл-Айни, Нухабуль Әфкар шархы).

Намазда қолды кіндіктен төмен байлау

Тәкбірден кейін қол байлау – сүннет. Ал, кіндіктен төмен ұстау - абзал. Тақуалыққа ең жақыны – осы. Қол байлағанда оң қолдың басбармағы және кішкентай саусағы арқылы сол қолдың білезігінен қапсыра ұстайды⁷⁰.

Бұл жайында Имам Ахметтің хадистер жинағында келтірілген риуаятта Әзірет Әли (р.а.):

عن أبي جحيفة أن عليا رضي الله عنه قال: ” السُّنَّةُ وَضْعُ الْكُفِّ عَلَى الْكُفِّ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشَّرَّةِ ”. رواه إمام أحمد، وأبو داود، وابن أبي شيبة

«Оң қолды сол қолдың үстіне қойып, кіндіктен төмен байлау – сүннет»⁷¹, – деген.

Сондай-ақ, тағы бір риуаятта сахаба Әбу Нұрайра (р.а.) былай дейді:

«أخذ الأُكْفَ عَلَى الْأُكْفِ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشَّرَّةِ» رواه الدارقطني،

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) бір қолын екінші қолымен ұстап, кіндіктен төмен байлады»⁷².

Осы хадистерге сүйенген имам Ахметтің көзқарасы бойынша да қолды кіндіктен төмен байлау – сүннет»⁷³.

⁷⁰ Мабсұт – 1/24 бет; Бахрур Раик – 1/528 бет; Нұрул Изах – 26-бет.

⁷¹ Имам Ахмет, №877 хадис; Әбу Дәуіт, Сала 2/70-бет, №756 хадис; Ибн Әби Шәйбә, «Мұсаннаф»: Китабус Сала (165) 403 – 13-хадис,

⁷² Даракүтни сүнәні – 1098-хадис. 2/32-бет.

⁷³ Ибн Құдама, әл-Мұғни, 1/514-бет.

Қолды кіндіктен төмен байлау жайында Уаил ибн Хужр есімді рауи әкесінің былай дегенін риуаят етеді:

عن علقمة بن وائل بن حُجْرٍ عن ابيه قال: رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَضَعَ يَمِينَهُ عَلَى شِمَالِهِ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشُّرَّةِ“. قال الشيخ أبو الطيب المدني في شرح الترمذي: هذا حديث قوي من حيث السند

«Мен Пайгамбарымыздың намазда тұрғанда оң қолын сол қолының үстіне қойып, кіндіктен төмен байлағанын көрдім».

Әбу Тайып ибн Әбдіқадыр әл-Мәдәни «Тирмизидің Сүнәнына» жазған түсіндірмесінде аталмыш хадис жайында: «Бұл хадис сенімді жолмен жеткен»⁷⁴, – деген.

Ибн Әби Шәйбәның «Мусаннаф» атты еңбегінде Айша анамыздың көзін көрген табиғин, өз заманының ғұламасы Ибраһим ән-Нәхағи былай дейді:

عَنْ إِبْرَاهِيمَ قَالَ : يَضَعُ يَمِينَهُ عَلَى شِمَالِهِ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشُّرَّةِ

«Намазда оң қолын сол қолының үстіне қойып, кіндіктен төмен байлайды»⁷⁵.

Сондай-ақ, Басра қаласының ғұламасы, сахабалардың көзін көрген табиғин және көптеген хадисші ғалымдар тарапынан «сенімді (сика)» деген атаққа ие Лахиқ ибн Хамид Әбу Мижләз бұл мәселе жайында:

⁷⁴ Тухуатул Ахуәзи би Шархи Тирмизи 252-хадис түсіндірмесі.

⁷⁵ Ибн Әби Шәйбә, «Мұсаннаф»: Китабус Сала (165) 403 – 7-хадис,

حَبَّاجُ بْنُ حَسَّانَ ، قَالَ : سَمِعْتُ أَبَا مِجْلَزٍ قَالَ : يَضَعُ بَاطِنَ كَفِّ يَمِينِهِ عَلَى ظَاهِرِ كَفِّ شِمَالِهِ وَيَجْعَلُهَا أَسْفَلَ مِنَ السَّرَّةِ

«(Намаз оқитын кісі) оң алақанын сол қолының үстіне қойып, кіндіктің астыңғы жағына байлайды»,
– деген⁷⁶.

Қол байлайтын кезде оң қолдың бас бармағы мен шынашағы арқылы сол қолдың білезігін қапсыра ұстау дегенге дәлел келтірер болсақ, Имам Бұхари «ат-Тарихүл-Кәбир» атты еңбегінде Әзірет Әлидің шәкірттерінің бірі – Ұқба ибн Зәбиянның мына сөзін риуаят етеді:

عَنْ عَقْبَةَ مِنْ أَصْحَابِ عَلِيٍّ ، عَنْ عَلِيِّ رَضِيَ اللَّهُ تَعَالَى عَنْهُ ، وَضَعَهَا عَلَى الْكُرْسُوعِ

«Әли намазда қолын білезігіне байлады»⁷⁷.

Ибн Әби Шәйбәнің риуаят етуі бойынша:

كَانَ عَلِيٌّ إِذَا قَامَ فِي الصَّلَاةِ وَضَعَ يَمِينَهُ عَلَى رُشْعِ يَسَارِهِ

«Әзіреті Әли намазға тұрғанда оң қолын сол қолының білезігіне қоятын»⁷⁸.

⁷⁶ Ибн Әби Шәйбә, «Мұсаннаф»: Китабус Сала (165) 403 – 10-хадис

⁷⁷ әт-Тарихул Кәбир лил-Бұхари: Бабуз Зо', عقبة بن ظبيان;

(الكرشوع): طرف الزند الذي يلي الخنصر، وهو الناتج عند الرشع (المعجم الوسيط)

анат. запястный конец локтевой кости. (Баранов Арбаско-Русский словарь)

⁷⁸ Ибн Әби Шәйбә, «Мұсаннаф»: Китабус Сала (165) 403 – 8-хадис,

Неге кейбір мұсылмандар намазда қолды көкірек тұсына байлайды?

Жалпы, ешбір мәзһабта қол көкіректің дәл үстіне қойылады деген пәтуа да, нақты дәйек те жоқ. Қолды көкіректің үстіне қоюға байланысты келтірілген мына бір хадис нақты дәлел бола алмайды.

عن وائل بن حجر قال : صليت مع رسول الله صلى الله عليه وسلم ،
ووضع يده اليمنى على يده اليسرى على صدره

Уайл ибн Хужрдан риуаят етілген хадисте, былай деді: ***“Алла елшісімен бірге намаз оқыдым. Ол (с.а.у.) оң қолын сол қолының үстіне қойып, көкірегіне байлады”⁷⁹***.

Бұл хадис Хузайманың «сахих» атты жинағында келтірілген. Хадисті риуаят етушілер арасында Муаууал ибн Исмағил деген кісі бар. Ибн Хажар өзінің «әт-Таһзиб» атты кітабында Имам Бұхаридің ол кісі жайында: «мүнкарул хадис», - дегенін келтірген. Яғни, «хадисі қабылданбайды» деген мағынада.

Ханафи ғұламасы, фикһшы әрі хадисші Имам Заһаби мен хадисші Ибн Сағд: *«Муаууал ибн Исмағил сүннетке берік, аса шыншыл. Алайда, (хадис риуаят еткен кезде) көп қателеседі»*,—деп, оның осы кемшілігін айтып кеткен. Ал, хадисші Даруқутни болса: *«Сенімді.*

⁷⁹ Мұхаммед ибн Ысқақ ибн Хузайма, Сахиху ибн Хузайма 1-том, 243-бет. «Әл-Мақтабул-ислами» баспасы, Бәйрут, 1970 ж.

Бірақ, жаттау қабілеті нашар» – деген. Сондай-ақ, Ибн әт-Түркмени, Әбу Хатым, Әбу Зәрға секілді хадис білгірлері де Муаууаль ибн Исмағилдің көп қателесетіндігін айтқан.

Байқағанымыздай, **“Алла елшісімен бірге намаз оқыдым. Ол (с.а.у.) оң қолын сол қолының үстіне қойып, көкірегіне байлады”**, – деген хадис сахих емес. Өйткені, хадисті бізге жеткізген Муаууаль ибн Исмағил көп қателесетін әрі жады нашар болған. Ондай адамның айтқаны есепке алынбайды.

Муаууаль ибн Исмағил риуаят еткен аталмыш хадистің негізгі мәтіні Мүслімнің сахихында, Насайидің сүнанында, Ахметтің мүснәдында, Тирмизиде, Ибн Мәжада, әд-Дарукутнида және әл-Байхақида да бар. Бірақ, олардың ешқайсысында **«қолын көкірегінің үстіне қойды»** деп айтылмаған. Тек **«оң қолын сол қолының үстіне қойды»** деумен шектелген. Бұл жайлы Хафиз ибн Хажар «әд-Дирая фи тахрижи ахадисил-һидая» атты еңбегінде: **«...Алла елшісімен бірге намаз оқыдым. Ол (с.а.у.) оң қолын сол қолына әкеліп, көкірегінің үстіне қойды»** - деген хадис Ибн Хузаймада келтірілген. Бірақ, бұл хадистің "Сахих Муслимдегі" нұсқасында **«көкірегінің үстіне қойды»** деген жері жоқ», - деп айтқан.

Ендеше, Муаууаль ибн Исмағилдің риуаятындағы **«қолын көкірегінің үстіне қойды»** деген жері **“зияда”**, яғни, **“артық”**. Жоғарыда хадис білгірлері Муаууаль

ибн Исмағилдің жадының нашар болуына байланысты көп қателесетіндігін айтып кеткен еді. Олай болса, бұл жерде Муаууаль ибн Исмағил "*қолын көкірегіне қойды*" деген сөзді негізгі хадис мәтініне шатасып қосып отыр деуге негіз бар. Хадис ілімінде белгілі бір риуаят өзінен де жоғары дәрежедегі риуаяттарға қайшы келсе, ондай хадисті «шәәзз» деп атаймыз. Ал хадистің сахих болуы үшін “шәәзз” болмауы шарт⁸⁰.



⁸⁰ Қ. Жолдыбайұлы, Дін мен діл – 2.

Намазда аяқ арасын қаншалықты ашып ұстау керек?

Ислам – мұсылмандарды белгілі бір тәртіпке тәрбиелейтін дін. Рухтың бірлігіне көңіл аударғаны тәрізді сыртқы көрініске де аса мән береді. Себебі, жүйесіз әрекет рухтың шындалуына көлеңкесін түсіріп, ішкі үйлесімділікті бұзатыны ақиқат. Мына әлемде бәрі бір-бірімен байланысты болғандықтан бұл өз кезегінде сыртқы көрініске де кері әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан болар, Алла Елшісі жамағатпен оқылған намазда саптың түзу болуына әрі арада бос жер қалмауына, сондай-ақ, саптың толық болуына айрықша көңіл бөлетін. Бұл жайлы Хақ елшісінің (с.а.у.) бірқатар хадистеріне назар аударайық:

عن أبي هُرَيْرَةَ عن النبي صلى الله عليه وسلم أَنَّهُ قَالَ: وَأَقِيمُوا الصَّفَّ فِي الصَّلَاةِ فَإِنَّ إِقَامَةَ الصَّفِّ مِنْ حُسْنِ الصَّلَاةِ

«Саптарың түзу болсын. Саптың түзулігі намаздың көркемдігінен»⁸¹.

Жабир ибн Сумрадан риуаят етілді:

عن جَابِرِ بْنِ سَمُرَةَ، قَالَ: خَرَجَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ -، فَقَالَ: “أَلَا تَصِفُونَ كَمَا تَصِفُ الْمَلَائِكَةُ عِنْدَ رَبِّهَا؟ فَقُلْنَا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَكَيْفَ تَصِفُ الْمَلَائِكَةُ عِنْدَ رَبِّهَا؟ قَالَ: ”يُتَمُّونَ الصَّفُوفَ الْأُولَى، وَيَتَرَاضُونَ فِي الصَّفِّ“

⁸¹ Сахибул-Бұхари. 1-том, 253-бет. «Дәру Ибни Кәсир баспасы», Бәйрут, 1987 ж

«Алла елшісі бір күні бізге: «Періштелердің Раббыларының құзырында сапқа тұрғанындай сапқа тұрмайсыңдар ма?» – деді. Біз: «Уа, Алланың елшісі, періштелер Раббыларының құзырында сапқа қалай тұрады?» – деп, сұрадық. Алла елшісі: «Алдыңғы қатарды толтырмай тұрып, келесі қатарға өтпейді және сапта бір-бірімен тығыз (жақын) тұрады»⁸².

Ибн Омардан риуаят етілді:

عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَقِيمُوا الضُّفُوفَ وَحَادُوا بَيْنَ الْمَنَاكِبِ وَسُدُّوا الْخَلَلَ وَلِينُوا بِأَيْدِي إِخْوَانِكُمْ وَلَا تَدْرُوا فُرُجَاتِ لِلشَّيْطَانِ وَمَنْ وَصَلَ صَفًّا وَصَلَهُ اللَّهُ وَمَنْ قَطَعَ صَفًّا قَطَعَهُ اللَّهُ

«(Алла одан разы болсын!) Алла елшісі былай деді: «Саптарың түзу болсын, иықтарыңды түйістіріңдер, араларыңда бос орын қалмасын. Араларыңдағы бос кеңістікті толтырғысы келген кісіге сығылысып, орын беріңдер немесе сапты түзеуге әрекет еткен адамның қолын қақпай, оларға жұмсақ болыңдар. Шайтанға бос жер қалдырмаңдар. Кім бос орынды толтыру үшін сапқа тұрса, Алла онымен жақсы мәміледе болады. Ал, кім де кім сапты үзсе, Алла да одан рақымын, нығметін үзеді»⁸³.

Бараа ибн Ғазибтан риуаят етілді. Ол былай деді:

⁸² Сүлеймен Ибнул-Әшғас Әбу Дәуіт ас-Сажистани, Сунану Әби Дәуіт, 1-том, 177-бет. «Дарул-фикр» баспасы.

⁸³ Сүлеймен Ибнул-Әшғас Әбу Дәуіт ас-Сажистани, Сунану Аби Дәуіт, 1-том, 177-бет. «Дарул-фикр» баспасы.

Алла елшісі (с.а.у.) сапты аралап жүріп кеуделеріміз бен иықтарымыздың түзулігін тексеріп көретін де былай дейтін: «Бытырап тұрмаңдар. Себебі, соның кесірінен жүректерің де ала-құла болады. Алла алдыңғы қатардағыларға рақым етіп, дәрежесін көтереді. Ал періштелер оларға игі дұға тілейді⁸⁴».

عن البراء بن عازب قال كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يتخلل الصَّف من نَاحِيَةٍ إِلَى نَاحِيَةٍ يَمْسَحُ صُدُورَنَا وَمَنَاكِبَنَا وَيَقُولُ لَا تَحْتَلِفُوا فَتَحْتَلِفَ قُلُوبُكُمْ وَكَانَ يَقُولُ إِنَّ اللَّهَ وَمَلَائِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى الصُّفُوفِ الْأُولَى

Жоғарыда келтірілген риуаяттардан Алла елшісінің (с.а.у.) намазда қатарлардың түзу әрі жинақы болуына және алдыңғы қатар толмай жатып, келесі сапқа тұрмауға қаншалықты көңіл бөлгендігін байқаймыз.

Алла елшісі жоғарыда Әбу Дәуіде келтірілген риуаятта және басқа да хадистерде сахабалардың тобықтарының бір-біріне тиіп-тимегендігіне емес, иықтар мен көкіректердің сапты бұзбауына, арада бос жер қалмауына, саптың жинақы әрі түзу болуына назар аударған. Сондықтан, иықтарын бір-біріне түйістіргеннен кейін екі аяқтың арасын ары кетсе екі жауырынның арасындай қашық ұстауы тиіс.

Екі аяқ арасының арақашықтығы Шафиғи мәзһа-

⁸⁴ Сүлеймен Ибнул-Әшъас Әбу Дәуіт ас-Сажистани, Сунану Аби Дәуіт, 1-том, 177-бет. «Дарул-фикр» баспасы

бында бір қарыс, Мәлики және Ханбали мәзһабтарында көзге ерсі көрінетіндей алшақ емес, дененің тепе-теңдігін сақтайтындай «орташа» болғаны жөн⁸⁵.

Ал, Ханафи мәзһабы бойынша, намазда тұрған кісі екі аяғының арасын тым жақындатпайды, ең кемі төрт елі қашық ұстайды.

Қиямда тұрғанда екі аяқты бір-біріне тигізе тақамау да керек. Бұған қатысты Нәсәиде келтірілген хадистің бірінде Сахаба Абдулла ибн Аббас екі аяғын бір-біріне тигізе тақап, намаз оқып тұрған кісіні көргенде оған:

عن أبي عبيدة أن عبد الله رأى رجلاً يصلي قد صَفَّ بَيْنَ قَدَمَيْهِ،
فَقَالَ: خَالَفَتِ السُّنَّةَ...، رواه النَّسَائِيُّ

«Сен сүннетке қайшы әрекетте болдың...»⁸⁶, – деді.

Және Ибн Әби Шәйбәнің риуаят етуінде Фуәйна ибн Абдрахман ибн Жәушәнның айтуы бойынша әкесі Әбдірахман мешітте екі аяғының арасын тақап, намаз оқып тұрған кісіні көріп былай деді:

قال عويته بن عبد الرحمن: كنتُ مع أبي في المسجد فرأى رجلاً صافاً بين قدميه فقال الزُّقُّ إحداهما بالأخرى لقد رأيتُ في هذا المسجدِ ثمانية عشرَ من أصحابِ النبي صَلَّى اللهُ عليه و سلم ما رأيتُ أحداً منهم فَعَلَ هذا قَطَّ.

⁸⁵ Қ.Жолдыбайұлы «Дін мен діл», 2-том. Қосымша қараңыз: Уаһбатуз-Зухайли, әл-фикһул-ислами уа адиллатуһ, 2-том, 882-бет. «Дарул-фикр» баспасы, Димашқ, 2006 ж.;

⁸⁶ Нәсәи, әс-сүнәнүл-кубра – 465 бет. 373-баб/968-хадис.

«Анау екі аяғын бір-біріне тигізе тақап алыпты. Мен мына мешітте он сегіз сахабаны көргенмін. Біреуі де бұлай істемеген еді»⁸⁷.



⁸⁷ Ибн Өбу Шәйбә, Мұсаннаф, Китәбу салатит Тәтауғ; (153) 787 хадис.

Намазда талтайып тұру қайдан шыққан?

Бүгінде мұсылмандардың арасында пайда болған «сәләфизм» бағытындағылар намаз оқып тұрған сәттерінде аяқ арасын тым алшақ ұстап, талтайып тұрады. Олар аталмыш әрекеттеріне дәлел ретінде сахаба Нұғман ибн Бәшир және Әнәс ибн Мәліктен жеткен риуаятты көлденең тартып, оны сүннет деп есептейді.

Алайда, аты аталған ардақты сахабалардың риуаят еткен деректі талдайтын болсақ, намазда әлгіндей тұрудың қате екеніне көз жеткіземіз.

Ендеше, бұл риуаяттарға аз-кем талдау жасап көрелік. Нұғман ибн Бәшир және Әнәс ибн Мәліктен жеткен риуаят төмендегідей:

النعمان بن بشير: فقال (صلى الله عليه و سلم): اقيموا صفوفكم ثلاثا...

رَأَيْتُ الرَّجُلَ مِنَّا، يُلْزِقُ كَعْبَهُ بِكَعْبِ صَاحِبِهِ

عن أنس، عن النبي (صلى الله عليه و سلم) ”أقيموا صفوفكم، فإنني أراكم من وراء ظهري.“ وَ كَانَ أَحَدُنَا يُلْزِقُ مَنْكَبَهُ بِمَنْكَبِ صَاحِبِهِ، وَ قَدَّمَهُ بِقَدَمِهِ.

Сахаба Нұғман Пайғамбарымыздың «***Саптарыңды түзеңдер***» деп үш рет айтты...», – дейді. Ал, сахаба Әнәстің хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.у.): «***Саптарыңды түзеңдер. Сөзсіз, мен сендерді артымнан да көріп тұрмын***», – деген⁸⁸.

⁸⁸ Фатхул Қадыр. Сахих Бұхари, 76-бап, №725 хадис.

Сахаба Нұғман жоғарыдағы хадисті риуаят еткен соң өз сөзімен «*فلقد رايت الرجل منا – Шындығында, біздің арамыздан «кейбіреулер» тобығын өзгенің тобығына тигізе тақайтынын көретінмін...*» десе, сахаба Әнәс хадисті риуаят еткеннен кейін: «*وكان احدنا يلزق – арамызда «кейбіреуі» иығын қатарлас адамның иығына, ал тобығын тобығына тигізетін»* - деп, өзінің сөзін қоса айтқан. Яғни, бұл – хадис емес, жеткізуші рауи сахабаның сөзі.

Аты аталған сахабалардың сөздері намазда аяқты алшақ ұстау керектігіне негіз бола алмайды. Неге десеңіз, қос сахаба жеткізген хадистерді зер салып қараған адам мынадай тоқтамға келеді:

1. Сахаба Әнәс риуаят еткен хадисті Әбу Нұрайра да риуаят еткен⁸⁹. Алайда, ол «аяқтарын тақайтын» деген сөзді қолданбаған. Ендеше, осы хадисті естіген Әбу Нұрайраның қасында тұрғандар аяқтарын тақамайтын.

2. Қос сахабаның «кейбіреуі» деген сөздерін бөліп-жарып, әдейі тырнақшаның ішіне алып айтуымыздан аңғарғандарыңыздай, ол сөз – сахабалардың барлығы бірдей аяқтарын бір-біріне тигізе тақамағандығына дәлел бола алады. Егер Пайғамбарымыздың бұйырған бұйрығы болса, яки, Өзі жасаған ісі болса, өзге сахабалар да солай етер еді. Себебі, Алланың елшісі: «Мен қалай намаз оқыған болсам, сендер де солай оқыңдар», – деген.

⁸⁹ һәйсәми, Мәжмәғуз-Зәуаид – 1/202-бет, №2493 хадис. Бұл хадисті жеткізу тізбегі қуатты.

3. «Тақайтын еді» және «көретін едім» деген тіркестерден байқағанымыздай сөйлем өткен шақта айтылған. Яғни, сол кезден кейін ешкім аталмыш әрекетті қайталамаған. Бұл жайында әйгілі ғұлама хадисші Ибн Хажар әл-Асқалани (Хижри 773-852 ж.) «Сахих Бухари» атты хадистер жинағына жазған түсіндірмесінде, сахаба Әнәс (р.а.) риуаят еткен аталмыш хадиске түсініктеме беру барысында былай дейді:

قوله: "وكان أحدنا إلیخ" وأفاد هذا التصريح ان الفعل المذكور كان في زمن النبي صلي الله عليه وسلم

«Әнәстің *«арамыздағы кейбіреулер»* деген сөзі – әлгіндей жағдай тек Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тұсында ғана болғанын айғақтайды»⁹⁰.

4. Алла елшісінің (с.а.у.) ешбір хадисінде «аяқтарыңды бір-біріне тигізе тақандар» деген әмір жоқ. Бұның өзі сол істің шарифат талабы емес екендігін анық білдіреді.



⁹⁰ Асқалани, Фатхул Бари – 76-баб/725-хадис түсіндірмесі.

«Сәнә» дұғасы

Ифтитах тәкбірін айтып, қол байлай салысымен төменде келтірілген «Сәнә» дұғасы іштей айтылады. Сәнә дұғасын оқу – сүннет.

«Сүбханакәллаһумма уә бихамдикә, уә тәбәракәсмукә, уә тағала жаддукә, уә лә иләһә ғайрук»

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

Мағынасы: «Я, Алла тағалам! Сені тәсбиһ етіп (күллі кемшіліктерден пәк, кемел екендігінді айтып) пәктеймін. Саған «хамд» айтып мадақтаймын. Сенің көркем есімің аса мүбәрак. Сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір құдай жоқ».

Бұл жайында сахаба Әбу Сағид әл-Худри былай дейді:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَامَ إِلَى الصَّلَاةِ بِاللَّيْلِ كَبَّرَ
ثُمَّ يَقُولُ سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا
إِلَهَ غَيْرُكَ. رواه ترمذي قال: حديث أبي سعيد أشهر حديث في هذا

الباب..

«Пайгамбарымыз түнде намазға тұрғанда тәкбір айтып, былай деп дұға оқитын: «Сүбханакәллаһумма уә бихамдикә, уә тәбәракәсмукә уә тағала жаддукә уә лә иләһә ғайрук...»⁹¹.

⁹¹ Мұхаммед Әнур шах, Тирмизи сүнәні шархы, 1/249-бет, 179-баб, №242

Сондай-ақ, хазірет Омар ибн Хаттабтың ифтитах тәкбірінен кейін аталмыш дұғаны оқығандығы деректерде келтірілген⁹².



хадис.

⁹² Даракүтні сүнәні, №1144 хадис сахих.

«Әғузу» мен «Бисмилла»

«Сәнә» дұғасынан кейін әр намаздың тек әуелгі рәқаға-тында іштей «*Әғузу билләһи минәш шайтанир ражим*», сосын оның артынан «Бисмилләһир-рахманир-рахим» дейді⁹³. Алла тағала Құран Кәрімде: **«Егер Құран оқитын болсаң «әғузуды» айтып, қарғыс атқан шайтаннан Аллаға сыйын»** – деген⁹⁴. Намазда Құран сүрелері оқылатындықтан алғашқы рәкәғатта бір рет «Әғузу» айтылуы тиіс.

فَإِذَا قَرَأْتَ الْقُرْآنَ فَاسْتَعِذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ . سورة النحل -

۹۸

Намазда «бисмилләны» айту мәселесі

1. Ханафи мәзһабы бойынша Құранда келген барлық «бисмиллә» Құран аяты болып есептеледі. Өйткені, Құран парақтарында уахи ретінде жазылғанның бәрі – аят. Мұнда талас жоқ. Демек, «бисмиллә» Құран парақтарында жазылғандықтан, оны да аят деуіміз заңды. Сол себепті, ғұсылы жоқ кісі және хайызды, нифасты әйелдер «бисмилләны» Құран аяты ретінде оқымайды. Тек бір істі Алланың атымен бастау мақсатында немесе жәй дұға ретінде айтуларына рұқсат.

2. Ханафи мәзһабында «Бисмиллә» фатиха сүресінің бір бөлігі емес (Шәфиғи мәзһабында фатиханың бір

⁹³ Бадаиғ, 2/31-бет.

⁹⁴ «Нахл» сүресі, 98-аят.

аяты болып есептелінеді). Оған дәлел ретінде, Ибн Мәжәда келген бір хадисте Сахаба Әбу Нурайраның айтуы бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

«Алла тағала былай дейді: «Мен намазды Өзіммен құлымның арасында екі бөлімге бөлдім. Бірінші бөлімі мен үшін, екінші бөлімі пендемнің тілектері үшін... Пенде «Әлхамдулиллаһи раббиль алямин» дегенде Алла тағала: «Құлым маған шүкір айтты, оған да сұрағаны беріледі», - дейді...»⁹⁵.

Осы хадиске қарасақ, фатиха сүресі «бисмилләсіз», **«Әлхамдулиллаһи раббиль алямин» деп басталған.** Егер де фатиха сүресінің бір аяты болғанда оны да міндетті түрде тілге алар еді. Демек, «бисмиллә» фатиха аяттарының бірі емес. Ол өз алдына аят болғанымен, тек сүре араларын бөліп тұрушы рөлін ғана атқарады. Ешбір сүреге қатысы жоқ.

3. Әр рәкәғатта фатихадан бұрын іштей «бисмиллә» айтылады. «Бисмилләны» фатиханың бір аяты санаған риуаятты да назарға ала отырып, Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммад әр фатихадан бұрын бисмилләны айту уәжіп деген⁹⁶. Осыған қарап кей ғалымдарымыз: **«Дұрысы әр рәкәғат басында фатихадан бұрын бисмилләны айту керек. Егер фатиха басында ұмыты-лып, айтылмай қалса намаз соңында сәһу сәждесін жасау керек»,** – деген⁹⁷.

⁹⁵ Ибн Мәжә, Китәбул Әдәб, №3784-хадис.

⁹⁶ Әл-Кәсәни, Бадаиғ – 2/33-37 бет

⁹⁷ Әл-Айни, әл-Биная – 2/208 бет.

4. Фатихадан кейін оқылатын қосымша сүренің басында «бисмилланы» айтудың қажеті жоқ. Бұл Имам Ағзам Әбу Ханифа мен Имам Әбу Юсуф бойынша. Ал, Имам Мұхаммедтің тұжырымына қарағанда, іштей оқылатын намаздарда қосымша сүренің алдында да бисмилланы айту абзал⁹⁸.

5. Намазда «сәнә» дұғасы және «әғузу» мен «бисмиллә» үнемі іштей айтылуы тиіс. Өйткені, бізге Пайғамбарымыздан солай жеткен.

عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسٍ قَالَ صَلَّيْتُ خَلْفَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
وَأَبِي بَكْرٍ وَعُمَرَ وَعُثْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ فَلَمْ أَسْمَعْ أَحَدًا مِنْهُمْ يَجْهَرُ
بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Сахаба Әнәс ибн Мәлік (р.а.) былай дейді:

«Мен Пайғамбарымыздың, Әбу Бәкірдің, Омардың және Османның артында тұрып намаз оқыдым. Олардың ешқайсысынан «бисмилләны» жария етіп оқығанын естіген жоқпын»⁹⁹.



⁹⁸ Әл-Марғинани, әл-Хидая – 1/121 бет. (әл-Биная – 2/208 бет)

⁹⁹ Нәсәи (Суюти шархы): 2/135 бет, №907 хадис.

Қиямда Құран оқу (қырағат)

1. «Қиямда» тік тұрып, парыз намаздарының «әуелгі екі рәкәғатында» ең аз дегенде қысқа болса, үш аят, ұзын болса, бір аят оқу – парыз. Құранда: «**(намазда) Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар**»¹⁰⁰, – делінген.

Осыған сүйеніп, Әбу Ханифа жеңіл келген бір аят оқу парыз десе, Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммед үш қысқа аят не бір ұзын аят оқу парыз деген. Ендеше, Құран аяты мүлдем оқылмаған намазды қайта оқу керек¹⁰¹.

Хадистен дәлел келтірер болсақ, «Сахих Бұхари» атты хадистер жинағында келтірілген риуаятта Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір кісіге намаз үйретіп жатып, былай дейді:

إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ , ثُمَّ اقْرَأْ مَا تيسَّرَ معكَ مِنَ الْقُرْآنِ , ثُمَّ
ارْكَعْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ رَاكِعًا

*«Намазға тұрғаныңда ифтитах тәкбірін ал. Кейін Құраннан жеңіл келгенін оқы да рүкүғқа бар, рүгүғты толығымен жаса!...»*¹⁰².

2. Парыз намаздарының «әуелгі екі рәкәғатында» «фатиха» сүресі мен қосымша (зам) сүресін оқу (кемі қысқа үш аят) – уәжіп. Екеуінің біреуі оқылмай қалса (Фатиха мен зам сүре), намаз соңында сәһу сәждесін жасау керек.

¹⁰⁰ «Мүзәммил» сүресі, 20-аят.

¹⁰¹ Маусули әл-Ханафи, Ихтияр, 1/194-бет.

¹⁰² Сахих Бұхари, №724 хадис.

Бұл жайында Рифаға ибн Рафиғ Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай дегенін риуаят етеді:

إِذَا قُمْتَ فَتَوَجَّهْتَ إِلَى الْقِبْلَةِ فَكَبِّرْ ، ثُمَّ اقْرَأْ بِأَمِّ الْقُرْآنِ ، وَبِمَا شَاءَ اللَّهُ
أَنْ تَقْرَأَ... رواه ابو داود

«Намазға тұрғаныңда құбылага бет түзеп, тәкбір тахрима айт. Кейін «Фатиха» сүресін және Алланың қалауымен аят (не сүре) оқы!...»¹⁰³. (Сахих)

Бухари және Мүслімде риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Фатиха сүресін оқымаған адамның намазы жоқ»¹⁰⁴, – дейді. Яғни, «Фатихасыз» намаз толық әрі кәміл болып есептелмейді.

Аталмыш хадиске және өзге де мазмұндас хадистерге сүйене отырып, кейбір мәзһаб ғалымдары Фатиха сүресін оқу парыз деген тұжырым жасаған. Фатиха сүресі оқылмаса, намаз бұзылады деген. Алайда, жоғарыда келтірілген «Сахих Бухаридегі» 724 нөмірлі хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір кісіге намаз үйретіп жатып, былай дейді:

إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ ، ثُمَّ اقْرَأْ مَا تَيَسَّرَ مَعَكَ مِنَ الْقُرْآنِ

«Намазға тұрғаныңда ифтитах тәкбірін ал да Құраннан жеңіл келгенін оқып, рүкүзқа бар...»¹⁰⁵. Егер Фатиха сүресін оқу парыз болғанда, Пайғамбарымыз міндетті түрде оған «Фатиханы оқы» дер еді.

¹⁰³ Әбу Дәуіт, 2/145-бет, №859 хадис.

¹⁰⁴ Сахих Бұхари, №723 хадис; Мүслім, №394 хадис.

¹⁰⁵ Сахих Бұхари, №724 хадис.

Ханафи мәзһабында аталмыш екі хадисті ұштастыра келе: *«Намазда қандай да бір аят немесе сүре оқу – парыз, ал «Фатиха» сүресін оқу – уәжіп», - деген пәтуә бекіткен.*

Тирмизидің «Сүнәнінда» Әзірет Әли былай дейді: **«Фатиха» оқылмаған барлық намаз – толық емес**¹⁰⁶. Мұнда "намаз бұзылады" демеген, "толық емес" делінген. Бұл да Фатиха сүресін намазда оқу парыз емес, уәжіп екендігінің дәлелі.

Намазда «Фатиха» сүресін ұмытып оқымай кеткен кісінің намазы бұзылмағанымен, толыққанды орындалған құлшылық ретінде есептелмейді. Әдейі оқымаған жағдайда намазын қайта орындауы керек. Өйткені, Фатиханы әдейі тастаған адам «харамға жақын мәкрұһ» амалын жасаған болады. Ондай намазды қайта оқу керек деген ғалымдар.

3. Үш немесе төрт рәкәғатты парыз намаздарының әуелгі екі рәкәғатында «Фатиха» сүресі мен қосымша сүрені оқу – уәжіп, ал қалған рәкәғаттарында «Фатиханы» ғана оқу – сүннет¹⁰⁷.

«Сахих Мүслим» атты хадистер жинағында риуаят етілген хадисте сахаба Әбу Қатада (р.а.) былай дейді:

¹⁰⁶ Тирмизи – 1/254-бет, 247-хадиске берген түсіндірмесі.

¹⁰⁷ Майдани, Лубаб – 1/73-бет.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي قَتَادَةَ ، عَنْ أَبِيهِ ، أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ،
كَانَ يَقْرَأُ فِي الرَّكَعَتَيْنِ الْأُولَيَيْنِ مِنَ الظُّهْرِ وَالْعَصْرِ ، بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ
وَسُورَةِ ، وَيُسْمِعُنَا الْآيَةَ أَحْيَانًا ، وَيَقْرَأُ فِي الرَّكَعَتَيْنِ الْأُخْرَيَيْنِ بِفَاتِحَةِ
الْكِتَابِ

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) бесін мен екінті намаздарының әуелгі екі рәкағатында «Фатиханы» және (онымен қоса) бір сүре оқитын. Кейде оқып жатқан аятын естіретін. Ал, қалған екі рәкәғатында «Фатиханы» оқитын»¹⁰⁸. Бұл хадис «Сахих Бухариде» де келтірілген¹⁰⁹.

4. Үтір, нәпіл және сүннет намаздарының барлық рәкәғаттарында «Фатиха» мен «қосымша сүрені» оқу – үәжіп¹¹⁰.

Тирмизи «сүнәнінда» риуаят еткен хадис бойынша, сахаба Әбу Сағид (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына сөзін келтіреді:

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِفْتَاحُ الصَّلَاةِ
الظُّهُورُ وَتَحْرِيمُهَا التَّكْبِيرُ وَتَحْلِيلُهَا التَّسْلِيمُ وَلَا صَلَاةَ لِمَنْ لَمْ يَقْرَأْ
بِالْحَمْدِ وَسُورَةٍ فِي فَرِيضَةٍ أَوْ غَيْرِهَا رَوَاهُ ترمذی حسن

¹⁰⁸ Мүслім, №451 хадис.

¹⁰⁹ Сахих Бұхари, №745 хадис.

¹¹⁰ Нурул Изах – 26-бет. Уәжибус Сала.; У.Зухайли, әл Маусуға – 1/673 бет. H.Donduren, Islam ilmihali – 315 бет, Стамбул

«Намаздың кілті – дәрет. Тахримі – тәкбір. Намаздың соңы – сәлем беру. Парыз намаздарында және өзге намаздарда (нәпіл, сүннет, үтір) Фатиха сүресі мен қосымша сүрені оқымаған адамның намазы жоқ (кемел әрі толық емес)»¹¹¹. (Хасан)



¹¹¹ Тирмизи, Сыффатус-салә, №238 хадис.

Имамға ұйыған кісі де іштей Құран оқи ма?

Имамға ұйыған кісі «сәнә», «тәшәһһуд» сынды дұғаларды ғана іштей айтып, «фатиха» мен қосымша сүрені оқымайды.

Бұған Ханафи мәзһабынан өзге мәзһәб ғалымдары да келіседі. Айталық, Абдуллаһ ибн Уәһәб, Мәлики мәзһабы ғалымы Әшһәб және табиғин Ибн Мусәйяб, т.б.¹¹²

Бұл мәселе төменде келтірілген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде де айтылған.

«Сахих Мүслімде» риуаят етілген №577 хадисте сахаба Саид ибн Сәбиттен имамның артында қосылып қырағат ету жайында сұрағанда, Ол (р.а.):

سَأَلَ زَيْدُ بْنُ ثَابِتٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - عَنِ الْقِرَاءَةِ مَعَ الْإِمَامِ فَقَالَ : لَا قِرَاءَةَ مَعَ الْإِمَامِ فِي شَيْءٍ. رواه مسلم

«Еш жерде имамның артында қырағат ету деген жоқ», – деп жауап берді¹¹³.

Сондай-ақ, «Сахих Мүслімде» келтірілген деректе Сахаба Имран ибн Хусайн былай дейді:

عن عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ قَالَ صَلَّى بِنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الظُّهْرِ أَوْ الْعَصْرِ فَقَالَ أَيُّكُمْ قَرَأَ خَلْفِي بِسَبْحِ اسْمِ رَبِّكَ الْأَعْلَى فَقَالَ رَجُلٌ أَنَا وَلَمْ أَرِدْ بِهَا إِلَّا الْخَيْرَ قَالَ قَدْ عَلِمْتُ أَنَّ بَعْضَكُمْ خَالَجَنِيهَا. رواه مسلم.

¹¹² Бәдрүддин Айни, Нухабүл-әфкәр – 4/88-бет.

¹¹³ Мүслім, №577 хадис.

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) бізге бесінде ме, жоқ екінті де ме имам болып, намаз оқыды. Намаздан кейін бізге қарап: «Қайсысың артымда тұрып «Сәббихисма Раббикәл әлә» деген?» – деп, сұрады. Ұюшылардың бірі: «Мен едім, бірақ, жаман ойым болған жоқ», – деп, жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз (өзгелердің имаммен қоса жармасып оқып тұруын дұрыс көрмей): «Қайсысы менімен жарысып тұрған деп ойлап қалдым»¹¹⁴, – дейді.

Хадисші Тирмизидің кітабында «сахих жолмен» жеткен бір риуаятта сахаба Жәбир ибн Абдулланың мына сөзі келтірілген. Ол (р.а.) былай дейді:

عن أبي نُعَيْمٍ وَهَبِ بْنِ كَيْسَانَ أَنَّهُ سَمِعَ جَابِرَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يَقُولُ: مَنْ صَلَّى رَكَعَةً لَمْ يَقْرَأْ فِيهَا بِأَمِّ الْقُرْآنِ، فَلَمْ يُصَلِّ إِلَّا أَنْ يَكُونَ وَرَاءَ
الإمام“ رواه ترمذي حديث حسن صحيح

«Кім де кім бір рәкәаттың өзінде Фатиха сүресін оқымаса, намазы жоққа есеп. Тек Имамның артында тұрса, оның жөні басқа»¹¹⁵. (Хадис Хасан және Сахих).

Дарақүтнидің «Сүнәһындағы» сахаба Әбу Дәрданың мына сөзі риуаят етіледі:

¹¹⁴ Мүслім, №398 хадис; Нәсәи-387-баб/991-хадис

¹¹⁵ Тирмизи – 1/317бет, №313 хадис.

عن أَبِي الدَّرْدَاءِ (فقيه الشام) سَمِعَهُ يَقُولُ سُئِلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنِي كُلِّ صَلَاةٍ قِرَاءَةٌ قَالَ نَعَمْ قَالَ رَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ وَجَبَتْ هَذِهِ فَأَلْتَمَتْ إِلَيَّ وَكُنْتُ أَقْرَبَ الْقَوْمِ مِنْهُ فَقَالَ مَا أَرَى الْإِمَامَ إِذَا أَمَّ الْقَوْمَ إِلَّا قَدْ كَفَاهُمْ

«Бір кісі Пайгамбарымыздан: "Барлық намазда қырағат етіле ме? – деп сұрағанда, Алла елшісі: "Иә" – деп жауап береді. Сонда жаңағы кісі: «бұл маған міндет болды» дейді. (Әбу Дарда айтады) Сол кезде басқалардан гөрі мен Пайгамбарымызға ең жақынырақ түр едім, Ол (с.а.у.) маған бұрылып: "Алайда намазда имам болып тұрған имамның оқығаны жасамағатқа жеткілікті", – деген еді¹¹⁶».

Имам Мәліктің «Әл-Муатта» атты хадис кітабындағы риуаятта:

حَدَّثَنِي يَحْيَى، عَنْ مَالِكٍ، عَنْ نَافِعٍ، أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ، كَانَ إِذَا سُئِلَ هَلْ يَقْرَأُ أَحَدٌ خَلْفَ الْإِمَامِ قَالَ إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ خَلْفَ الْإِمَامِ فَحَسْبُهُ قِرَاءَةُ الْإِمَامِ وَإِذَا صَلَّى وَحْدَهُ فَلْيَقْرَأْ . قَالَ وَكَانَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ عُمَرَ لَا يَقْرَأُ خَلْفَ الْإِمَامِ . رواه مالك بن أنس

Сахаба Абдулла ибн Омардан (р.а.) **«Имамның артында тұрған адам қырағат ете ме?»¹¹⁷**, – деп сұрағанда Ол (р.а.): **«Кім де кім имамға ұйып намаз**

¹¹⁶ Дарақұтни сүнәні, 2/125-бет, №1262 хадис.

¹¹⁷ Фатиха мен қосымша сүре оқу

оқыса, имамның қырағат етуі жеткілікті. Ал, оңаша оқыған кезде қырағат етсін»¹¹⁸, – деп, жауап берген. Әрі қарай хадисті риуаят етуші кісі сөзін былай жалғастырады: **«Сахаба Абдулла ибн Омар имамның артында тұрғанда қырағат етпейтін».**

Жоғарыда келтірілген хадистердің барлығы имамға ұйыған кісі Фатиха мен қосымша сүрені оқымайтындығына дәлел бола алады.

Кей ғалымдар сахаба Әбу Нұрайра мен Айша (Оларға Алла разы болсын) анамыздан риуаят етілген: **«Фатиха» сүресі оқылмаған намаз толық емес»** деген хадиске сүйеніп, имамның артындағы жамағат та оқуы керек дегенді алға тартады. Алайда, аталмыш хадис оған дәлел бола алмайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл өсиетін намазды оңаша оқитындарға қаратып айтқан болуы мүмкін. Бұлай деуіміздің себебі Сахаба Жәбірден (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن جابر عن أبي الزبير عن جابر قال قال رسول الله صلى الله عليه و سلم: مَنْ كَانَ لَهُ إِمَامٌ فَقَرَأَهُ الْإِمَامُ لَهُ قِرَاءَةً. رواه ابن ماجه حسن

«Кім имамға ұйыған болса, имамның қырағат етуі оның да қырағаты болып есептеледі»¹¹⁹, – деген¹²⁰.

¹¹⁸ әл-Муатта Имам Мәлік – 1/86-бет: 10-баб, 43-хадис

¹¹⁹ Ибн Мажә, 376-бет/ 850-хадис; Зәуәиду Сүнән Дарақұтни, №563 хадис.

¹²⁰ Имам Тахауи, Шарху Мағанил Әсәр, Имамның артында қырағат ету бабы. 4/89-бет.

Әнас ибн Сириннің риуаяты бойынша, Омар ибн Хаттаб:

وَأَنَّسُ بْنُ سَيْرِينَ قَالَ: قَالَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ: ”تَكْفِيكَ قِرَاءَةُ
الإِمَامِ“. رواه ابن أبي شيبة في ”المصنف

«Саған имамның оқуы жеткілікті», – деген.

Бұнымен қатар, «**Фатиха**» оқымаған адамның намазы жоқ» деген хадиске Имам Ахмад ибн Ханбал: «Бұл хадис өз бетінше оңаша оқитындарға қатысты айтылған», – деп түсіндірме жасағанын қаперге салғымыз келеді¹²¹.

Осы жерде ескерте кетелік, кешігіп келіп имамға ұйыған адам имам сәлем бергеннен кейін орнынан тұрып, «Фатиха» және зам (қосымша) сүрелерін оқиды. Өйткені, ол өз бетінше оқитындардың қатарынан саналады.



¹²¹ Ибн Әби Шәйбә, «ман раххаса филь қираәтә халфәл имам», №9 хадис.

«Әмин» дұғасы

Намазда тұрғанда «Фатиха» сүресінен кейін «Әмин» деп дұға жасау – сүннет. Ханафи мәзһабы мен Мәлики мәзһабында¹²² бұл дұға іштей айтылады. Өйткені, Құранда Алла тағала: **«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде дұға етіндер»**¹²³, – дей келе жасырын айтылған дұғалардың абзал екенін білдіріп тұр.

ادْعُوا رَبَّكُمْ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً

«Әмин» дұға болғандықтан жасырын айтылғаны абзал. Оның үстіне, Пайғамбарымыздан жеткен бір-неше хадисте «Әминді» іштей айтудың абзал екендігі білдірілген. Атап айтсақ:

Хадисші Хаким ән-Нисабури Бұхари мен Мүслімнің хадис қабылдау өлшемдерін (критерий) қолдана отырып жинақтаған «Мүстәдрак» атты хадистер жинағында келтірілген риуаятта Уәйілдің Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге намаз оқығандығы айтылады.

عن علقمة بن وائل، عن أبيه: أنه صلى مع النبي صلى الله عليه وسلم حين قال: "غير المغضوب عليهم ولا الضالين" قال امين يخفئُ بِهَا صَوْتَهُ. رَوَاهُ الْحَاكِمُ: هَذَا حَدِيثٌ صَحِيحٌ عَلَى شَرَطِ الشَّيْخَيْنِ وَ لَمْ يَخْرُجَاهُ

¹²² Абдул Уәһһаб әл-Бағдади, Өт-Төлқин – 1/107-бет.

¹²³ «Ағраф» сүресі, 55-аят.

Уәйілдің айтуы бойынша: *«Пайғамбарымызбен бірге намаз оқығанда Пайғамбарымыз «Ғайрил мағдуби галәйһим уәләддалин» дегеннен кейін дауысын бәсеңдетіп «Әмин» деген»*¹²⁴.

Хақим аталмыш хадис жайында: *«Бұл хадис – сахих. Оны Бұхари мен Мүслім кітаптарында келтірмегенімен олардың хадис қабылдау шарттарына сай»,* – дейді.

Бұдан басқа, Әбу Нұрайра (р.а) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَالَ الْإِمَامُ
 { غَيْرِ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ } فَقُولُوا آمِينَ فَإِنَّ الْمَلَائِكَةَ
 تَقُولُ آمِينَ وَإِنَّ الْإِمَامَ يَقُولُ آمِينَ فَمَنْ وَافَقَ تَأْمِينَهُ تَأْمِينَ الْمَلَائِكَةِ
 غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

*«Имам «ғайрил мағдуби галәйһим уәләддалин» деген кезде сендер де «Әмин» деңдер. Себебі, періштелер «Әмин» дейді, имам да «Әмин» дейді. «Әминді» айтқан кісінің бұл дұғасы періштелердің «Әмин» деп, айтқан сәтіне дәл келсе, оның өткен күнәлары кешіріледі»*¹²⁵.
 Хадистің дәрежесі – сахих.

Ханафи ғалымдары бұл хадистегі имамның да «әмин»

¹²⁴ әл-Хақим ән-Нисабури Мүстәдрәк – 2-том/253-бет, (42) 2913 хадис; Тирмизи, Сыфғатус салә, №248 хадис түсіндірмесі. Тирмизи бұны зайыф дегеннен гөрі хасанға жақын деген. Сондай-ақ, Мұхаддис әл-Хақим де бұл хадисті «Сахих» деген. (Зайлағи, Насбур Риуая – 1/370-бет.)

¹²⁵ Нәсәи, әс-Сүнәнүл-күбра – 2/ 479-бет, №1001 хадис.

дегенін негізге алып, «әминді» іштей айтуды сүннет деп білген. Себебі, «әмин» сөзін имам жасырын айтпайтын болса, Пайғамбарымыз имамның да «әмин» дейтінін жамағатқа білдірмес еді. Яғни, періштелер мен имамның «әмин» деуі жамағатқа естілмейтін болғандықтан Пайғамбарымыз (с.а.у.) «себебі, періштелер «әмин» дейді, имам да «әмин» дейді» деп, олардың да «әминді» айтатындығын білдіріп түр. (Дұрысы Аллаға мәлім).

Сондай-ақ, осы хадиске сүйеніп «Имам фатиха оқып болғаннан кейін «әминді» дауыстап айту керек» деген тұжырым жасау қате. Өйткені бұл жерде әминді «жәрия айтады» деген сөз жоқ. Оның үстіне, имам айтқан дұғалардың бәрін дауыстап айту шарт болса, оның келтірген тәкбірін (Аллаһу әкбәр), тәсмиғын (самияллаһу лимән хәмидәһ), тәслимін (әс-сәләму ғалейкум) дауыстап айту керек болады. Себебі сахаба Әбу Нұрайра (р.а.) риуаят еткен басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن أَبِي هُرَيْرَةَ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ): إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِئَوْتَمَّ بِهِ، فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا، وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا، وَإِذَا قَرَأَ فَأَنْصِتُوا

«Сөзсіз имамға үю керек. Егер Имам, «Аллаһу әкбар» десе, сендер де солай айтыңдар. Ал, қашан Құран оқыса, (намазда) тыңдап тұрыңдар!»¹²⁶, –

¹²⁶ Дарақұтни сүнәні, Имамға үйну бабы – 2/115-бет, №1243 хадис. Сахих.

деген. (Сахих). Бірақ, бұл хадистегі бұйрыққа сүйеніп, имамға ұйыған ешкім «тәкбірді (Аллаһу әкбәрды)» жария айтпайды.

Мәзһабты мойындамайтындар шейх санайтын Насруддин Әлбани да «Әминді» дауыстап айтуды қолдамайды. Ол өзінің «Тәмәмул-минна фит-таблиқ ала фикһус сунна» атты кітабында былай дейді: *«Жамағаттың да имаммен бірге «Әминді» дауыстап айтуы керек дейтіндердің: «Сахаба Зубайр және артындағылар «Әминді» айтқанда мешіт жаңғырып кетті» дейтін уәжінен өзге «дәлелі» жоқ. Бірақ, мұның өзі «Әминді» жамағаттың да дауыстап айтуына негіз бола алмайды. Себебі, бұл хадисті жеткізушілердің тізбегі Пайғамбарымызға (с.а.у.) «жетпеген» (марфуғ болмаған). Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дауыстап айтқанына байланысты бірқатар хадистер бар. Бірақ, ешбірінде Алла елиісінің артындағы сахабалардың да қосылып, «Әминді» жария айтқандықтары келтірілмеген. «Әминнің» дұға екені белгілі. Негізінде дұға іштей айтылады. Өйткені, Алла тағала: «Раббыларыңа жалбарынып, іштей (құпия) тілеңдер!», – деген. Ал, бұған құлақ аспауға негіз болатындай сахих хадистен дәлел жоқ»¹²⁷.*

Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Іштей тілек тілеу – жария жетпіс тілекке тең» дегенін де ескерер болсақ, «Әмин» дұғасын іштей айтқан абзал. Намазда «Сүбхана раббиял-ағла», «Сүбхана раббиял-азим», «Сүбханака»,

¹²⁷ Мұхаммед Насриддин Әлбани, Тәмәмул-минна фит-таблиқ ала фикһус-сунна, 177-бет

«Әт-Тәхият» секілді басқа барлық дұғалардың іштей айтылатындығы «Әминнің» құпия айтылуына тағы бір дәлел.

Бұған қоса, бізге жеткен хадистердің бір де біреуінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Әминді» дауыстап айтыңдар» деп кесіп айтқан тікелей әмірі жоқ. Тек «Имам «Уәләд-даллин» деген кезде «Әмин» деп айтыңдар» деген әмірі бар.

Мүслімдегі сахих хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

«Имам (рүкүғтан түрегеліп жатып) «Сәмиғаллаһу лиман хамидаһ» дегенде сендер «Аллаһумма Раббәнә ләкәл хамд» деп, айтыңдар. Егер кім де кімнің сол айтқаны періштелердің айтқан сәтіне сәйкес келсе, оның өткен күнәлары кешіріледі»¹²⁸, – деген. Ешбір мәзһабта рүкүғтан тұрған кезде «Аллаһумма Раббәнә ләкәл хамд» деген хадисті негізге алып, жария айтпайтыны белгілі.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Әминді» дауыстамай, іштей айтқандығын айғақтайтын бірнеше нақты деректерді хадис кітаптарында кезіктіруге болады. Әбу Дәуідтің хадистер жинағында риуаят етілген хадисте Әбу Һурайраның айтуы бойынша:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ : كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا تَلَا
غَيْرَ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ” قَالَ ” آمِينَ ” حَتَّى يُسْمِعَ مَنْ
يَلِيهِ مِنَ الصَّفِّ الْأَوَّلِ. رواه أبو داود

¹²⁸ Сахих Мүслім, Китабус Сала – №409-хадис; Тирмизи 1/272-бет, №267 хадис.

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Ғайрил магдуби галәйһим уәләддалин» аятын оқығаннан кейін, бірінші саптағы оған жақын тұрған адамға естілетіндей «Әмин» дейтін»¹²⁹.

Аталмыш хадисте Пайғамбарымыз «әминді» жақын тұрған кісі ғана ести алатындай бәсен дауыспен айтқандығын ұғынуға болады. Демек, Алла Елшісі «әминді» дауыстап айтпайтын.

Рас, кейбір риуаяттарда Пайғамбарымыз (с.а.у.) «әминді» көтеріңкі дауыспен айтқандығы баяндалады¹³⁰. Алайда, Алла Елшісі мұны артта тұрған жамағатқа үйрету мақсатында айтқан болуы мүмкін. Бұл сөзімізді мына төмендегі риуаят дәлелдесе керек.

عَنْ أَبِي سَكَنٍ حُجْرِ بْنِ عَنَسِ بْنِ التَّفَيْيِ ، قَالَ : سَمِعْتُ وَائِلَ بْنَ حُجْرٍ الْحَضْرَمِيِّ ، يَقُولُ : ” رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ حِينَ فَرَعَ مِنَ الصَّلَاةِ حَتَّى رَأَيْتُ حَدَّهُ مِنْ هَذَا الْجَانِبِ وَمِنْ هَذَا الْجَانِبِ وَقَرَأَ غَيْرَ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ فَقَالَ : ” آمِينَ ” يَمُدُّ بِهَا صَوْتَهُ (قال) مَا أَرَأَهُ إِلَّا يَعْلمُنَا.”

«Әбу Сакан Хужр ибн Ғанбас әс-Сақафи риуаят еткен хадисте: *«Уайл ибн Хужр әл-Хадрамыдың былай дегенін естідім: «Намаздан кейін Пайғамбарымызды (с.а.у.) көрдім, тіпті, оның жүзін мына жағынан да, ана жағынан да көре алдым. Ол: «ғайрил магдуби алайһим*

¹²⁹ Әбу Дәуіт, Бабут тәмин уәрәл Иман – №934 хадис

¹³⁰ Әбу Дәуіт, Бабут тәмин уәрәл Иман – №932 хадис

уәладаллин» аятын оқығаннан соң «әмин» деп даусын созды. Мен мұны тек бізге үйрету үшін осылай істеді деп ойлаймын».

Міне, пайғамбарымыздың (с.а.у.) «әминді» дауыстап оқығандығын риуаят еткен Уайл ибн Хужрдің өзі, аталмыш риуаятта әминді үйрету мақсатында естіртіп айтқандығын тілге алып отыр. «Әминді» дауыстап айтуға байланысты хадистердің дені Уайл ибн Хужрдан риуаят етілгенін ескерсек, «әминді үйрету мақсатында дауыстап айтуы мүмкін» деген тұжырымдаманың қаншалықты негізді екенін аңғаруға болады¹³¹.



¹³¹ Қ.Жолдыбайұлы, «Дін мен Діл» – 2.

Рүкүф жасау

Намазда қырағаттан кейін иіліп, рүкүфқа барады. Рүкүфқа бару – парыз.

Бұл - Ұлы Жаратушының бұйрығы: «Ей, иман еткендер! Раббыларына рүкүф, сәжде жасап, мінәжат етіңдер!»¹³², – дейді.

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا ارْكَعُوا وَاسْجُدُوا وَاعْبُدُوا رَبَّكُمْ

1. Қырағат еткеннен кейін «Аллаһу әкбар» деп, рүкүфқа барған ер кісі сүннетке сай саусақтарының арасын ашып, екі қолын тізесіне таяп, арқасын тік ұстайды. Рүкүфқа барған адам басын салбыратпай, не болмаса көтермей, арқасымен бір деңгейде ұстайды¹³³. Рүкүфта аяғының ұшына қарау – мұстахаб¹³⁴.

Алқама әкесінің мына сөзін риуаят етеді:

عن علقمة بن وائل عن أبيه: ”أن النبي (صلى الله عليه و سلم) كان إذا ركع فرج أصابعه ، وإذا سجد ضم أصابعه الخمس“ روي في سنن دارقطني و في صحيح ابن خزيمة

«Пайгамбарымыз рүкүфқа барған кезде саусақтарының араларын ашатын, ал сәждеде саусақтарының араларын біріктіретін», – деген¹³⁵.

¹³² «Хаж» сүресі, 77-аят.

¹³³ Маусули, Ихтияр – 1/173 бет; Нурул Изах – 27-бет, Сунәнус Сала

¹³⁴ Нурул изах, Әдәбус сала.

¹³⁵ Дарукутни, Китабус Сала – (3) 1267; Сахиху Ибни Хузайма – 1/301-бет, №594 хадис.

Уәбиса ибн Мағбад былай дейді:

حَدَّثَنَا طَلْحَةُ بْنُ زَيْدٍ عَنْ رَاشِدٍ قَالَ سَمِعْتُ وَابِصَةَ بِنَ مَعْبِدٍ يَقُولُ
رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُصَلِّي فَكَانَ إِذَا رَكَعَ سَوَى
ظَهْرَهُ حَتَّى لَوْ ضَبَّ عَلَيْهِ الْمَاءُ لَأَسْتَقَرَّ. رواه ابن ماجه صحيح

«Пайғамбарымыздың намаз оқығанын көрдім. Рүкүгқа барғанда арқасын түзу ұстайтыны соншалықты, су құюлы ыдыс қойса, төгілмес еді» (сахих)¹³⁶.

Хадисші ғалым Әбу Дәуіт өзінің «сүнәһында» келтірген хадисінде ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن رفاعه بن رافع قال: ... وَإِذَا رَكَعْتَ فَضَع رَاحَتَيْكَ عَلَى رُكْبَتَيْكَ
وَامْدُدْ ظَهْرَكَ. صحيح

«...Рүкүгқа барғанда алақаныңды тізеңе қой да арқаңды созып (түзу) ұста!»¹³⁷, – деген.

Айша анамыз былай дейді:

عن عائشة قالت: ” عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ إِذَا رَكَعَ لَمْ يَشْخِصْ رَأْسَهُ وَلَمْ يُصَوِّبْهُ وَلَكِنْ بَيْنَ ذَلِكَ...“ . رواه
أبو داود. إسناده صحيح

«...Пайғамбарымыз (с.а.у.) рүкүгқа барғанда басын тым тұқыратпайтын да, әрі көтермейтін де.

¹³⁶ Ибн Мажә сүнәһи – 383-бет, 872-хадис.

¹³⁷ Әбу Дәуіт, Сыффатус-салә – 859-хадис. Сахих; Ибн Мажәда ұқсас хадис №872 хадис.

Екеуінің арасындағы бір деңгейді ұстайтын...»¹³⁸. (Сахих).

3. Рүкүғта ең кемі үш рет «Сүбхана раббиял азим» (Үлық ием мінсіз, кемшіліктен пәк) деген дұғаны айту – сүннет¹³⁹.

Хадисші Ибн Мажә өз «сүнәнында» Хузайфа ибн Яманның мына хадисін келтіреді:

عن حذيفة بن اليمان أنه سمع رسول الله صلى الله عليه وسلم يقول
إِذَا رَكَعَ : سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ، وَإِذَا سَجَدَ قَالَ: سُبْحَانَ
رَبِّيَ الْأَعْلَى ثَلَاثَ مَرَّاتٍ ”. رواه ابن ماجه صحيح

«Сахаба Хузайфа Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Рүкүға барған кезде үш рет «Сүбхана раббиял азим», ал, сәждеде үш рет «Сүбхана раббиял агла» дегенін естіген»¹⁴⁰. (сахих).

4. Рүкүғқа барғанда және рүкүғдан басын көтергенде ең кемі бір рет «Сүбханаллаһ» дейтіндей уақыт кідіру Әбу Ханифа мен оның шәкірті Имам Мұхаммедтің пікірі бойынша, уәжіп. Ал, Имам Әбу Юсуф оны «парыз» деген¹⁴¹.

Хадисші ғалым Әбу Дәуіт өзінің еңбегінде келтірген риуаятта, намазын тез оқыған кісіні Пайғамбарымыз (с.а.у.) шақырып алып:

¹³⁸ Әбу Дәуіт, 2/88-бет, №783 хадис.

¹³⁹ Нурул Изах – 27-бет. Сүнәнүс сала.

¹⁴⁰ Ибн Мажә – 388-бет, 888-хадис; Әбу Дәуіт, №886 хадис; Тирмизи, №262 хадис.

¹⁴¹ Ибн Ғабин: Раддул мухтар – 2/157-158 беттер; Бәдаиғ, 1/686-бет.

عن أبي هرير قال (رسول الله صلى الله عليه و سلم): إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ , ثُمَّ اقْرَأْ مَا تَيَسَّرَ مَعَكَ مِنَ الْقُرْآنِ , ثُمَّ ارْكَعْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ رَاكِعاً , ثُمَّ ارْزُقْ حَتَّى تَعْتَدِلَ قَائِماً , ثُمَّ اسْجُدْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ سَاجِداً , ثُمَّ ارْزُقْ حَتَّى تَطْمَئِنَّ جَالِساً . وَافْعَلْ ذَلِكَ فِي صَلَاتِكَ كُلِّهَا.
رواه أبو داود إسناده صحيح

«Намазға тұрғанда «тәкбір тахрим» айт. Кейін Құраннан жеңіл келгенін (жадында жақсы сақталғанын, өзіңе ыңғайлы болғанын) оқы. Сосын рүкүға барғанда, толық иілгеніңе көзің жетсін. Рүкүддан тұрғанда бойыңды түзу ұста. Сәждеге бас қойғаныңда сәжде еткеніңе көзің жетсін. Кейін сәждеден басыңды көтеріп, толықтай отырғаныңа көз жеткіз. Барлық намаздарыңды осылай орында»,- деген еді¹⁴².

5. Рүкүғтан бас көтеріп жатып: «Сәмиғаллаһу лиман хамидаһ» (Алла өзіне мақтау айтқанды естиді) дейді. Бойын тіктеген соң «Раббәнә ләкәл хамд» (Раббым! Барлық мақтау сен үшін) деп, айтады. Бұларды айту – сүннет¹⁴³.

Сахих Мүслімде Сахаба Әбу Һұрайрадан риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз былай дейді:

¹⁴² Әбу Дәуіт, №856 хадис. Сахих.

¹⁴³ Таһмаз, әл-Фикһул Ханафи – 1/221-бет.

عن أبي هريرة أن رسول الله (صلى الله عليه و سلم) قال: ” إِذَا قَالَ
الإمام سَمِعَ اللهُ لِمَنْ حَمِدَهُ فَقُولُوا اللَّهُمَّ رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ فَإِنَّهُ مَنْ وَاَفَقَ
قَوْلُهُ قَوْلَ الْمَلَائِكَةِ عُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ“. رواه المسلم

*«Имам (рүкүгтан тұрып жатып) «Сәмигаллаһу
лиман хамидаһ» дегенде сендер «Аллаһумма Раббәнә
ләкәл хамд» деп айтыңдар. Егер кімнің сол айтқаны
періштелердің айтқан сәтіне сәйкес келсе, оның
өткен күнәлары кешіріледі»¹⁴⁴.*



¹⁴⁴ Сахих Мүслим, Китабус Сала – №409-хадис; Тирмизи 1/272-бет, №267 хадис.

Сәжде

Рүкүфтан бас көтеріп: «Сәмиғаллаһу лиман хамидаһ» деп, толықтай тіктелген соң «Раббәнә ләкәл хамд» дейді. Содан кейін сәждеге барады. Сәжде жасау – парыз¹⁴⁵.

Сәжде мына төмендегі ретпен орындалады¹⁴⁶:

1. «Аллаһу әкбар» деп алдымен тізерлейді, содан кейін қолын жерге тигізеді. Екі қол арасына маңдайын қояды. Бұл жайында әл-Хақим ән-Нисабури өзінің «әл-Мүстәдрак» атты кітабында риуаят еткен хадисте сахаба Әнәс былай деген:

عن أنس قال: رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَبَّرَ فَحَادَى بِإِبْهَامَيْهِ أُذُنَيْهِ ثُمَّ رَكَعَ حَتَّى اسْتَقَرَّ كُلُّ مَفْصِلٍ مِنْهُ ، وَانْحَطَّ بِالتَّكْبِيرِ حَتَّى سَبَقَتْ رُكْبَتَاهُ يَدَيْهِ. رواه الحاكم. (إسناده صحيح، و لا أعرف له علة)

«Мен Пайгамбарымыздың тәкбір алғанда екі басбармағын құлақ тұсына келтіргенін көрдім. Кейін буындарын толықтай орнықтырып рүкүг жасады. Сосын «Аллаһу әкбәр» деді де, қолынан бұрын тізесін қойып (сәждеге) барды»¹⁴⁷.

Бұл риуаят жайында аталмыш хадисші ғалым былай дейді: Бұл - Бухари мен Мүслімнің хадис қабылдау

¹⁴⁵ Тирмизи, №272 хадис. Сахих; Бұхари, №812 хадис.

¹⁴⁶ Тахмаз, әл-Фикһул Ханафи, 1/223-бет.

¹⁴⁷ әл-Хақим, Мүстадрак – 1/349-бет, (149) 822-хадис.

шарттарына сай «сахих» жолмен келген. Ол хадистен қандай да бір мін таппадым.

Тағы бір хадисте Уәйл ибн Хужр былай деген:

عن وائل بن حجر قال: رأيتُ رسولَ الله (صلى الله عليه و سلم) إذا سجد يَضَعُ ركبتيه قبلَ يديه، وإذا نهَضَ رفعَ يديه قبلَ رُكْبتيه. رواه (الترمذي (هذا حديث غريب حسن

«Мен Пайгамбарымыздың сәждеге барарда қолдарынан бұрын тизесін жерге тигізгенін (тізерлегенін) көрдім. Ал, сәждеден тұрарда тізеден бұрын қолын көтеретін еді»¹⁴⁸. (Хасан).

Имам Байһақи өзінің «әс-Сүнәнүл-кубра» атты хадис жинағында былай дейді:

“وَرَوَيْنَا عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ ، وَعَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ ، فِي وَضْعِ
الرُّكْبَتَيْنِ قَبْلَ الْيَدَيْنِ مِنْ فِغْلِهِمَا”.

«Омар ибн әл-Хаттаб пен Абдулла ибн Мәсғудтың (сәждеге барарда) алдымен тізелерін қоятындықтары бізге риуаят етілді»¹⁴⁹.

2. Сәждеге барған кісі екі қолдың арасына маңдайын қойып, мұрнын жерге тигізеді. Қол құлақ тұсында болады¹⁵⁰. Бұған дәлел:

¹⁴⁸ Тирмизи – 1\273-бет, 268-хадис. Хадис ғариб-хасан; Әбу Дәуіт – 2/130-бет, №839 хадис. Хасан; Ибн Мажә – 882.

¹⁴⁹ Байһақи – 2/143-бет.

¹⁵⁰ Ихтияр, – 1/177-бет.

Әбу Исхақ былай дейді:

عَنْ أَبِي إِسْحَاقَ قَالَ قُلْتُ لِلْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ أَيْنَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَضَعُ وَجْهَهُ إِذَا سَجَدَ فَقَالَ بَيْنَ كَفْيَيْهِ. رواه الترمذي: حسن

صحیح غریب.

«Сахаба Барраа ибн Ыазибтен: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) сәждеде маңдайын қай жерге қоятын еді?», - деп сұрағанымда, ол (р.а.): «Екі қолының арасына», - деп жауап берді¹⁵¹.

Тағы бір хадисте Әбу Хумайди әс-Сағиди былай дейді:

عن أبي حميد الساعدي: ”أَنَّ النَّبِيَّ (صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ) كَانَ إِذَا سَجَدَ أَمَكَنَ أَنْفَهُ وَجَبْهَتَهُ مِنَ الْأَرْضِ...“. رواه الترمذي: حسن

صحیح

«Пайғамбарымыз сәжде жасағанда мұрны мен маңдайын жерге толық тигізетін (орналасыратын)...»¹⁵². (Сахих).

3. Сәждеде білекті жерге тигізбей, жоғары ұстау керек. Бұған мына хадис дәлел: «Сахих Мүслімде» келтірілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن البراء قال: قال رسول الله (صلى الله عليه وسلم): ” إِذَا سَجَدْتَ فَضَعْ كَفِّيكَ وَارْفَعْ مِرْفَقَيْكَ“. رواه مسلم

¹⁵¹ Тирмизи, 271-хадис. Сахих, ғариб, хасан.

¹⁵² Тирмизи, 270-хадис. Сахих; Әбу Дәуіт, Салә, №894 хадис.

«Егер сәжде жасайтын болсаң, алақаныңды жерге қойып, шынтағыңды көтер»¹⁵³, – деген.

Әнәстан риуаят етілген басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن أنس قال: قال رسول الله (صلى الله عليه و سلم) *«إِعْتَدِلُوا فِي السُّجُودِ، وَلَا يَبْسُطُ أَحَدُكُمْ ذِرَاعَيْهِ انْبِسَاطَ الْكَلْبِ»*. رواه مسلم

«Сәжделеріңді дұрыс жасаңдар, иттерге ұқсап, білектеріңді жерге қоймаңдар!»¹⁵⁴ – деген.

4. Сәждеде қолтықты қыспай, ашық ұстау – сүннет¹⁵⁵. Ал жамағатпен оқыған кезде қасындағы адамға кедергі келтіретін болса, онда шынтақтарын өкпе тұсына тақап ұстайды¹⁵⁶.

«Сахих Мүслімде» келтірілген сахих хадисте Абдулла ибн Мәлік былай дейді:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَجَدَ يَجْنَحُ فِي سُجُودِهِ حَتَّى يُرَى وَضَحُ إِبْطَيْهِ. رواه مسلم

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) сәждеге барғанда екі білегін екі жағына ашып ұстайтыны соншалық, қолтығының ағы көрінетін»¹⁵⁷.

¹⁵³ Мүслім, 494-хадис.

¹⁵⁴ Мүслім, 493-хадис.

¹⁵⁵ Әш-Шарнубуләли, Нурул изах – 27-бет. Сүнәнус сала.

¹⁵⁶ Бахрур Раик, Китабус-салә; Айни, Биная -2/247; Нуруль изах-27 бет.

Сүнәнус сала.

¹⁵⁷ ән-Нәуәуи, Шарх Мүслім, №495 хадис.

5. Сәждеде қарны мен санының арасын ашық ұстайды. Бұл – сүннет¹⁵⁸.

عن مَيْمُونَةَ قَالَتْ: ”كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَجَدَ لَوْ شَاءَتْ بِهِمَّةٌ أَنْ تَمَرَ بَيْنَ يَدَيْهِ لَمَرَّتْ“. رواه مسلم

Мәймуна былай дейді: *«Пайғамбарымыздың сәждеде (саны мен қарнының) арасы қозы өтіп кететіндей ашық болатын»*¹⁵⁹.

6. Сәжде кезінде екі аяқты ауаға көтермей, аяқтың башпайларын құбылаға қаратып, жерге тигізеді¹⁶⁰.

عن أبي حميد عن النبي (صلى الله عليه و سلم):... فَإِذَا سَجَدَ وَضَعَ يَدَيْهِ غَيْرَ مُفْتَرِشٍ وَلَا قَابِضِهِمَا وَاسْتَقْبَلَ بِأَطْرَافِ أَصَابِعِ رِجْلَيْهِ...“
رواه البخاري

Имам Бұхаридің хадистер жинағында келтірілген бір риуаятта Сахаба Әбу Хумайд Сағиди Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қалай сәжде жасағанын былай суреттейді: *«...Ол кісі сәждеге қолын қойғанда білегін жерге тигізбейтін әрі (оны екі бүйіріне) жабыстырмайтын. Ал, (сәждеде) басыпайларын*

¹⁵⁸ Бахрур Раик, Китабус-салә; Айни, Биная -2/247

¹⁵⁹ Мүслім, №496 хадис.; Хидая, Сыффатус-салә – 1/129 бет.

¹⁶⁰ Бахрур Раик – 1/556 бет.; Майдани, Лубаб – 1/70 бет.

құбылага қарататын...»¹⁶¹.

7. Сәждеде ең кемі үш мәрте «Сұбхана раббиял ағла» деп тәсбих айтады. Бұл – сүннет¹⁶².

عن حذيفة بن اليمان أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ
إِذَا رَكَعَ : سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ، وَإِذَا سَجَدَ قَالَ: سُبْحَانَ
رَبِّيَ الْأَعْلَى ثَلَاثَ مَرَّاتٍ ”. رواه ابن ماجه (صحيح) و الترمذي و أبو
داود حسن لغيره

*«Сахаба Хузайфа Пайгамбарымыздың (с.а.у.) «Рү-
күгта үш рет «Субхана раббиял азим», сәждеде үш
рет «Сұбхана раббиял ағла» деп айтғанын естіген»¹⁶³.*

8. Бұдан соң «Аллаһу әкбар» деп басын сәждеден көтереді де отырады. Отырыста «Сұбхан-Аллаһ» айтылатындай қысқа уақыт кідіріп, екінші мәрте сәждеге барады. Екінші сәждеге бару – парыз¹⁶⁴. Оның парыздығы «ижмәмен» бекітілген¹⁶⁵.

9. Екі сәжде арасында кідіру – уәжіп. Бұл – Имам Әбу Юсуф (р.а.) бойынша. Ал, Имам Ағзам Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммедтің (р.а.) пәтуасында

¹⁶¹ Сахих Бұхари – 794 хадис. –Фатхул Бари:

القبلة المراد أن يجعل قدميه قائمتين على بطون أصابعهما وعقباه مرتفعان فيستقبل بظهور قدميه

¹⁶² Нурул изах – 27 бет. Сүнәнус сала.

¹⁶³ Ибн Мәжә – 388бет/888 хадис; Әбу Дәуіт – 2/162-бет, 886-хадис. Хасан ли ғойрихи.

¹⁶⁴ Бұл кітаптың алғашқы баспасында екінші сәждеге бару уәжіп делінген. Бұл автор тарапынан жіберілген қате, кешірім өтіңемін..

¹⁶⁵ Шүрнүбүләли: Имдәдуль Фаттах – 239 бет; Ибн Ғабидин; Әл-Касани: Бадаиғ

екі сәжде арасы кідіру – сүннет¹⁶⁶.

Екі сәжде арасы кідіру жайында «Сахих Мүслімде» келтірілген хадисте сахаба Әнәс былай дейді:

عن أنس قال: ... كان رسول الله (صلى الله عليه و سلم) ... ثُمَّ يَسْجُدُ
وَ يَقْعُدُ بَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ حَتَّى نَقُولَ: "قَدْ أَوْهَمَ". رواه مسلم

«... (Пайгамбарымыз сәжде жасағанда екі сәжде арасында (ұзақ отырып қалатыны соншалық): «Сірә, (намазда екенін немесе екінші сәждені жасауды) ұмытып кетті ме», - деп ойлаушы едік»¹⁶⁷.



¹⁶⁶ Шүрнүбүләли: Имдәдуль Фаттах – 275 бет.

¹⁶⁷ Сахих Мүслім – 218-бет, 473-хадис.

«ӘТТӘХИЯТ» ОТЫРЫСЫ

1. Намаздың соңғы отырысында «тәшәһһуд (әттәхият)» дұғасы оқылатындай уақыт отыру – парыз¹⁶⁸. Ал, «тәшәһһуд» дұғасын оқу – уәжіп.

Хадис кітаптарында айтылғандай Алла елшісі сахаба Абдулла ибн Мәсғудтың қолынан ұстап алып, оған тәшәһһуд дұғасын үйретеді. Сосын былай дейді: *«Егер, осыны айтсаң, намазды өтеген боласың. Одан соң тұрғың келсе тұр, тұрғың келмесе әрі қарай отыр»*, - деген¹⁶⁹.

Осы хадиске үңіліп қарасақ, намаз толық өтелді деуіміз үшін ең кемі «тәшәһһуд» дұғасындай отырған болуымыз керек екен. Хадистің арапша нұсқасы төмендегідей:

عن القاسم بن مخيمرة قال قال : أَخَذَ عَلَمَهُ بِيَدَيْ فَحَدَّثَنِي : ” أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَخَذَ بِيَدِهِ ، وَأَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَخَذَ بِيَدِهِ وَعَلَّمَهُ التَّشَهُدَ ، فَذَكَرَ التَّشَهُدَ عَلَى مَا ذَكَرْنَا عَنْ عَبْدِ اللَّهِ فِي بَابِ التَّشَهُدِ ، وَقَالَ : فَإِذَا فَعَلْتَ ذَلِكَ ، أَوْ قَضَيْتَ هَذَا فَقَدْ تَمَّتْ صَلَاتُكَ ، إِنْ شِئْتَ أَنْ تَقُومَ فَقُمْ ، وَإِنْ شِئْتَ أَنْ تَقْعُدَ

2. Төрт және үш рәкәғатты намаздардың екінші рәкәғатынан кейін отыру – уәжіп¹⁷⁰. Мұны «әуелгі отырыс» деп те атайды.

¹⁶⁸ Шүрунбүләли: Имдәдуль Фаттах – 241 бет.

¹⁶⁹ Шәүкәни: Нилуль Әуғар - №802 хадис.

¹⁷⁰ Бахрур-Раик – 1/524-бет.

Кейде Пайғамбарымыз (с.а.у.) әуелгісінде отырмай тұрып кеткен кездерінде «сәһу» сәждесін жасайтын. Бұл – әуелгі отырысқа отырудың уәжіп екендігіне дәлел.

Сахих Мүсәлімдегі хадисте Абдулла ибн Бухайна атты сахаба былай дейді:

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ بُحَيْنَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - أَنَّهُ قَالَ صَلَّى لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَكَعَتَيْنِ مِنْ بَعْضِ الصَّلَوَاتِ ثُمَّ قَامَ فَلَمْ يَجْلِسْ، فَقَامَ النَّاسُ مَعَهُ، فَلَمَّا قَضَى صَلَاتَهُ وَنَظَرْنَا تَسْلِيمَهُ كَبَّرَ قَبْلَ التَّسْلِيمِ فَسَجَدَ سَجْدَتَيْنِ وَهُوَ جَالِسٌ ثُمَّ سَلَّمَ

«Пайғамбарымыз намаздың бірінде бізге имам болып тұрғанда екінші рәкағаттан кейін (әуелгі отырысқа) отырмай тұрып кетті. Арттағы жамағат та онымен бірге тұрды. Намаздың соңында «сәлем беруін» күтіп тұрдық. Ол кісі тәкбір айтып отырған күйі сәлем берместен (қосымша) екі сәжде жасады. Артынша отырып, сәлем берді»¹⁷¹.

Осы жерде айта кетелік, Ханафи мәзһабында сәһу сәждесі оң жағына бір рет сәлем бергеннен кейін жасалады. Өйткені, Сахих Мүсәлімде келген тағы бір хадисте Абдулла ибн Масғұд:

عن عبد الله أن النبي (صلى الله عليه و سلم) سَجَدَ سَجْدَتِي السَّهْوِ، بَعْدَ السَّلَامِ وَ الْكَلَامِ. رواه مسلم

¹⁷¹ Сахих Мүсәлім- 570-хадис.

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) сәлемнен кейін сәһу сәждесін жасады», – деген¹⁷².

Сондай-ақ, Ибн Мәжәда риуаят етілген сахих хадисте Алқама былай дейді:

عن علقمة أن ابن مسعود سَجَدَ سَجْدَتِي السَّهْوِ بَعْدَ السَّلَامِ، وَ ذَكَرَ أَنَّ النَّبِيَّ (صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ) فَعَلَ ذَلِكَ. رواه ابن ماجه صحيح

«Абдулла ибн Мәсғуд сәлемнен кейін сәһу сәждесін жасап, Пайгамбарымыздың да солай істегенін айтты»¹⁷³.

3. Ханафи мәзһабы бойынша ер кісілер екі сәжде арасындағы отырыста және тәшәһһуд отырысында сол аяғын жамбасының астына басып, оң аяғының башпайларын құбылаға қарата қайырып, өкшелерін жоғары көтереді. Бұл – сүннет¹⁷⁴.

Тирмизидің «сүнәһінде» риуаят етілген хадисте сахаба Уә`иль ибн Хужр былай дейді:

عَنْ ابْنِ حُجْرٍ قَالَ : ” قَدِمْتُ الْمَدِينَةَ فُلْتُ لِأَنْظُرَنَّ إِلَى صَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ فَلَمَّا جَلَسَ يَعْنِي لِلتَّشَهُدِ افْتَرَشَ رِجْلَهُ الْيُسْرَى وَوَضَعَ يَدَهُ الْيُسْرَى يَعْنِي عَلَى فَخِذِهِ الْيُسْرَى وَنَضَبَ رِجْلَهُ الْيُمْنَى. رواه الترمذي (حسن

(صحيح

¹⁷² Сахих Мүслім- (571) 95-хадис

¹⁷³ Ибн Мажә, Фимән сәжәдәһума бағдас-сәләм – 2/279 бет, 1218-хадис.

¹⁷⁴ Әбдіхамид Таһмаз, әл фикһул Ханафи – 1/225 бет.; М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы: Ғылымхал – 160-бет. Алматы.

«Мен Мәдина қаласына келгенімде өз-өзіме «ардақты Пайғамбарымыздың намазды қалай оқитынын көруім керек» дедім. (Барып қарағанымда) Ол кісі тәшәһһудте сол аяғын төсеп, сол қолын соның үстіне қойды, яғни, сол аяғының санына. Сосын оң аяғын (башпайларын құбылага қаратып) тіктеді»¹⁷⁵.

Хадисші ғұлама Тирмизи «Бұл хадис - хасан, сахих. Суфян әс-Саури және куфалық ғалымдардың жолы», – деп баға берген.

Сондай-ақ, хадисші ғалым Нәсәи риуаят еткен басқа сахих хадисте сахаба Абдулла ибн Абдулла ибн Омар (Омардың немересі) әкесінен (яғни, Абдулла ибн Омардан) естігенін былайша жеткізеді:

عن عبد الله بن عبد الله بن عمر عن أبيه، قال: مِنْ سُنَّةِ الصَّلَاةِ أَنْ يَنْصِبَ الْقَدَمَ الْيُمْنَى وَاسْتِقْبَالَهُ بِأَصَابِعِهَا الْقِبْلَةَ وَالْجُلُوسَ عَلَى الْيُسْرَى. رواه النسائي

«Башпайларын құбылага қарата оң аяғын көтерін, сол аяққа отыру – намаз сүннеттерінің бірі»¹⁷⁶.

4. Тәшәһһуд отырысында саусақтарды тізеге жеткізіп, қолды санына қояды¹⁷⁷.

Сахих Мүслімдегі хадисте Әмір ибн Абдулла ибн Зүбәйір әкесінің (Абдулла ибн Зүбәйірдың) мына сөзін риуаят етеді:

¹⁷⁵ Тирмизи, «Кәйфаль Жулусу фит Тәшәһһуд» – 218 баб/292, 293 хадис; Әбу Дәуіт, 179-баб, №957 хадис.

¹⁷⁶ Нәсәи әс-Сүнәнүл-кубра – 373-бет/213-баб, №748 хадис.

¹⁷⁷ Е.Ыбырайым, Н.Сайлауұлы, «Намаз оқып үйренейік» – 33-бет

عَنْ عَامِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ، عَنْ أَبِيهِ، قَالَ: «كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَعَدَ يَدْعُو، وَضَعَ يَدَهُ الْيُمْنَى عَلَى فَخْذِهِ الْيُمْنَى، وَيَدَهُ الْيُسْرَى عَلَى فَخْذِهِ الْيُسْرَى... . رواه مسلم

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) намазда дұға (әттаһият) оқуға отырғанда оң қолын оң санының үстіне, сол қолын сол санының үстіне қоятын еді...»¹⁷⁸.

5. Тәшәһһуд отырысында назарды оң аяқтың тізесіне қарату - мұстахаб¹⁷⁹.

عَنْ عَامِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ الزُّبَيْرِ، عَنْ أَبِيهِ، أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: ” كَانَ إِذَا قَعَدَ فِي التَّشَهُّدِ، وَضَعَ كَفَّهُ الْيُسْرَى عَلَى فَخْذِهِ الْيُسْرَى وَأَشَارَ بِالسَّبَابَةِ، لَا يُجَاوِزُ بَصْرَهُ إِشَارَتَهُ.

Сахаба Зүбейр ибн Аууамнан жеткен риуаятта былай делінген: «Пайгамбарымыз (с.а.у.) тәшәһһуд отырысына отырғанда сол қолының алақанын сол аяғының санына қойды. Және (оң қолының) сұқ саусағын көтерді. (Сол сәтте) назарын сұқ саусағынан басқа жерге қаратпаған еді».

6. Әуелгі отырыс пен соңғы отырыста «тәшәһһуд» дұғасын оқу – уәжіп¹⁸⁰.

Нәсәидегі сахих хадисте сахаба Абдулла ибн Аббас былай дейді: **«Біз Алланың елшісімен бірге едік. (Діннің**

¹⁷⁸ Мүслім- 262 бет/(113) №579 хадис.

¹⁷⁹ Нәсәи: «әс-Сүнәнүс суғра», №1259 хадис.; Әбу дәуід.

¹⁸⁰ Бахұр-Раик – 1/524-бет; Өш-Шәрнабиләли-94 бет.

қыр-сырынан) хабарымыз жоқ бізге Пайгамбарымыз: «(намаздағы) әр отырыста мына (дұғаны) айтыңдар» деді:

«Әт-тәхияту лиллаһи уас-салауаату уат-таййбәәт, әс-сәләму алейка әйюһан-нәбию уә рахматуллаһи уә бәрәкәтуһ, әс-сәләму аләйна уә алә ибәдилләһис саалиһин, әшһадү әл-ләә иләһә иллАллаһ уә әшһадү әннә Мухаммәдән абдуһу уә расуулуһ»¹⁸¹.

عن عبد الله بن مسعود، قال: كُنَّا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا نَعْلَمُ شَيْئًا ، فَقَالَ لَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : ” قُولُوا فِي كُلِّ جَلْسَةٍ : التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ ” . رواه

النسائي

7. Тәшәһһуд дұғасы іштей оқылады. Әбу Дәуіттегі хадисте сахаба Абдулла былай деген:

عن عبد الله، قال: مِنَ السُّنَّةِ أَنْ يُحْفِيَ التَّشَهُّدَ. رواه أبو داود إسناده

صحيح

¹⁸¹ Нәсәи, әс-Сүнәнүл-кубра, әт-тәшәһһудул әууәл, 216-баб/756- хадис.

«Тәшәһһудты іштей оқу – Пайгамбарымыздың сүннеті»¹⁸². (Хадистің тізбегі –сахих)

8. Әуелгі отырыста тек тәшәһһуд дұғасы оқылады. Ибн Әби Шәйбәның «Мұсаннаф» атты хадис кітабында сахаба Абдулла ибн Омар (р.а) былай дейді:

عَنِ ابْنِ عُمَرَ ، أَنَّهُ كَانَ يَقُولُ : مَا جُعِلَتِ الرَّاحَةُ فِي الرَّكْعَتَيْنِ إِلَّا
لِلتَّشَهُدِ

«Біз екінші рәкағаттан кейінгі отырыста тек тәшәһһуд дұғасы үшін ғана отыратынбыз»¹⁸³.

9. Соңғы отырыста «тәшәһһуд» дұғасынан кейін салауат айтып, Құран және хадистерде келген дұғалардың бірін оқиды¹⁸⁴.

Ибн Мәжәда риуаят етілген «Сахих хадисте» Ибн Әби Ләйлә былай дейді:

عن ابن أبي ليلى قال : لَقِيتُ كَعْبَ بْنَ عُجْرَةَ فَقَالَ : أَلَا أَهْدِي لَكَ هَدِيَّةً : خَرَجَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقُلْنَا : قَدْ عَرَفْنَا كَيْفَ نُسَلِّمُ عَلَيْكَ فَكَيْفَ نُصَلِّيْ عَلَيْكَ ؟ قَالَ قُولُوا : اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ . إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ .

¹⁸² Әбу Дәуіт, Ихфа өт Тәшәһһуд, 184 баб/986 хадис; әл-Хаким, 1/354 бет; Тирмизи – 1/284-бет, №291 хадис.

¹⁸³ Ибн Әби Шәйба, Мұсаннаф, 1/263-бет, №3026 хадис.

¹⁸⁴ Өш-Шәрнабиләли, Нурул изах.

«Кәғб ибн Ұжраны кездестірдім. Ол маған: «Саған бір сый жасайын ба? Бір күні бізге Пайғамбарымыз келген еді. Біз оған: Біз сізге намазда қалай сәлем жолдауды үйрендік (әттәхият дұғасын үйрендік). Енді сізге салауатты қалай айтамыз? – деп сұрағанымызда, Ол (с.а.у.) былай айтыңдар деді: «Аллаһумма салли алә Мухаммәдин уә алә әәли Мухаммәд. Кәмә саллайта алә Ибраһима иннәкә хамидум мәжид. Аллаһумма бәрик алә Мухаммәдин уә алә әәли Мухаммәд. Кәмә бәракта алә Ибраһима иннәкә хамидум мәжид», – деді¹⁸⁵.

Ибн Әби Шәйбаның риуаят етуі бойынша сахаба Абдулла ибн Мәсғүд (р.а.) былай деген:

عن عبد الله قال يَسْتَهْدِي الرَّجُلُ ، ثُمَّ يُصَلِّي عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، ثُمَّ يَدْعُو لِنَفْسِهِ . رواه ابن شيبه

«(Соңғы отырыста) Ер кісі тәшәһһуд дұғасынан кейін Пайғамбарымызға салауат айтып, одан соң өзіне дұға тілейді»¹⁸⁶.

Бұл хадистен түсінгеніміздей, тәшәһһуд пен салауат айтылғаннан кейін қандайда да бір дұға оқу– ұнамды іс¹⁸⁷. Умайр ибн Сағидтың айтуы бойынша Абдулла ибн Аббас тәшәһһудтан кейін айтылатын дұғалардың ішінен

¹⁸⁵ Ибн Мажә сүнәні, 25 баб/ 904-хадис; Сахих Мүслім – 192-бет/(405,406, 407) – 65,66,67. Бұхари-5996

¹⁸⁶ Ибн Әби Шәйбә, Мүсәннаф, 1/264 бет.

¹⁸⁷ Ибн Мажә шархы, әс-Сәнәди, 909 хадис түсіндірмесі.

«Раббәна әтина» дұғасын да оқуды кеңес ететін¹⁸⁸.

Ескерте кетелік, намазда оқылатын дұғамыз мазмұны жағынан Құран немесе сүннетте айтылған дұғалардың ұқсасы болуы керек.

Өйткені, "Сахих Мүслімдегі" хадисте сахаба Муғауя ибн әл-Хакәмның (р.а.) риуаят етуі бойынша Алланың Елшісі (с.а.у.) былай деген:

إِنَّ هَذِهِ الصَّلَاةَ لَا يَصْلَحُ فِيهَا شَيْءٌ مِنْ كَلَامِ النَّاسِ. إِنَّمَا هُوَ التَّسْبِيحُ
وَالتَّكْبِيرُ وَقِرَاءَةُ الْقُرْآنِ. رواه مسلم

«Шын мәнінде, намазда адам сөзі араласпауы керек. Намаз тәспихтан, тәкбірден және Құран аяттарын оқудан тұрады»¹⁸⁹.



¹⁸⁸ Ибн Әби Шәйба, Мұсаннаф, 1/263-бет, №3025 хадис.

¹⁸⁹ Сахих Мүслім – 24-бет/7-баб/ 33-(537) хадис.

Намаз отырысында саусақты көтерудің жөн-жоралғысы

Алланың бір, дара екендігіне ишарат ету барлық мәзһабтарда мұстахаб амалға жатады. Яғни, орындасаң сауап жазылады, орындамасаң – күнә емес. Ханафи мәзһабындағы айырмашылық мынау: сұқ саусақ «лә иләһа» деген кезде көтеріліп, «Иллаллаһ» деген кезде түсіріледі. Сұқ саусақты көтеріп, ишарат ету «Алладан басқа тәңір жоқ» дегенді құптау үшін жасалады.

Ал, намазда сұқ саусақты көтеріп, оны үздіксіз қимылдату мәкрүһ амалға жатады.

Шафиғи мәзһабының белді ғалымы Имам Мұхиддин ән-Науауи өзінің пәтуа жинағында «Тәшәһһүдте оң қолдың сұқ саусағымен ишарат ету мұстахаб амал ма? Және қай уақытта ишарат етіледі? Және саусақты үздіксіз қимылдатады ма? Жоқ, әлде үздіксіз қимылдатудан намаз бұзылады ма? Сондай-ақ, оң қолмен қатар сол қолдың да сұқ саусағымен ишарат жасалады ма? Егер оң қолдың сұқ саусағы жоқ болса, сол қолдың сұқ саусағымен ишарат жасауға бола ма?» деген бірқатар сұраққа былайша жауап берген:

«(Әттәхият дұғасындағы) «Иллаллаһ» сөзінде бір рет оң қолдың сұқ саусағын көтеріп, (Алланың бір екендігіне) ишарат жасау – мұстахаб. Бірақ, оны дұға айтылып біткенше көтерудің қажеті жоқ. Егер бұлай істесе, намазы бұзылмағанымен мәкрүһ болады. Намазы бұзылады, деп те айтқандар бар. Оң қолдың сұқ саусағы бар болса да, жоқ болса да, сол қолдың сұқ

саусағымен ишарат жасалмайды. Ал, егер жасайтын болса, намаз бұзылмағанмен, мәкрүһ болады»¹⁹⁰.

Ал, Ханбали мәзһабының ғұламасы Ибн Құдама өзінің «әл-Мүғни» атты мәшһүр кітабында былай дейді: «Тәшәһһүдте (иллаллаһ деп) Алланы айтқан кезде сүк саусақты көтеріп, (Алланың бір екендігіне) ишарат жасайды. Өйткені, Абдуллаһ ибн Зүбайрдан Алла елшісінің саусағымен ишарат ететіні және оны дұға айтылып біткенше көтермейтіндігі риуаят етілген»¹⁹¹.

Сондай-ақ, Ханбали мәзһабының белді ғалымдарының бірі – Мансүр ибн Йунус ибн Идрис әл-Бәһути өзінің «әр-Раудул-мұрабба» атты кітабында былай дейді:

«Намаздың тәшәһһүдінде және дұғасында һәм басқа жердегі дұғаларда да (иллаллаһ, деп) Алланың аты айтылған кезде Алланың бір екендігін білдіру мақсатында сүк саусақпен ишарат жасайды. Бірақ, сүк саусақты дұға айтылып біткенше көтермейтін еді»¹⁹².

Мәлики мәзһабындағы белгілі пәтуа бойынша сүк саусақ дұға айтылып біткенше көтерілмейді, тек ишарат етіледі. Бұл жайлы Мәлік ғалымы Имам Ибнул-Хажиб та өзінің «Мұхтасарында» айтып өткен¹⁹³.

¹⁹⁰ Имам Мұхидтин ән-Науауи, әл-Мәнсуураат фи ыюунил-масаайли-муһиммат, 93-94-беттер. «әл-Мақтабул-ислами» бас-пасы, Бәйрут, «әл-Ишрак» баспасы, Дауха, 2001 ж.

¹⁹¹ Абдуллаһ ибн Ахмет ибн Құдама әл-Макдиси, әл-Мүғни, «Дәрул-фикр» баспасы, Бәйрут, һижри 1405 ж.

¹⁹² Мансүр ибн Йунус ибн Ыдырыс әл-Бәһути, әр-Раудул-мұрабба, 1-том, 179-бет. «Мәқтабатур-рияд әл-хадиса» баспасы, Рияд, һижри 1390 ж.

¹⁹³ Хасан ибн Али ас-Саққаф, Мажму Расайлис-саққаф, 2-том, 640-бет. «Дарур-Рази» баспасы.

Бұл айтылғандар сұқ саусақты дұға айтылып біткенше көтерудің мәкрүһ амал екендігіне байланысты мәзһаб ғұламаларының берген жауабы. Сұқ саусақты дұға айтылып біткенше көтерудің қажеті жоқтығына, тек Алланың бір екендігіне ишарат жасалатындығына байланысты сахих Мүслімде ибн Омардан мынандай хадис риуаят етілген:

عن عَلِيٍّ بن عبد الرحمن الْمُعَاوِيَّ أَنَّهُ قَالَ قَالَ رَأَى عبد الله بن عُمَرَ وأنا أَعْبْتُ بِالْحَصَى فِي الصَّلَاةِ فَلَمَّا أَنْصَرَفَ نَهَانِي فَقَالَ اصْنَعْ كَمَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ فَقُلْتُ وَكَيْفَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ قَالَ كَانَ إِذَا جَلَسَ فِي الصَّلَاةِ وَضَعَ كَفَّهُ الْيُمْنَى عَلَى فَخِذِهِ الْيُمْنَى وَقَبَضَ أَصَابِعَهُ كُلَّهَا وَأَشَارَ بِإِصْبَعِهِ الَّتِي تَلِي الْإِبْهَامَ وَوَضَعَ كَفَّهُ الْيُسْرَى عَلَى فَخِذِهِ الْيُسْرَى.

Әлі ибн Әбдіррахман әл-Муъауий былай деді: *«Абдулла ибн Омар менің намазда ұсақ тастармен ойнап отырғанымды көрді. Намаз біткен соң ол мені бұл істен тыйды да: «Алла елшісінің істегеніндей істе!» – деді. Мен: Алла елшісі қалай жасайтын еді? – дедім. Ол былай деді: «Алла елшісі намазда отырған кезде оң алақанын оң санының үстіне қойып, саусақтарын жиып, сұқ саусағымен ишарат ететін. Ал, сол алақанын сол санының үстіне қоятын»¹⁹⁴.*

¹⁹⁴ Сахих Мүслім, 1-том, 408-бет. «Дәру Ихна`ит-турасил-араби» баспасы, Бәйрут.

Сондай-ақ, Абдуллаһ ибн Зубайрдан риуаят етілген хадисте дұға айтылып біткенше көтерілмейтіні анық айтылған.

عن عبد الله بن الزبير أنه ذكر أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ
وَصَحْبِهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُشِيرُ بِأَصْبُعِهِ إِذَا دَعَا وَلَا يُحَرِّكُهَا

Абдуллаһ ибн Зубайрдан риуаят етілді. Ол былай деді: *«Алла елиісі дұға жасағанда (намазда «әттахият» дұғасын оқыған кезде) саусағымен ишарат ететін, оны ұдайы көтермейтін»*¹⁹⁵.

Имам Мұхиддин ән-Науауи Насаиде және Әбу Дәуідте келген бұл хадисті «Сахих», деп, бағалаған¹⁹⁶. Сондай-ақ, бұл хадисті әл-Бәйһақи, ибн Хиббан, әз-Заһаби сынды хадис білгірлері де сахих, деп, бағалаған¹⁹⁷.

Ал, енді сұқ саусақты дұға айтылып біткенше көтеруді жақтайтындар мынандай хадиске сүйенеді:

¹⁹⁵ Әбу Бәкір Ахмет ибн әл-Хүсейн ибн Әлі ибн Мұса, әс-Сунанул-Бәйһакил-кубра, 2-том, 131-бет. «Дарул-Баз» баспасы, Мекке қаласы, 1994 ж. Қосымша қараңыз: Сүлеймен Ибнул-Әшъас Әбу Дәуіт ас-Сажистани, Сүнану Әби Дәуіт, 1-том, 260-бет. «Дарул-фикр» баспасы.

¹⁹⁶ Мұхиддин ән-Науауи, әл-Мәжмууь, 3-том, 417-бет. «Дарул-фикр» баспасы, Бейрут, 1997 ж.

¹⁹⁷ Хасан ибн Әлі ас-Саққаф, Мажмуь Расайлис-саққаф, 2-том, 638-бет. Дарур-Рази» баспасы.

أَنَّ وَائِلَ بْنَ حُجْرٍ أَخْبَرَهُ قَالَ قُلْتُ لَأَنْظُرَنَّ إِلَى صَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَيْفَ يُصَلِّي فَانْظَرْتُ إِلَيْهِ... ثُمَّ قَبِضَ اثْنَتَيْنِ مِنْ أَصَابِعِهِ وَحَلَقَ حَلَقَةً ثُمَّ رَفَعَ إِصْبَعَهُ فَرَأَيْتُهُ يُحَرِّكُهَا يَدْعُو بِهَا

Уайл ибн Хужрдан риуаят етілді. Ол былай деді: ***«Алла елшісінің қалай намаз оқитынын көргім келді. Сөйтіп, ол кісінің былай оқығанын көрдім... Сосын бас бармақ пен ортаңғы теректі біріктіріп, дөңгелек пішінге келтірді.***

Одан кейін сұқ саусағын көтерді де ұдайы қимылдатып, дұға ете бастағанын байқадым»¹⁹⁸.

Біріншіден, Уайл ибн Хужрдан риуаят етілген бұл хадистің мәтініне «қимылдататын еді» деген етістіктің артынан қолданылғанын ескерейік. Себебі, Уайл ибн Хужрдан риуаят етілген бұл хадисті оннан аса хадис ілімінің хафиздары риуаят еткен кезде «ишарат етеді» деген сөзбен ғана шектелген. Ешқайсысында «қимылдататын еді» делінбеген. Ал, хадис ілімінде белгілі бір хадисшінің жеткізген риуаяты өзінен де сенімді басқа хадисшінің жеткізген риуаятына қайшы келіп жатса, онда ол хадис «шәзз» болып есептеледі. Ал, хадистің сахих болуы үшін оның «шәзз» болмауы шарт. Бұған қоса, Абдулла ибн Зубайрдан риуаят етілген сахих хадисте саусақтың үздіксіз қимылдатылмайтындығы анық білдірілген. Сондай-ақ, Мүслімдегі хадисте де

¹⁹⁸ Ахмет ибн Шазб Әбу Әбдірахман ән-Насайй, Сунану ән-Насаайл-кубра, 1-том, 310-бет. «Дарул-кутубил-ғилмия» баспасы, Бәйрут, 1994 ж.

сұқ саусақты қимылдату жөнінде айтылмаған. Хафиз Әбу Бәкір ибн Хузайма «қимылдататын еді» деген сөздің артық екендігін анық айтады. Ол өзінің «Әс-Сахих» еңбегінде: «Бұл риуаяттан басқа ешбір риуаятта (қимылдататын еді) дегені айтылмаған. Осы риуаятта ғана артық айтылған» деген.

Ал, енді жоғарыдағы дәлел ретінде келтіріліп отырған хадистегі «саусағын қимылдататын еді» деген сөзді «артық», «шәзз», деп, қабылдамағанның өзінде оны Абдуллаһ ибн Зубайрдың «үздіксіз қимылдатпайтын еді» деген хадисімен тігісін жатқызып, бір-біріне қайшы келмейтіндей етіп түсіндіруге де болады. Яғни, «сұқ саусағын қимылдататын еді» дегенде оны үздіксіз қимылдату тұрғысынан емес, саусақты жоғары көтеріп, ишарат ету, деп, түсіну керек. Себебі, бір рет жоғары көтерудің өзі қимылдатуға жатады. Сонда Мүслімдегі және басқа да хадистердегі «саусағын көтеріп, ишарат ететін» еді деген хадистерге қайшы келмейді. Бұл жайлы Имам әл-Бәйһақи былай дейді:

«Уайл ибн Хужрдың риуаятындағы «қимылдататын еді» деген тіркестің мағынасы үздіксіз қимылдату емес, саусақты бір рет көтеріп, (Алланың бір екендігіне) ишарат етуді білдіруі ықтимал. Осылай түсінген жағдайда бұл риуаят Абдуллаһ ибн Зубайрдың «қимылдатпайтын еді» деген риуаятына сәйкес келеді»¹⁹⁹.

¹⁹⁹ Әбу Бәкір Ахмет ибнул-Хүсейн ибн Әлі ибн Мұса әл-Бәйһақи, әс-Сунанул-Бәйһақил-кубра, 2-том, 131-бет. «Дәрул-Баз», Мекке, 1994 ж. 2-том, 131-бет.

Ал, «саусақты қимылдату – шайтанға тоқпақ» деген түсінікке келер болсақ, біріншіден, бұл мағынада риуаят етілген хадистердің бәрі әлсіз. Екіншіден, бұл хадистегі «темірден де қатты» деген сөз тіркесін тура мағынасында емес, ауыспалы мағынасында түсіну керек. Мысалы, Ахмет ибн Ханбалдың «Мүснәдында» келтірілген Нафиьтың риуаятын тарқатып түсіндіріп көрейік.

عَنْ نَافِعٍ قَالَ كَانَ عَبْدُ اللَّهِ بُنُ عُمَرَ إِذَا جَلَسَ فِي الصَّلَاةِ وَضَعَ يَدَيْهِ
عَلَى رُكْبَتَيْهِ وَأَشَارَ بِإِصْبَعِهِ وَأَتْبَعَهَا بَصَرَهُ ثُمَّ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَهَايَ أَشَدُّ عَلَى الشَّيْطَانِ مِنَ الْحَدِيدِ يَعْنِي السَّبَّابَةَ

«Нафиьтан риуаят етілді. Ол былай деді: «Абдуллаһ ибн Омар намазда отырғанда екі қолын тізесіне қоятын да саусағымен ишарат ететін. Көзін саусағына жүгіртетін. Сосын Алла елшісі: Бұл, яғни, сұқ саусақ шайтанға темірден де қатты», – деп, айтты, – деді»²⁰⁰.

Бұл хадис «Алладан басқа тәңір жоқ» деген мағынаны білдіретін «иллаллаһ», деп, айтылған кезде сұқ саусақты көтеріп, Алланың бір, дара екендігіне ишарат ету – бейнебір шайтанды темірмен ұрғандай деген мағынаға саяды. Яғни, Алла бір, деп, саусағыңды көтеріп, ишарат етуің шайтанға ауыр соққы болып тиетін амал. Әйтпесе, қолдың астында шайтан тұр,

²⁰⁰ Ахмет ибн Ханбал Әбу Әбділаһ әш-Шайбани, Мүснаду Ахад ибн Ханбал, 2-том, 119-бет. «Мүссисату Куртуба» баспасы, Мысыр.

саусақты үздіксіз қимылдатқан сайын шайтанның басынан ұрасың дегенді білдірмейді. Бірақ, хадистің астарына терең үңілмейтін, танымы таяз бәзбір жандар мұны осылай түсініп жүргені өкінішті-ақ.

Бұл жайлы Хафиз Әбу Бәкір Ибнул-Араби әл-Мәлики «Ъаридатул-ахуази» атты Тирмизиге жазған түсіндір-месінде былай дейді:

«Тәшәһһудта саусақтарыңды үздіксіз қимылдатудан сақ болыңдар!... Сұқ саусақты үздіксіз қимылдатсаң, шайтанға ол тоқпақ болады дейтіндерге таң қаламын. Біліп қойыңдар! Сендер шайтанға бір саусақтарыңды қимылдатсаңдар (бір рет ұрсаңдар), ол сендерге он рет қарсы қимылдатады (Яғни, намазда көңілдеріңді қажетсіз бос нерсеге бұру арқылы сендерді он рет ұрған болады). Шын мәнінде, шайтанды саусақтарыңды үздіксіз қимылдатумен емес, оны өздеріңнің ықыластарыңмен, Алла алдында шынайы берілулеріңмен (хушууъ), зікір-дұғаларыңмен, Аллаға сыйынуларың арқылы тоқпақтайсыңдар»^{201 202}

²⁰¹ әл-Имамул-Хафиз Ибнул-Араби әл-Мәлики, Ъаридатул-ахуази бишархи сахихут-тирмизи, 2-том, 85-бет. «Дарул-кутубил-Ъилмия» баспасы, Мысыр.

²⁰² Қ. Жолдыбайұлы, Дін мен діл -2

Екі жаққа сәлем беріп, намазды аяқтау

Намазды тәмәмдайтын кезде оң жағына, содан соң сол жағына «эссәләму аләйкум уә раһматуллаһ» деп сәлем беріп аяқтайды. Екі жаққа сәлем бергенде «эссәләм» сөзімен аяқтау – уәжіп²⁰³. Сәлем бергенде иығының ұшына қарау – мүстахаб²⁰⁴. Әзіреті Әлидің риуаят етуі бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Намаздың кілті – дәрет. Тахримі (намазға бастағанда одан тыс әрекеттерден тыйылу) – «Аллаһу әкбәр» деумен басталады және намаз – сәлем берумен бітеді*²⁰⁵, – деген .

عن علي رضي الله عنه قال: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
مِفْتَاحُ الصَّلَاةِ الطُّهُورُ وَتَحْرِيمُهَا التَّكْبِيرُ وَتَحْلِيلُهَا التَّسْلِيمُ. رواه أبو
داود

Тирмизидің сүнәнінде риуаят еткен сахих хадисте сахаба Абдулла ибн Масғұд былай дейді:

عن عبد الله عن النبي (صلى الله عليه و سلم): أَنَّهُ كَانَ يُسَلِّمُ عَنْ يَمِينِهِ
وَ عَنْ يَسَارِهِ: ”السلام عليكم ورحمة الله، السلام عليكم ورحمة
الله.“. رواه الترمذي: حديث ابن مسعود حسن صحيح

²⁰³ Ибн Абидин, Раддул-Мұхтар – 2/162-бет.

²⁰⁴ Нурул изах, әдәбус сала.

²⁰⁵ Әбу Дәуіт, Салә, №618 хадис; Тирмизи өзінің сүнәнінде бұл хадисті Әбу Сағидтан келген хадистен сәнімдірек (асах) деген: Бабу: Сыфатус-салә, №238 хадис.

«Пайгамбарымыз (с.а.у.) оң жағы мен сол жағына «әссәләму алейкум уә раһматуллаһ, әссәләму алайкум уә раһматуллаһ» деп, сәлем беретін»²⁰⁶.

Имамға ұйыған кісі имамнан бұрын сәлем бермейді. Имаммен бірге немесе одан кейін сәлем береді²⁰⁷. Сахаба Итбан ибн Мәлік (р.а.) былай дейді:

عن عتبان رضي الله عنه قَالَ: "صَلَّيْنَا مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
فَسَلَّمْنَا حِينَ سَلَّمَ". رواه البخاري

«Пайгамбарымызға (с.а.у.) ұйып (артында) намаз оқығанымызда ол кісі сәлем берген сәтте біз де сәлем беретін едік»²⁰⁸.



²⁰⁶ Тирмизи, 221 баб/295-хадис.

²⁰⁷ Лұбаб, 1/74 бет.

²⁰⁸ Мұхтасар Сахих Бұхари, 2/217-бет, №380 хадис.

Үтір намазы

Ханафи мәзхабында үтір намазын оқу – уәжіп. Яғни, оны оқу – міндет. Міндеттілігі жағынан парыз намазынан кейін тұрады.

Әбу Дәуідте риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عن عبد الله بن بريدة عن أبيه، قال: سمعت رسول الله صلى الله عليه
و سلم يقول: الْوِتْرُ حَقٌّ فَمَنْ لَمْ يُوتِرْ فَلَيْسَ مِنَّا الْوِتْرُ حَقٌّ فَمَنْ لَمْ يُوتِرْ
فَلَيْسَ مِنَّا الْوِتْرُ حَقٌّ فَمَنْ لَمْ يُوتِرْ فَلَيْسَ مِنَّا“. رواه أبو داود

«Үтір намазы – хақ. Оны оқымаған бізден емес. Үтір намазы – хақ. Оны оқымаған бізден емес. Үтір намазы – хақ. Оны оқымаған бізден емес»²⁰⁹, – деп, үш рет қайталап айтқан. Яғни, оның бұл сөзі үтір намазының міндет екендігін көрсетеді.

Тағы бір хадисте:

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: ” إِنَّ اللَّهَ عَزَّ وَجَلَّ زَادَكُمْ
صَلَاةً فَصَلُّوْهَا فِيمَا بَيْنَ صَلَاةِ الْعِشَاءِ إِلَى صَلَاةِ الصُّبْحِ: الْوِتْرُ الْوِتْرُ
“. الهيثامي (رجالہ الصحیح

«Шынында, Алла сендерге (бес уақыттан басқа) бір намазды қосты. Ол – үтір. Оны құптан мен таң намазының арасында оқыңдар: Үтір намазын, Үтір

²⁰⁹ Әбу Дәуіт – 2/559-бет, 335-баб/1419 хадис.

намазын!»²¹⁰, – деп, бұйырды.

Сондай-ақ, сахаба Абдулла ибн Амрдың риуаятында Алланың Елшісі (с.а.у.): **«Шынында, Алла Тағала сендерге бір намаз қосты. Оны үнемі оқыңдар. Ол намаз – үтір намазы»**, – деп бұйырды²¹¹.

Аталмыш хадистер үтір намазының уәжіп екендігін көрсетуде.

1. Үтір намазы үш рәкағаттан тұрады. Үшінші рәкәғатында сәлем беріледі.

Бұған дәлел ретінде, әл-Хақимнің «әл-Мүстәдрак» атты хадис жинағындағы риуаятта Айша анамыз былай дейді:

عن عائشة قالت: كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يُوترُ بثلاثٍ لا يُسلمُ إلا في آخرهنَّ، وَ هَذَا وَ تَرَأَى أَمِيرَ الْمُؤْمِنِينَ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ، وَ عَنْهُ أَخَذَهُ أَهْلُ الْمَدِينَةِ

«Алланың Елшісі үтір намазын үш рәкағат етіп оқитын. Сәлемді тек соңында беретін. Омар ибн Хаттаб та осылай оқыды. Мәдине қаласының мұсылмандары осыны үлгі етті»²¹².

²¹⁰ Хайсами, кітабус Сала – 2/413 бет, №41 баб/3435-хадис. Сахих.

Шәукәни, Нилул Аутар, Әбуабу Салатит Татауғ: Имам Ахметтен және Табараниден риуаят еткен.

²¹¹ Хайсами, кітабус Сала – 2/413 бет, №41 баб/3437-хадис. Имам Ахметтен жеткен.

²¹² Әл-Хақим, әл Мүстадрак – 1/447 бет, №24/1140-хадис.

2. Үш рәкағаттың үшеуінде де «Фатиха» және қосымша бір сүре оқылады. Ибн Мәжәдәғы сахих хадисте сахаба Абдулла ибн Аббас былай дейді:

عن ابن عباس: أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يوتر (بسبح اسم ربك الأعلى) و (قل يا أيها الكافرون) و (قل هو الله أحد

«Шынында, Алланың Елшісі (с.а.у.) үтір намазында (біріншісінде «Фатихадан» кейін) «Агла», (екіншісінде «Фатихадан» кейін) «Кәфирун», (үшіншісінде «Фатихадан» кейін) «Ықылас» сүресін оқитын»²¹³.

3. Үшінші рәкағатында «Фатиха» және қосымша сүреден кейін рүкүғқа бармай «Аллаһу әкбәр» деп, қолды құлақ тұсына көтеріп тәкбір алады да қолды қайта байлап, «Құныт» дұғасын оқиды.

Сахаба Убәй ибн Кағб:

عن أبي بن كعب: أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يُوترُ فَيَقْتُلُ قَبْلَ الرُّكُوعِ. رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ (صحيح

«Пайгамбарымыз үтір намазын оқығанда рүкүғқа бармай тұрып, «Құныт» дұғасын оқитын еді»²¹⁴, – деген хадисті риуаят етті. (Сахих)

Құныт дұғасында «Аллаһу әкбәр» деп қолды көтеріп тәкбір алудың дәлелі ретінде Имам Бухаридің

²¹³ Ибн Мәжә – 2\248бет, №1171-хадис.

²¹⁴ Ибн Мәжә – 2\255бет, №1182-хадис; Әбу Дәуіт – 2/566-бет, 1427 хадис.

«Қурратуль ғайнайн» атты еңбегінде келтірілген Әбу Усманның риуаятын ұсынуға болады. Ол былай дейді: **«Әзірет Омар «Құныт» дұғасында қолын көтеретін (тәкбір алатын)»**²¹⁵

Дұға ретінде «Аллаһумм иннә настағинукә» дұғасы оқылады. Бұл дұғаны білмейтін кісі «Рәббәна атина» дұғасын немесе «Аллаһуммағфирли» деп, іштей үш рет айтса, Құныт дұғасының орнына жүреді²¹⁶.



²¹⁵ Имам Бұхари, Қурратул ғайнайн – №95 хадис

²¹⁶ Ибн Ғабидин, әл-Һадиятул Аләбия – 95 бет.

Әйелдердің намаз оқу ерекшеліктері

Әйел баласы мен ер кісілердің намаздарында өзгешеліктер бар. Атап айтсақ, әйелдер ер кісілер сияқты азан шақырып, қамат түсірмейді. Бет-жүзі мен білезігіне дейін қолы ашық, ал қалған жерлері жабық болады. Әйел адам үшін мешіттен гөрі үйінде намаз оқығаны абзал т.б. осы сияқты әйелдердің намаздағы қимылдары олардың жаратылысы мен табиғатына сай діни үкімдермен үйлесім табатынын айта кету керек.

Әйелдердің киімі ашылып қалмасы үшін әрі дене мүшелері киім сыртынан сыртқа теуіп, көзге оттай басылып, өзгелердің назарын аудармауы үшін намаздағы іс-әрекеттерінің барынша жинақы болуы басты назарға алынған. Мысалы, тәкбірде қолды құлақ тұсына дейін көтергенде жеңі сырғып төмен түсетіндіктен білектерінің ашылып қалу қаупі бар. Сондықтан, олар қолдарын көкірек тұсына көтереді. Сонымен қатар, қолдарын көкіректеріне байлау арқылы да омырауларын қосымша көлегейлеген болады. Ендеше, ардақты Алла елшісінің (с.а.у.) «Менің намаз оқығанымдай намаз оқыңдар» деген хадисін негізге алып, әйелдер де дәл еркектер тәрізді намаз оқулары керек деп үстірт ұқпауымыз керек.

Исламдағы төрт мәзһаб ғалымдарының берген пәтуасы бойынша әйел баласының намаздағы қимылдары еркектер сияқты еркін емес, жинақы болуы керек. Мәселен, Мәлики мәзһабында әйелдің намаздағы қи-

мылдарының бәрі жинақылыққа негізделген²¹⁷.

Ханбали мәзһабында да дәл солай. Ибн Құдама «әл-Мұғни» атты еңбегінде әйелдің намазындағы ерекшелік жайында былай дейді: **«Намаздағы ер кісілерге қатысты үкімдер негізінде, әйелдерге де қатысты. Бірақ, әйел баласы рүкүғта, сәждеде өзін жинақы ұстайды. Ал, отырыста малдас құрып (мүтәраббига) немесе сол жағына қарай жамбастай отырады»**²¹⁸.

Шафиғи мәзһабында әйелдің намаз қимылдарында төрт жерде өзгешелік бар:

1. Рүкүғта бір тізесін екінші тізесіне, бір аяғын екінші аяғына тигізе тақайды. Сәждеде де екі тізесі мен екі аяғының арасын ажыратпайды. Қарны санына тиіп тұрғаны жөн.

2. Еркектер жария оқитын намазды жария, іштей оқитын намаздарды іштей оқиды. Әйелдер бөгде еркектердің жанында намаз оқитын болса, дауыстары естілмейтіндей бәсең оқиды.

3. Намаздарына кедергі келтіретін қандай да бір жағдай туғанда ер кісілер «субханналлаһ» десе, әйел адам оң қолының алақанымен сол қолының сыртынан шапалақ ұрады.

4. Намазда ерлердің ең аз әурет жері саналатын кіндік пен тізе арасы, ал, әйелдердің қолы мен бет-

²¹⁷ У.Зухайли, Маусуғатул фикһиль Исләми – 1/769-бет.

²¹⁸ Ибн Құдама, әл-Мұғни: әл-фарқ бәйнара ражули уәл мар’әти фис сала, 1/599-бет.

жүзінен өзге жерлері бүркеулі болуы тиіс²¹⁹.

«Әссунәнұль Кубра» атты хадис жинағының авторы Шафиғи мәзһабының белді мүшесі, хадисші әл-Байһақи әйелдің қимылы жайында былай дейді:

«Әйелдің намаздағы қимылдарындағы өзгешілік – жинақылыққа негізделген. Әйел кісі намазда жинақылыққа ең жақын қимылды орындауға бұйырылды»²²⁰, – дейді .

Ендеше, әйел кісінің намаздағы қимылының жинақылыққа негізделетіндігі бүкіл мәзһаб ғалымдары тарапынан мақұлданған екен.

Ханафи мәзһабы бойынша әйелдің намаз қимылындағы ерекшеліктер төмендегідей:

Әйелдердің ифтитах тәкбірі

Әйел адам ифтитах тәкбірін алғанда «Аллаһу әкбар» деп, қолдарын нық тұсына дейін көтереді²²¹.

Имам Бухари өзінің «Қурратуль ғайнайн» атты еңбегінде Сүләймән ибн Умайрдың мына сөзін риуаят етеді:

عن عبد ربه بن سليمان بن عمير قال: رَأَيْتُ أُمَّ الدَّرْدَاءِ تَرْفَعُ يَدَيْهَا فِي الصَّلَاةِ حَذْوَ مَنْكِبَيْهَا

²¹⁹ У.Зухайли, Маусуғатул фикһиль Исләми – 1/777-779 бет.

²²⁰ Мұстафа әл-Ғадуи, Жамиғул Ахқамун Ниса – 1/376-бет.

²²¹ Ибн Ғабидин: Раддул мухтар – 3/345 бет. Дамаск-Сирия, 2000ж.

Ол: *«Мен (сахаба Әбу Дарданың зайыбы) Умму Дарданың намазда екі қолын иық тұсына көтергенін көрдім»,* – дейді²²².

Әйелдің қол байлауы

Әйел кісі намазда оң алақанын сол қолының үстіне қойып, қолды көкірек тұсына байлайды. Білезіктерін ер кісілер сияқты қапсыра ұстамайды. Намаз кезінде өздерін жинақы ұстаулары үшін осылай істегендері абзал²²³.

Табиғин Ата ибн Әби Рабах*: *«Әйел кісі қиямда тұрғанда мүмкіндігінше екі қолын жинақы ұстайды»,* – деген²²⁴. (*Ата ибн Әби Рабах Айша, Әбу Хұрайра, Абдулла ибн Аббас сынды көптеген сахабалардан хадис риуаят еткен кісі. Мекке ғалымы).

Әйелдің рүкүгы мен сәждесі

Әйелдер рүкүғқа барғанда аздап иіледі. Тізесін аздап бүгеді. Саусақтарының арасын ашпастан тізесіне қолын қояды. Қолдарын тізеге таямайды²²⁵.

Ал, сәжде жасағанда білектерін жерге тигізіп, шын-тақтарын өкпе тұсына тақап ұстайды. Қарны қара

²²² Имам Бұхари «Қурратуль айнайн» №23 хадис.

²²³ Тәхәнәуи, Илә'әссүннә – 2/199 бет; әл-Айни, Биная; әл-Шарнабәләли, Нурул изах

²²⁴ Ибн Әби Шәйбә, Мұсаннаф

²²⁵ Ибн Ғабидин: Раддул мухтар – 3/345 бет. Дамаск-Сирия, 2000ж.

санына тиюі тиіс²²⁶. Бұл жайында Әбу Шәйба өзінің «Мұсаннаф» атты еңбегінде Әзіреті Әлидің (р.а.) мына сөзін жеткізеді:

عَنِ الْحَارِثِ ، عَنْ عَلِيٍّ ، قَالَ : ” إِذَا سَجَدَتِ الْمَرْأَةُ فَلْتَحْفِرْ وَلْتَضُمَّ فَخِذَيْهَا ” . رواه ابن أبي شيبة

«Әйел баласы сәждеде жиырылып, екі санының арасын ашпай, ол екеуін тигізе тақап ұстайды»²²⁷.

Табиғин Ибраһим ибн Язид ән-Нәхәбидің* былай дегені риуаят етіледі:

عن إبراهيم قال إذا سجدت المرأة فلتترق بطنها بفخذيها ولا ترفع عجزتها ولا تجافي كما يجافي الرجل“. رواه ابن شيبة

«Әйел кісі сәжде жасайтын болса, қарнын қара санына тигізе тақап ұстасын, бөксесін көтермесін және ер кісілер сияқты (екі шынтағының арасын) ашпасын»²²⁸.

(*Ибраһим ибн Язид ән-Нәхәғи, Ирак өңірінің ғұлама фикһшысы әрі хадисте «сиқа/сенімді» деген атқа ие. Оның риуаят еткен хадистерін Нәсәий, Әбу Дәуіт, Дарукутни сынды ғұламалар өз хадис жинақтарына енгізген. Балалық шағында Айша анамыздың (р.а.) көзін көрген кісі).

²²⁶ Бадайғ – 1/62 бет; Бадруддин Айни, әл-Биная – 2/249-бет.

²²⁷ Ибн Әби Шәйбә – 1/241 бет, №2777-хадис.

²²⁸ Ибн Әби Шәйба, Мұсаннаф, Әйелдің сәжде жасау бабы – 1/242-бет, 2782

Тағы бір сөзінде Ибраһим:

عن إبراهيم قال إذا سجدت المرأة فلتضم فخذيتها و لتضع بطنها
عليهما. رواه ابن شيبه

«Әйел кісі сәжде жасағанда екі санын бір-біріне тигізе тақап ұстасын және қарнын қара санына тигізсін...», – деген²²⁹.

Байхақидың «Әс-Сүнәнүл-кубра» атты хадис жинағында Ибраһим ән-Нәхаби былай дейді:

كانت المرأة تؤمر إذا سجدت أن تلزق بطنها بفخذها كيلا ترتفع
عجزتها ولا تجافي كما يجافي الرجل. رواه البيهقي

*«Әйелдер сәждеге барғанда қарнын екі санына тигізе тақап ұстасын деп әмір етілді. Бұл сәждеде бөксесі көтерілмесін деген мақсатта айтылған. Сәжде жасағанда ер кісілер сияқты екі шынтағының арасын ашпасын (деп те бұйырылды)»*²³⁰.

Әйел кісінің «тәшәһһуд» отырысы

Әйел кісі тәшәһһуд отырысында сол жағына жамбастай отырып, екі аяғын оң жаққа жібереді²³¹. Және қолдың саусақ ұштарын тізеге жақындатып,

²²⁹ Ибн Әби Шәйба, Мұсаннаф, Әйелдің сәжде жасау бабы – 1/242-бет, 2779

²³⁰ Байхақи әс-Сүнәнүл-кубра – 2/314-бет.

²³¹ Убайдулла ибн Масъуд әл-Махбуби: ән-Нуқоя «сүнәнус сала».

саусақ арасын ашпай, қолын санның үстіне қояды²³². Мұндай отырыс әйел табиғатына сай келеді әрі жинақы көрінеді. Мұны «тәуәррүк отырысы» дейміз. Бұған төмендегі хадис дәлел:

Абдулла ибн Омар (р.а.) риуаят еткен бір хадисте ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

عن عبد الله بن عمر قال: قال رسول الله (صلى الله عليه وسلم): "إِذَا جَلَسَتِ الْمَرْأَةُ فِي الصَّلَاةِ وَضَعَتْ فَخْذَهَا عَلَى فَخْذِهَا الْأُخْرَى وَ إِذَا سَجَدَتْ أَلْصَقَتْ بَطْنَهَا فِي فَخْذِهَا كَأَسْتَرَ مَا يَكُونُ لَهَا وَ إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يَنْظُرُ إِلَيْهَا وَ يَقُولُ: يَا مَلَائِكَتِي أَشْهَدُكُمْ إِنِّي قَدْ غَفَرْتُ لَهَا". رواه البيهقي

«Әйел баласы намазда сол жақ аяғын оң жақ санының астына басып отырады. Ал, сәждеде барынша жинақы көрінетіндей қарнын қара санына тигізе тақпа ұстасын. Алла (осылай отырып оқыған әйелге) қарап періштелеріне: «Уа, періштелерім! Күә болыңдар, мен бұл әйелдің күнәсін кешірдім», – дейді»²³³.

²³² Ибн Ғабидин: Раддул мухтар – 3/345 бет. Дамаск-Сирия, 2000ж.

²³³ Бәйһақи, әс-сүнәнул кубра, 2/315-бет, №3199 хадис.

Дұғадан соң бет сипау дұрыс па?

Дұға жасайтын кезде екі қолды көтеріп, дұғаның соңынан бет сипау – мұстахаб. Оған мына төмендегі хадистер дәлел:

Тирмизи риуаят еткен «сахих» хадисте хазіреті Омар (р.а.) былай деді:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا رَفَعَ يَدَيْهِ فِي الدُّعَاءِ لَمْ يَحْطُهَا حَتَّى يَمْسَحَ بِهَمَا وَجْهَهُ. رواه الترمذي: هذا حديث صحيح غريب.

«Дұға етерде Пайгамбарымыз қолдарын көтерер болса, оларды бет сипамай түсірмейтін»²³⁴.

Мұхаддис Хаким өзінің «Мұстадрак» атты Бұхари мен Мүслімнің хадис қабылдау талаптарына сай жинақтаған хадис кітабында Ибн Аббастан мына хадисті риуаят етеді. Ибн Аббас былай деді:

عن ابن عباس رضي الله عنهما قال: قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: ” إِذَا سَأَلْتُمُ اللَّهَ فَاسْأَلُوهُ بِبُطُونِ أَكْفِكُمْ وَلَا تَسْأَلُوهُ بِظُهُورِهَا وَامْسَحُوا بِهَا وَجُوهَكُمْ ”. رواه الحاكم في المستدرک علی الصحیحین.

²³⁴ Тирмизи, Дағуат 4/368-бет. №3386 хадис

«Пайғамбарымыз (с.а.у.): Алла тағаладан тілеген кезде алақан жайып тілеңдер, қолдарыңның сыртымен сұрамаңдар. (Алақан жайғанда) бет сипаңдар!», – деді»²³⁵.

Хадисші Хақимнің «әл-Мұстадрaк» атты хадистер жинағында келтірілген тағы бір хадисте Әзірет Омар былай дейді:

حَنْظَلَةُ بْنُ أَبِي سَفْيَانَ قَالَ: سَمِعْتُ سَالِمَ بْنَ عَبْدِ اللَّهِ يُحَدِّثُ عَنْ أَبِيهِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ عَنْ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا مَدَّ يَدَيْهِ فِي الدُّعَاءِ لَمْ يَزِدْهُمَا حَتَّى يَمْسَحَ بِهِمَا وَجْهَهُ
” . رواه الحاكم في المستدرک

«Шындығында, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дұға ету үшін қолын көтеретін болса, екі алақанымен бетін сипамайынша, (көтерген қолын) түсірмейтін»²³⁶.



²³⁵ Мұстадрaк алас-сахихайн, Суал би батнил-Китап, №2011 хадис

²³⁶ Мұстадрaк, масхул уажһ бил ядайн фид дуга – 2010-хадис.

Тәсбихті сүннет намазынан кейін тарту қате ме?

Жалпы, парыз намаздардан кейін зікір айтып, дұға жасау – сүннет. Алла елшісінің (с.а.у.) бұған қатысты сахих хадистері жеткілікті. Мысалы, Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен Мүслімдегі риуаятта Алла елшісі былай дейді: **«Кім де кім әрбір намаздан кейін 33 рет «Сұбханаллаһ», 33 рет «Алхамдулиллаһ», 33 рет «Аллаһу әкбар» десе, бәрін қосқанда тоқсан тоғыз болады, ал жүзіншісінде «Лә иләһәһа иллаллаһу уахдаһу лә шаррика ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уа һуа алаа кулли шайин қадиир», деп, айтса, теңіз толқынының көбігіндей күнәсі болса да, кешіріледі»²³⁷. Басқа бір риуаятта: «Кім де кім парыз намаздарының артынан «Аятүл күрсіні» оқитын болса, келесі намазға дейін оны Алла қорғайтын болады»²³⁸, – деп, айтылған. Сондай-ақ, басқа бір хадисте Ғұқба ибн Амр былай дейді: «Алла елшісі (с.а.у.) әрбір намаздан кейін «Фалақ» пен «Нас» сүрелерін оқуымды бұйырды»²³⁹.**

Жоғарыдағы риуаяттардан байқағанымыздай, намаздан кейін зікір тартып, дұға тілеу – Алла елшісінің (с.а.у.) маңызды сүннеті. Ал, бұл айтылғандардың

²³⁷ Сахих Мүслім, 1-том, 418-бет. «Дәру Ихиа'ит-турасил-араби» баспасы, Бейрут.

²³⁸ Сүлейман ибн Ахмет ибн Айуб Әбіл-Қасым әт-Табарани, әл-Мұғжамүл-кабир, 3-том, 83-бет. «Мәктабуруз-заһраа» баспасы, 1983 ж.

²³⁹ Ахмет ибн Ханбал Әбу Абдиллаһ әш-Шайбани, Мұснаду Ахад ибн Ханбал, 4-том, 155-бет. «Муссисату Куртуба» баспасы, Мысыр.

намаз парызынан кейін немесе соңғы сүннеттен соң орындалатындығына қатысты мәзһаб ғұламалары арасында екі түрлі көзқарас бар. Алла елшісінің (с.а.у.) зікір мен дұға етуді білдірген кейбір хадистеріндегі «парыз намаздан кейін» деген сөзді негізге алған ханафиден өзге мәзһабтарда парыз намаздан кейін дереу зікір мен дұға айтылады. Ал, ханафи мәзһабының ғұламалары Мүслімдегі Айша (р.а.) анамыздан риуаят етілген: **«Алла елшісі (с.а.у.) намазда сәлем бергеннен кейін (шамамен) тек «Аллаһумма әнтас-салаам уа минкәс-сәлаам, тәбааракта на зәл-жәлаали уә-икраам» дейтіндей уақыт қана отыратын»** деген хадисті, сондай-ақ сахихул-Бұхариде Умму Салама (р.а.) анамыздан жеткені: **«Алла елшісі (с.а.у.) намазда сәлем бергеннен кейін әйелдер тұрып кететін. Ал, өзі аз ғана кідірістен кейін ғана орнынан тұратын»**²⁴⁰ сынды хадистерге қайшы келмеу жағын ескеріп, зікір мен дұғаны дереу парыздан кейін емес, ақырғы сүннеттен кейін жасау қажет деген тұжырымға тоқтаған. Себебі, зікір мен дұғаны парыздан кейін дереу айтылатын болса, жоғарыда Айша анамыздан риуаят етілген хадиске қайшы болмақ. Яғни, намаздан кейін айту – сүннет. «Аятүл күрсіні» немесе «Фалақ» пен «Нас» сүрелерін оқу, 33 рет «сүбханаллаһ», 33 рет «Алхамдулиллаһ», 33 рет «Аллаһу әкбар» және «Лә иләһә иллаллаһу уахдаһу лә шариика ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду

²⁴⁰ Сахихул-Бухари. 1-том, 296-бет. «Дәру Ибни Кәсир баспасы», Бәйрут, 1987 ж.

уа һуа алаа кулли шәйн қәдиир» сынды дұғаларды айту «Аллаһумма антас-салаам уа минкас-салаам, тәбааракта иа зәл-жәлаали уал-икраам» дейтіндей мезгілден көп уақытты алатындығы сөзсіз. Ал, Алла елшісі, Айша анамыз жеткізгендей, парыз намазынан кейін шамамен тек «Аллаһумма әнтас-салаам уа минкәс-сәлаам, тәбааракта иа зәл-жәлаали уал-икраам» дейтіндей уақыт қана отыратын.

Ендеше, Алла елшісі соңғы сүннеті бар парыз намаздарынан кейін *«Аллаһумма әнтас-салаам уа минкәссәлаам, тәбааракта иа зәл-жәлаали уаликраам»* дұғаларына шамалас қысқа зікірлерді айтқаннан кейін орнынан тұратын да мешіттің бір бұрышындағы бөлмесіне барып, намаздың соңғы сүннетін сонда оқитын. Артынан жоғарыда келтірілген, айтылуы ұзақ уақыт алатын зікір, дұғаларды оқитын. Ал, соңғы сүннеті жоқ «таң» мен «екінті» намаздарында Алла елшісі (с.а.у.) намаз оқып бола салысымен зікір айтып, дұға ететін. Алла елшісінің: *«Кім де кім таң намазын жамағатпен оқығаннан кейін күн шыққанша Алланы зікір етіп отыратын болса, содан кейін екі рәкағат намаз оқыса, толық қажылық пен ұмраның сауабын алады. Толық, толық, толық»*²⁴¹, – деген хадисі осы айтқанымызды нақтылай түспек.

Тарқатып түсіндірер болсақ, «Алла елшісі (с.а.у.) намазда сәлем бергеннен кейін тек «Аллаһумма әнтас-

²⁴¹ Мұхаммед ибн Иса Әбу Иса әт-Тирмизи, Суанут-тирмиз, 2-том, 481-бет. «Дарул-ихиаайт-турасил-араби» баспасы, Бәйрут.

салаам уа минкәс-сәлаам, тәбааракта иа зәл-жәлаали уал-икраам» дейтіндей уақыт қана отыратын», деп, келетін хадис ақырғы сүннеті бар парыз намаздарына байланысты айтылған, ал парыздан кейін сүннеті жоқ «таң» мен «екінті» намазына мұның қатысы жоқ.

Яғни, «Аятүл күрсіні» және 33 рет «Сүбханаллаһ», 33 рет «Алхамдулиллаһ», 33 рет «Аллаһу әкбар», «Лә иләәһа иллаллаһу уахдаһу лә шариика ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уа һуа алаа кулли шайн қадиир» сынды айтылуы ұзақ уақыт алатын зікір, дұғалардың «парыз намазынан» кейін айтылатындығын білдіріп келген кейбір риуаяттарды ханафи ғұламалары **соңғы сүннеті жоқ парыз намаздардан кейін**, деп, түсінген. Сондай-ақ, хадистердегі «парыз намазынан кейін» деген сөз тіркесі зікір мен дұғаның міндетті түрде парыз намаздан кейін айтылады, деп, жансақ ұқпау керек. Себебі, парыз намаздардың бекітілген сүннеттері сол намаздардың маңызды бөлігіне жатады. Себебі, бұл сүннет намаздар «тәһәжжүд», «сәске» намаздары секілді мақсаты өз алдына бөлек намаз емес, парыздардың алдында немесе артында бірге орындалады. Мысалы, «бес уақыт намазымды оқыдым» деген кезде, әдетте парыз намазбен қатар сүннеттері де оқылғандығы білдіріледі. Міне, сондықтан хадистердегі айтылуы ұзақ уақыт алатын дұғалардың «парыз намазынан кейін» оқылады дегенін ханафи ғалымдары сүннетімен бірге парыз намазынан кейін, деп, түсінген. Бұл жайлы

ханафи ғалымы ибн Ғабадин «Раддул-мұхтарда» былай дейді: *«Зікірлердің парыз намаздың артынан айтылатындығына байланысты жеткен хадистер олардың сүннет намазынан бұрын емес, керісінше соңғы сүннеттен кейін орындалатындығын білдіреді. Себебі, сүннет намаздар парыз намаздың ажырамас бір бөлігі һәм толықтырушысы. Сондықтан, парыз намаздың соңғы сүннетінен кейін орындалған зікір, дұғалар да парыз намазынан кейін орындалған болып саналады»*²⁴².

Сонымен қатар, ханафи ғалымдары ізгі амалдардың артынан айтылатын дұға-тілектерің қабыл болу мүмкіндігінің жоғары екенін ескере отырып, парыз намазды соңғы сүннетімен бірге орындағаннан кейін барып қана дұға-тілектің айтылғанын күп көрген. Себебі, парыз бен соңғы сүннет қоса атқарылғанда олардың маңызы арта түседі.

Байқағанымыздай, зікір мен дұғаны намаздың соңғы сүннетінен кейін айтуға қатысты ханафи мәзһабының қай жағынан алып қарасаң да иландыратын өз дәлелі болғандықтан оған «бидғат», деп, немесе «сүннетке қатысты нақты дәлелі жоқ», деп, асығыс «пәтуа» беру, әсте, дұрыс емес. Төрт мәзһабтың бірін ұстанатындар, әдетте, бір-біріне әрдайым құрметпен қараған. Әр мәзһабтың өзіндік шариғи көзқарасы мен дәлелі болғандықтан, бір-біріне түсінікпен қараған.

²⁴² Ибн Ғабадин Мұхаммед Амин ибн Омар, Хашияту ибн Ғабадин раддул-мұхтар ыала дуррул-мұхтар, 3-том, 424-бет. «Дарус-сақафати уат-турас» баспасы, Сирия, Дамаск, 2000 ж.

Алайда, бүгінгі таңда «мәзһаб үстанбаймын», деп, өздерін сәләфи деп атап жүргендер осындай ұсақ мәселелерді қайта-қайта қазбалап, жамағат арасына іріткі салып жүр. Олар өздерінің тиіп-қашып оқыған немесе жарым-жартылай естіген жартыкеш пайымын асыл дініміздің нақ өзі, өзегі деп, жансақ ұғады. Тар түсініктерін өзгелерге танып, басқаша түсінуге болмайтын Құранның анық аяты немесе Алла елшісінің нақты сүннеті, деп, біледі. Міне, сондықтан, олар өздерінен өзгеше ойлайтындардың бәрін бидғатшы көріп, оларға ту сыртын беретінін несіне жасырайық. Шын мәнінде, олар діннің қыр-сырына қатысты түрлі көзқарастың болатындығын қабылдамау арқылы өздерінің нағыз бидғатшыға айналғандарын өздері де сезбей қалады.

Бүгінде мешіттерімізде имамның жетекшілігімен намаз соңында тәспі тартылып, жамағатпен бірге дұға жасалады. Мұндағы мақсат – намаздан кейінгі зікір-дұғаларды әлі дұрыс біле бермейтін кейбір жандарға үйрету. Сондай-ақ, Алла елшісінің намаз соңындағы зікір, дұғаларға қатысты маңызды сүннетін орындауға аса мән бермей, елеусіз қалдыратындардың да қарасы көп екенін айта кету керек. Сондықтан, имам дауыстап тәспі тартуды өзі бастап, жамағаттың маңызды сүннетті орындауына ықпал етіп жүр.

Кейбіреулер жамағатпен зікір тартып, дұға етуді «бидғат» деп ойлауы мүмкін. Алайда, дінімізде бұған

ешқандай тыйым жоқ. Себебі, белгілі бір істі бидғатқа шығару үшін ол істің дінде ешбір негізі болмауы шарт. Ал, намаздан кейін зікір айтуды және жамағатпен дұға етуді шариғатымыз күптайды. Белгілі бір істі жамағатпен істеудің сауабы мол екенідігі дінімізде айтылған. Ендеше, жамағатпен тәспі тартып, дұға жасау «дұға жасаңдар», «зікір айтыңдар», деп, көпше түрде келген көптеген аят-хадистердің аясына кіргендіктен, шариғатқа қайшы емес.

Тағы бір ескере кететін жайт, мешітте парыз намазды оқығаннан кейін намаздың соңғы сүннетін үйден оқу, әрине, шариғатқа қайшы емес. Алайда, үй-жайымыз Алла елшісінің бөлмелері тәрізді мешіттің дәл іргесінде болса, бір сәрі. Онда үйден оқудың еш айыбы жоқ. Дегенмен, бірден жұмысқа кететінімізді ескерсек, сүннет намаздарды мешітте оқығанымыз жөн²⁴³.



²⁴³ Қ. Жолдыбайұлы, Дін мен діл

Жұманың алғашқы төрт рәкағат сүннет намазын оқуға қатысты қандай дәлел бар?

Ханафи, Шафиғи мәзһабтарында, сондай-ақ, Ханбали мәзһабындағы бір көзқарас бойынша, жұма парызының алдында төрт рәкағат сүннет намаз оқылады. Ал, Мәлики мәзһабында жұманың алдында бекітілген сүннет намаз болмағанымен, жалпы нәпіл намаз оқуға рұқсат бар.

Жұма намазының алдында сүннет намаз бар дейтіндер, ең әуелі, жұма намазының бесін намаздың орнына жүретіндігін алға тартады. Сондықтан, жұма намазындағы екі рет азан шақыру, хұтба оқу, парыз намазының төрт рәкағаттан екі рәкағатқа түсуі секілді арнайы шариғи дәлелдермен бекітілген ерекшеліктерінен бөлек өзге мәселелерде жұма намазы бесін намазы секілді оқылады.

Имам әл-Бухари өзінің сахих хадистер жинағында «Жұма намазының соңындағы және алдындағы сүннет намаздар» деп арнайы тарау арнағанымен, жұма намазының соңғы сүннетіне байланысты хадисті ғана келтіріп, ал алдыңғы сүннеті жайлы ешқандай хадистен дәлел келтірмеген. Оның орнына бесін намазының алды мен соңында оқылатын сүннет намаздары жайлы айтып кеткен.

Имам әл-Бухаридің бұлай етуінде жұма намазын бесін намазына «қияс», яғни салыстыруы жатыр. Яғни, бесін намазының алдында және соңында

сүннет намаздары болатыны секілді жұма намазының парызының да алдында және соңында сүннет намазы оқылатыны айтылған²⁴⁴.

Имам ән-Нәуауи өзінің Мүслім сахиһына қатысты жазған «әл-Минһаж» атты түсіндірмесінде: «бесіннің алдында оқылатын сүннет намазды жұманың алдында да оқу – сүннет», – деген.

عن علي قال كان رسول الله يصلي قبل الجمعة أربعاً وبعدها أربعاً

Әлиден (р.а.): «*Алла елшісі (с.а.у.) жұманың алдында және соңында төрт рәкағаттан намаз оқитын еді*» дегені риуаят етілген²⁴⁵. Бұл риуаяттың тізбегіне Хафиз Зәйнуддин әл-Ирақи «жәййд», деп, оң баға берген²⁴⁶.

Сондай-ақ, Алла Елшісінің (с.а.у.) жанынан бір елі ажырамаған ғалым сахаба Ибн Мәсғұдтың жұма намазының алдында һәм соңында төрт рәкағат намаз оқығандығы сахиһ жолмен риуаят етілген.

عن قتادة أن بن مسعود كان يصلي قبل الجمعة أربع ركعات وبعدها أربع ركعات

²⁴⁴ Бадруддин Әбу Мұхаммед Махмуд ибн Ахмет әл-Ғайни, Ғумдатул-Қаари шарху Сахиһил-Бұхари, 5-том, 126-бет. «Дарул-фикр» баспасы, Бәйрут, 2005 ж.

²⁴⁵ Сүлеймен ибн Ахмет ибн Айуб Әбіл-Қасым әт-Табарани, әл-Мұъжамул-әусат, 2-том, 172-бет. «Даарул-харамайн» баспасы, Каир, һижри 1415 ж.

²⁴⁶ Зәйнуддин Әбул-фадл Әбдірахым ибн әл-Хүсейни әл-Ирақи, Торхут-тасриб фи шархит-такрииб, 3-том, 36-бет. «Дарул-кутубил-илмия» баспасы, Бәйрут, 2000 ж.

Қадатадан (р.а.) *«Абдуллаһ ибн Мәсғүд (р.а.) жұманың алдында төрт рәкағат және соңында төрт рәкағат намаз оқитын еді»*²⁴⁷ дегені риуаят етілді. Ибн Хажар Асқалани бұл хабарды «сахих», деп, бағалаған. Тіпті, Әбдіразақтың мұсаннафында Ибн Масғұдтың жұманың алдында және соңынан төрт рәкағат сүннет намаз оқуды бұйыратындығы риуаят етілген. Ибн Масғұд Алла елшісінен (с.а.у.) жұма намазының алдында және соңында сүннет намаздар жайлы қандай да бір хадисті білгендігінен оқыған, деп, батыл топшалауымызға болады. Алла елшісінің ұдайы қасынан табылатын сахабаның жұма намазында оқылатын сүннет намаздарына қатысты әдетін Ибн Мұбарак, Сүфиянус-сәури сынды табиғиндер де ұстанған²⁴⁸.

عن نافع قال كان بن عمر يطيل الصلاة قبل الجمعة ويصلي بعدها ركعتين في بيته ويحدث أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يفعل ذلك

Нафиътан риуаят етілді. Ол былай деді: *«Абдуллаһ ибн Омар жұма намазының алдында намазды созып оқитын. Ал, жұма намазынан кейін үйіне барып, екі*

²⁴⁷ Әбу Бәкір Әбдіразақ ибн һұмам әс-Санъани, Мұсаннафу Әбдіразақ, 3-том, 247-бет. «Әл-Мәктабул-ислами» баспасы, Бәйрут, һижри 1403 ж.

²⁴⁸ Мұхаммед ибн Иса Әбу Иса әт-Тирмизи, Сунанут-тирмиз, 2-том, 401-бет. «Дарул-ихиаит-турасил-араби» баспасы, Бәйрут.

рәкағат намаз оқитын еді. Және ол (ибн Омар) Алла елшісі де (с.а.у.) осылай істейтін еді, деп, айтатын»²⁴⁹.

Имам Ән-Нәуауи өзінің «Әл-Хұласасында» Әбу Дәуідте риуаят етілген бұл хадисті Бухаридің шартына сай «сахих», деп, бағалаған²⁵⁰. Бұл риуаяттан жұма намазының алдында нәпіл немесе сүннет намазының оқылатынын аңғарамыз.

Бухаридегі риуаятта Алла елшісі (с.а.у.): «Әрбір азан мен қаматтың арасында (сүннет) намаз оқылады»²⁵¹, – деген. Басқа бір сахих хадисте: «Әрбір парыз намаздың алдында екі рәкағат намаз оқылады»²⁵², – деп, айтылған. Ибн Хажар жұма намазының алдында оқылатын сүннет намазға қатысты осы хадисті дәлел ретінде келтірген²⁵³. Ендеше, жұма намазының уақыты кіргеннен кейін Ханафи мен Шафиғи мәзһабындағыдай төрт немесе өзге кейбір мәзһабтағылардай екі рәкағат сүннет намаз оқып жатқан адамға «сенің мынауың бидғат», деп, қарсы шығу, әсте, дұрыс емес²⁵⁴.

²⁴⁹ Мұхаммед ибн Иса Әбу Иса өт-Тирмизи, Сунанут-тирмиз, 1-том, 294-бет. «Дарул-ихиаайт-турасил-араби» баспасы, Бейрут.

²⁵⁰ Әбу Закария Мұхитдин ән-Нәуауий, Хұлаасатул-ахқаам фи муһимматис-сунан уа қауаабидил-ислам, 2-том, 811-бет. «Муссисатур-рисала» баспасы, Бейрут, 1997 ж.

²⁵¹ Сахихул-Бұхари. 1-том, 225-бет. «Дәру Ибни Кәсир баспасы», Бейрут, 1987 ж.

²⁵² Мұхаммед ибн Хиббан ибн Мұхаммед, Сахих ибн Хиббан, 6-том, 208-бет. «Мұссатур-рисала» баспасы, Бейрут, 1992 ж.

²⁵³ Ибн Хажар Асқалани, Фатхул-Баари, 3-том, 351-бет.

²⁵⁴ Қ. Жолдыбайұлы, Дін мен діл-2.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Фикһ әрі хадис ғалымы Абдуллаһ ибн Махмуд әл-Маусули (хижри 599-683 ж), әл-Ихтияр литаълилия Мухтар, хадис сілтемелерін берген Шуъайб әл-Арнаут, «Дарур Рисәләтиль Ыаләмия», Дамаск, 2009 ж.
2. Хадис әрі фикһ ғалымы Зафар Ахмад әл-Ъусмани әт-Таһанауи, Иълә'ус-Сүннә, «Идәратуль Құран уәл-Ъулумуль Исләмия», Карачи.
3. Мұхаммад ибн Исмағил әл-Бухари әл-Жуғфи, Сахихуль-Бухари, «Дәру Ибн Кәсир», Байрут, 1993 ж.
4. Әл-Хафиз Ахмад ибн Али Ибн Хажар әл-Асқалан (773-852 хижри), Фатхуль Бари Бишархи Сахихиль Бухари, «Бәйтуль Әфқаруд Даулия», Иордания.
5. Муслим ибн әл-Хажжәж ән-Нисабури, Сахих Муслим, «Дару Ихя'иль Кутубиль Ыарабия».
6. Яхя ибн Шәрәф Әбу Зәкәрия ән-Нәуәуи, Шархун Нәуауий ыаля Муслим, «Дәруль Хайр», 1996 ж.
7. Әбуль Хасан Мұхаммад ибн Абдиль Һади әс-Синди (өл..хижри 1138ж.), Хашиятус Синдий алә Сахихи Муслим, «Даруль Әсәр лил-Бахсил Илми», Каир. 2011ж.
8. Нуруддин Али ибн Әби Бәкр әл-Һайсәми әл-Мысри (өл.хижри 807ж.), Мәжмәғуз Зәуә'ид, «Даруль Кутубиль Илмия», Бәйрут. 2001 ж.
9. Мұхаммад ӘнурШах ибн МуъзамШах әл-Кәшмири,

- Әл-Ғурфуш – Шәзи Шарху Сүнәнит Тирмизи, «Дару Ихия» ит Турасиль Араби», Бейрут. 2004 ж.
10. Доктор Абдулла ибн Абдил Мухсин әт-Турки, Әл-Маусуғатул Хадисия: Сүнәну әд-Даруқутни, Али ибн Умар әд-Дәруқутни (306-385 хижри). Тағлику Шуғайбиль Арнаут. «әр-Рисәлә» Бәйрут. 2004ж.
 11. Әш-Шәйх АбдульҒани әл-Ғаними әд-Димашқи әл-Майдани, әл-Лүбәбу фи шархиль Китаб, «әл-мәктәбәтуль илмия», Бәрут.
 12. Мұхаммад ибн Язид ибн Мәжә, (туған жылы хижри 209 ж), Сүнәну ибни Мәжә, «әл-Мәктәбәтуль Илмия».
 13. Шуруху сүнәни Ибни Мәжә, «Бәйтуль Ифкәруд Дәулия». Иордания.
 14. Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы, Ислам ғылымһалы, Алматы 2010ж.
 15. Шәйхуль Исләм Бурхануддин Али ибн Әби Бәкр әл-Мәрғинәни (өл.хиж. 593ж), Әл-Хидая: Шарху Бидаятиль Мүбтәди, «Дарус Сәләм». Каир. 2000ж.
 16. Имам әл-Хафиз, Әбу Дәуид Сүләймән ибн Әшғас әл-Әздий әс- Сижистаний (Хижри 202-275 ж), Сүнәну Әби Дәуд, «Дарур Рисәләтил Ғаламия», 2009 ж. Дамаск. Сілтемелерін берген Шуғайб әл-Арнаут.
 17. Әл-Имам Бәдруддин әл-Айни, Махмуд ибн Ахмад әл-Айнатабий әл-Халәби (.х.762-855ж), Нухабуль Әфкәр фи Тәнқиҳи Мәбәниль Әхбар фи Шархи

- Мағаниль Әсәр ЛильИмам Әбу Жағфар әт-Тахауи, «Идаратуш Шуунуль Исләмия», Қатар.
18. Әбу Әбдрахман Ахмад ибн Шуғайб ән-Нәсә'и (ө. 303 х), әс-Сүнәнұль Кубра, «Әл-Мүәссәсәтур Рисәлә».
 19. Мұхаммад ибн Исмағил әл-Бухари әл-Жуғфий, Қурратуль ғайнайн.
 20. Әл-Хаким ән-Нисабури Әбу Абдулла Мұхаммад ибн Абдулла, әл-Мустәдрак алас Сахихайн, «Даруль Кутубил Илмия», Байрут.
 21. Әт-Табарани Суләман ибн Ахмад Әбу Қасым (260-360х.ж.), әл-Муғжамуль Кәбир, «Мәктабату Ибни Таймия», Каир.
 22. Әл-Байһақи Ахмад ибн Әл-Хусайн ибн Али Әбу Бәкр (ө.х 458ж).
 23. Әл-Қазий Әбу Мухаммад Абдульуаһһаб әл-Бағдади әл-Мәликий, әт-Тадқин филь Фикһиль Мәликий, «Мәктәбату Назар Мустафа әл-Бәз», Рияд.
 24. Проф.Доктор Уәһбату әз-Зухайли, Мәумуғатуль Фикһиль Исләми уә Қазаяль Муғасыра, «Даруль Фикр». Дамаск. 2012 ж.
 25. Имам Зайлағи, Насбур Риуая.,
 26. Әс-Сәрәхси Әбу Бәкр Мұхаммад ибн Әби Сәһл, Китабуль Мәбсут, «Даруль Мағрифа», Байрут.
 27. Ибн Нүжәйм Зинуддин ибн Ибраһим ибн Мухаммад әл-Мысри әл-Ханафи (ө.970 х.ж), Бахрур Раи'ик Шарху Кәнзуд Дәқа'ик, «Даруль Кутубиль Илмия»,

- Байрут. 1997 ж.
28. Әш-Шарнәбуләли Әбу Бәракат Хасан ибн Аммар, Нуруль Изах.
 29. Имам Ахмад ибн Мухаммад ибн Ханбәл ибн Ниләл ибн Әсәд, Муснәдуль Имами Ахмад, «Дару Ихя әт-Турас», 1993 ж.
 30. Ибн Әби Шайба Хафиз Имам Абдулла ибн Мұхаммад (ө. 235 х.ж.), «Дарут Таж», 1989ж.
 31. Ибн Қудама: Абдулла ибн Ахмад ибн Мұхаммад, әл-Муғни, «Даруль Китабуль Араби».
 32. Қайрат Жолдыбайұлы, Дін мен Діл, «Дәуір», Алматы. 2010 ж.
 33. Әл-Кәсани Алауддин Әбу Баракат ибн Мәсғуд (587 ө.ж.х.), Бадаиғус Санаиғи фи тәртибиш Шараиғи, «Дараль Кутубиль Илмия». Байрут. 2003ж.
 34. Әл-Имам Алимұль Мадина Мәлик ибн Әнәс, әл-Муатт.
 35. Мухаммад Насруддин Әлбани, Тәмәмул-минна фит-га'лиқ ала фикһус-сунна.
 36. Әбу Бәкр ибн Исхақ ибн Хузайма ән-Нисабури әл-Хафиз, Сахиху ибни Хузайма.
 37. Абдул Хамид Махмуд әт-Тахмаз, әл-Фикһуль Ханафи фи Саубиһиль Жәдид, «Даруль Қалам», Дамаск. 2009 ж.
 38. Е.Ыбырайым, Н.Сайлауұлы, Намаз оқып үйренейік, Алматы, 2013ж.
 39. Мұхаммад Әмин әш-Шәһир би Ибни Ғабидин,

Раддуль Мухтар аял Дурриль Мухтар шарху Тәнуириль Әбсар, «Дару Аләмил Кутуб». Әр-Рияд. 2003ж.

40. Мустафа әл-Ғадуи, Жамиғуль Ахқамун Ниса.
41. Мұхаммад Алауддин ибн Мұхаммад Әмин Ғабин әд-Димашқи әл-Ханафи (1828-1888 ж.м.), «Дару ибн Хазм».

МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
Азан мен қамат.....	9
Намазға ниет ету.....	14
Құбылаға бет түзеу.....	16
Ифтитах (намазға бастау) тәкбірі және Қиям.....	19
Ифтитах тәкбірінде қолды иыққа дейін көтеру жайында.....	25
Қиям.....	27
Намазда қолды тек ифтитах тәкбірінде ғана көтеру мәселесі.....	28
Рүкүфқа барғанда қол көтеру жайында айтылған хадисті Ханафи мәзхабы неге қабыл етпеген?.....	34
Намазда қолды кіндіктен төмен байлау.....	37
Неге кейбір мұсылмандар намазда қолды көкірек тұсына байлайды?.....	40
Намазда аяқ арасын қаншалықты ашып ұстау керек?.....	43
Намазда талтайып тұру қайдан шыққан?.....	48
«Сәнә» дұғасы	51
«Әғузу» мен «Бисмилла».....	53
Намазда «бисмилланы» айту мәселесі.....	53
Қиямда Құран оқу (қырағат).....	56

Имамға ұйыған кісі де іштей Құран оқи ма?.....	61
«Әмин» дұғасы.....	66
Рүкүф жасау	73
Сәжде	78
«Әттәхият» отырысы	85
Намаз отырысында саусақты көтерудің жөн-жоралғысы	94
Екі жаққа сәлем беріп намазды аяқтау	102
Үтір намазы	104
Әйелдердің намаз оқу ерекшеліктері	108
Әйелдердің ифтитах тәкбірі	110
Әйелдің қол байлауы	111
Әйелдің рүкүфі мен сәждесі	111
Әйел кісінің «тәшәһһуд» отырысы	113
Дұғадан соң бет сипау дұрыс па?	115
Тәсбихті сүннет намазынан кейін тарту қате ме?	117
Жұманың алғашқы төрт рәкағат сүннет намазын оқуға қатысты қандай дәлел бар?	124
Пайдаланылған әдебиеттер	128

ДӘЛЕЛ-ДӘЙЕКТЕРІМЕН НАМАЗ ОҚУ ҮЛГІСІ

(Ханафи мәзһабы бойынша)

Абдусамат ҚАСЫМ

Редакциялагандар:
Алия МАМБЕТБАЕВА,
Асылбек НОҒАЕВ,
Құдайберді БАҒАШАР

Корректоры:
Айдос ИМАНТАЙ

Көркемдеуші дизайнер:
Дәурен ШІЛДЕБАЕВ

Тапсырыс № Таралымы